

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

ДЖУМАЛИЕВА Л.Т.

ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМЫ

(1917-2000 Ж.Ж.)

(ОҚУ ҚҰРАЛЫ)

АҚТАУ-2011 ЖЫЛ

УДК 94 (574)

ББК 63.3 (5ҚАЗ) - 7

Қ 18

Ш.есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг Университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР: НҰРЫМБЕТОВА Г.Р.,С.Ғ.Д., ПРОФЕССОР

АУАНАСОВА А., ТАР.Ғ.Д., ПРОФЕССОР

ҚАРАМАНОВА М.С., ТАР.Ғ.К., ДОЦЕНТ

Қ 18 қазақстан мәдениетінің даму тарихы және тағылымы (1917-2000 ж.ж.):

Оқу құралы /құрастырған - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Л.Т.Джумалиева - ақтау, 2011 ж.,- 79 бет.

Isbn 978-601-7276-63-8

Оқу құралында 1917-2000 ж.ж. Аралығындағы қазақстанның даму тарихы және тағылымы туралы қарастырылады. Сонымен қатар, білікті мамандарды дайындау және ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы жайлы айтылады. Оқу құралы тарих мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға арналған.

УДК. 94 (574)

ББК 63.3 (5қаз)-7

ISBN 978-601-7276-63-8

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ

КІРІСПЕ

Қазіргі республика мектептеріне білім беру және тәрбиелеу теориясы жөнінде бағыт нұсқаушы материалдармен қатар, өткен мұраларға барынша мұқият қарап, бүгінгі күн талабына сай талдап, оның ішінен пайдалы ілімдерді ала білу ұлттық мектептер үшін аса қажет шарттардың бірі. Бүгінгі таңда республикамызда «Қоғамның жаңару жағдайындағы ұлттық мектептердің» қалыптасуы мен даму тарихын зерттеудің мәні орасан зор.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Инновациялық білім арқылы экономикалық білімге» атты дәрісінде: «Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енудің негізгі міндеті жоғары мамандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін-өзі басқара алатын және білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асыру мүмкін» деген болатын.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында құзырлы орта білім берудің мақсаты ретінде «...терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: "«Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет екендігін атап өтті. Біз осы саланы мемлекеттік қолдаудың толымды бағдарламасын қалыптастыруымыз керек. Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі-еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек" -деп атап көрсеткен еді.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен туған бұл бағдарлама біздің қоғамның мәдени және рухани жаңғыруында басты орын алады. Ол жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақстандықтардың әлеуеті мен бағыт-бағдарын танытатын жоба. Бұл жаһандану тепкісіндегі постиндустриалды ғасырда мәдени тұтастануды жүзеге асыру үшін өткенге деген қызығушылықтың өткірлене түскенін көрсетеді.

Абайдан басталған қазақ мәдениетіндегі тың сарын ХХ ғасырдың бас кезінде әрі қарай жалғасты. Дүниежүзілік техникалық және демократиялық прогресс Азия орталығына жете бастады. Ұлттық идея темір тордағы халықты толғандырып, оны азаттық үшін күресуге ұмтылдырды.

ХХ ғасырдың басында қазақтан шыққан алғашқы саяси қайраткерлердің бірі Міржақып Дулатов қазақ халқының манифесі – «Оян, қазақ!» өлеңін жариялады. Ол тұңғыш рет халықты ашық күреске шақырған ұран тастады: «Қазақстаннан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын: Еуропаның пролетариясы үшін қанды жас төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқы мазлұм күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа

халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер». Ең алдымен мәдени тоқыраудың себебін М.Дулатов бодандықтан көреді.

Шексіз сахара қазақ мәдениетін көптеген жылдар бойы сыртқы жаулардан қорғаштап, өзіндік ерекшеліктерін сақтауға себебін тигізді. Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов пен Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді алаштың арыстары өз күресінде халқының ғасырлық мұпасынан қашанда күш-қуат алып отырды. Қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған алып тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынды. Сондықтан да Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға қосқан үлестері, ұлт болашағы үшін әр бағытта атқарған ерлік істері мәңгілік халық жадында сақталады. 1937-1938 жылдардағы ұлттық интеллигенцияға қарсы жүргізілген жаппай жазалау саясаты, сондай-ақ Кеңес үкіметі кезінде тоталитарлық идеологияның орын алуының нәтижесінде ұлт зиялылары «халық жаулары» атанғаны баршамызға аян.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясында халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі негізгі бағыттардың бірі ретінде ұсынылған.

Осы игі істердің барлығы Елбасының жүргізіп отырған көреген саясатының нәтижесінде жүзеге асырылды. Осы бағыттағы бірден-бір шешуші фактор «Қазақстан-2030» стратегиясы бойынша білім беру жүйесіне ерекше мән беріліп, жауапты міндет ретінде егемен еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосар білімді, мәдениетті жастарды тәрбиелеу болып табылды. Осы бағыттағы айтуға тұрарлық еңбектерінің бірі- еліміздің талантты да алғыр жастарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқытып алуға жол ашуы болды.

Елбасының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында да білім мен ғылымды дамытуға қойып отырған талабы аса биік. Жоғары білім беру саласында еңбек рыногының қажеттіліктерін қанағаттандыратын жоғары білім сапасының деңгейіне көшу көзделіп отыр. Әсіресе, Астана қаласында бой көтерген халықаралық деңгейдегі жаңа «Назарбаев университеті» білім-ғылымның жаңа биігіне, сапасы бөлек байтақ әлемге айналғалы тұр. Сонымен қатар, республиканың басқа да білім ордалары дүниежүзілік деңгейде білім беруді қалыптастырып, Отанына қызмет ететін жастардың ой-санасын өсіріп, білім-білігін арттыруды мақсат тұтады.

Бүгінгі таңдағы білім, ғылым және мәдениетті жаһандандыру кезінде, Қазақстан тәуелсіз елге айналып, өз мәдени мұраларын жандандырып отырған шақта, жас ұрпақтың бойында адамгершілік пен ізгілікті қалыптастыру, Отанын, туған жерін сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

I тарау. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1917-1945ж.ж.)

1.1. Халық ағарту мәселелерін шешу.

Қоғам өмірін қайта құрудың большевиктік бағдарламасында халыққа білім беру ісіне, мәдениет пен ғылымның мәселелеріне айтарлықтай орын берілген. Билік басына келместен көп бұрын В.И.Ленин мен оның пікірлестері әрбір ұлттық мәдениетте екі мәдениеттің – бұқара халық мәдениеті мен қанаушылардың, буржуазияның мәдениеті бар екенін, әдебиеттің партиялық болуға тиістігін, ал мектеп ісін ұлтына қарай бөлуге жол берілмейтінін ашық түрде мәлімдеді. Ресейде мемлекеттік билікті басып алғаннан кейін, большевиктер өздерінің мәдени жобаларын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндік алды. Олар жаңа мәдениет құрылысының мазмұны мен бағытын ұлт аймақтарында да уысынан шығармады.

XX ғасыр басындағы Қазақстанда ағарту ісі мен халықтың сауаттылық деңгейі мәдениет саласының мейлінше артта қалған және берекесі қашқан учаскесі болып табылды. Ел тұрғындарының басым көпшілігі не оқи, не жаза алмады, миллиондаған балалар мектептен тыс қалды, педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі өткір сезілді. Сондықтан большевиктер халық ағарту саласында кешенді және батыл шараларды жүзеге асыра отырып, ұлттық аймақта екі толағай мақсатқа жетудің ізіне түсті: біріншіден, сауаттылық пен білімнен шеттетілген қарапайым адамдардың сұранысын өтей отырып, олардың құрметі мен сеніміне ие болу мүмкіндігін жібермеді, екіншіден, білім беруді кеңейтумен қалың көпшілікке беймәлім маркстік-лениндік идеологияны еңбекші халық санасына сіңіріп, социалистік қоғамның теориясы мен практикасын өмірге енгізді.

Алғашқы кезде өлкедегі әліпбилік сауаттылық мектептері мен курстары депутаттар Кеңесінің, революциялық комитеттердің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың шешімдерімен және зиялы қауымның немесе сауатсыздардың бастамаларымен ашылды.

1917 жылы қараша айында Әулиеатаның жұмысшы және солдат депутаттарының қалалық кеңесі сауат ашу мектептерін ұйымдастыру мүмкіншіліктерін зерделей отырып, қажетті қаражат бөлуді ұйғарды. 1918 жылдың бас кезінде осындай мектептер тиісінше оқу-материалдық жағдайлары мен санаткерлік күштері бар Верный, Семей, Ақмола және басқа да елді мекендерде ашылды. 1918 жылы жазда Кеңестердің Жетісу облыстық революциялық органы «Заря свободы» газеті Верный мұғалімдер Одағының «барлық жастағы сауатсыз азаматтар мен азаматшаларға арналған бес мектеп және шамалы оқи және жаза білетіндерге арналған бір мектеп» ашылсын деген қаулысына өз бетінен орын берді. Оқу жұмыстан бос уақытта және оқығысы келетіндердің өздерінің келісімімен ыңғайластырылатын болады, деп көрсетілген мақалада [1].

Кеңес өкіметінің нығаюымен әліпбилік сауатсыздықты жою үрдісі ұйымдасқан және жүйелі сипат ала бастады. Бұған ең алдымен Түркістан АССР Халық ағарту комиссариатының және Қырғыз революциялық комитеті

жанынан мектеп бөлімінің құрылуы игі ықпал етті. Сауатсыздықты жоюдың мақсаты мен міндеттері, оның мазмұны Түркістан республикасы Халық ағарту комиссариатының қалалар мен селоларда ересек тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жою жөнінде курстар ұйымдастыру туралы (1918ж. 26 шілде) Ережесімен және Түркістан Республикасы Кеңестері ОАК-нің ересек адамдар үшін міндетті оқуды енгізу туралы (1919 ж. 3 желтоқсан) Декретімен мейлінше анық белгіленді. Оның үстіне қос құжат та Мәскеудегі үкіметтің осы істегі негізгі құжаты – РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы (1919 жылғы 26 желтоқсан) Халкомкеңес Декретінен хронологиялық жағынан бұрын қабылданды.

Халық ағарту комиссариатының Ережесі бойынша «әрбір жерде және селода» курстар ұйымдастыру көзделді. Курстар ересек адамдарды оқи және жаза білуге үйретумен шектеліп қалмауға тиіс деп есептелді. Олардың мақсаты сауаттылықтан басқа: б) жалпы дамыту, жалпы білім беру; в) Отанның өндіргіш күштерін дамыту ісінде нақ сол жерде елеулі маңызға ие болатын қандай да бір кәсіпті үйрету; г) клуб, хор, театр және сол сияқтыларды ұйымдастыру арқылы эстетикалық және қоғамдық сана-сезімді дамыту екені баса көрсетілді. Курстардың оқу жоспары жалпы білім беретін пәндерден (оқу және жазу, арифметика, табиғаттану, бухгалтерия және тағы басқа), арнайы сабақтардан (етікшілік, киім тігетін, столярлық, слесарлық, ұсталық кәсіп және т.б.), сондай-ақ өнертану, өлең, сурет, драмалық шығармаларды оқып-үйренуден тұрды. Идеологиясыз да болмады. Тыңдаушыларды саяси экономия, революциялық қозғалыстар мен саяси партиялар тарихының социологиясын оқып үйренуге жүктеді.

Дегенмен, Түркістан Республикасы Кеңестерінің ОАК Декреті өмірден алшақ тұруымен әрі тым қаталдығымен ерекшеленеді. Ол 17-ден 50-ге дейінгі жастағы барлық азаматтарды, қалалықтар үшін 6 ай, ал селолықтар үшін 9 ай ішінде, сауатын ашып, хат тануға міндеттеді. Белгіленген мерзім аясында сауатын ашпағандардың барлығы жұмысынан айырылады, деген Декрет сөздері кімді болсын сескендірді.

Міндетті оқудан жалтарғандар «кәсіподақ мүшелері қатарынан шығарылып, жоғарғы санаттағы өндіруші категориясынан төменгіге ауыстыру» түрінде жазаланатыны ескерілді [2]. Әрине, Декреттің жазалау туралы баптары қағаз жүзінде қалды. Өйткені, мемлекеттің алға қойылған мақсатты атқару үшін не қаржысы, не материалдық құралдары, не кадрлық әлеуеті болмады. Сонымен қатар саужой жұмысына азамат соғысы мен шетел интервенциясы қатты кедергі жасады, оның барысында оқу орындарының ғимараттары қиратылды, білім беру белсенділері мен ұйымдастырушылардың қатары сиреді. Мәселен, республика бойынша 260 мыңнан астам шаруашылық талқандалды, 50 % -дан кем емес тұрғын үйлер мен қызметтік құрылыстар қиратылды.

Бейбіт өмірге көшу саужой науқанын жандандырды. 1920 жылы маусым айында Қырғыз революциялық комитеті Халық ағарту бөлімінің, сол жылдың қыркүйегінде Кирревкомның өлкеде сауатсыздықты жою жөніндегі шаралар туралы нұсқауы мен бұйрығы шықты. Көп кешікпей сауатсыздықпен күрес

жүргізу жөнінде төтенше комиссиялар құрыла бастады. Бірнеше айдың ішінде Қостанай губерниясының төтенше комиссиясы 347 мектеп, Орал губграмчекі 328 бастауыш сауужой мектебін ашты. Оларда 653 сауужой қызметкері 15 мыңнан астам адамды оқытты. Қостанайда сауатсыздықты жою күні өтті, оған барлық топтар мен драма үйірмелері жұмылдырылды. Әрбір спектакль басталар алдында «Сауатсыздық жойылсын» тақырыбымен митинг ұйымдастырылды. Осы және басқа да іс-шаралардың арқасында 1920-1921 оқу жылы республика бойынша 72,0 мың адам оқу мен жазуды үйренді [3]. Алайда, кейінгі жылдары хат танығандар саны күрт түсіп кетті. «Себебі - аштық, делінген 1922 жылы 8 шілдеде жазылған ресми құжаттардың бірінде, бірде-бір сауужойлық қызметкер атқарған жұмысына не көк тиын ақы, не азық-түлік паегін алмады». Тек қана 1924-1925 оқу жылында сауужой жұмысының өрлеуі байқалды. Оған аштықты жеңу мен шаруашылықтағы табыстар ғана емес, 1924 жылдың басында «Сауатсыздық жойылсын» Бүкілодақтық қоғамының қазақ бөлімшесін құру да себеп болды. Қоғам сауатсыздықты жою «біркүндіктерін», «үшкүндіктерін», «айлықтарын» ұйымдастырды, кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

1925 жылы «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының мүшелері 40 мың адамнан асты, олардың тікелей қатысуымен сауатсыздықты жоюдың 110-ға жуық пункті ашылды. Әйелдер арасындағы жұмысқа зор назар аударылды. Біртіндеп хат танығандардың саны өсті. Егер 1922-1923 оқу жылында әліпбилік сауатты 4,1 мың адам меңгерсе, 1926-1927 оқу жылында 43,6 мың адам меңгерді. Республика халқының сауаттылық деңгейі 1920 жылғы 14,4 пайыздан 1926 жылы 25,2 пайызға дейін көтерілді [4].

Жастар мен комсомолдар сауатсыздықпен күрестің белсенді қатысушылары болды. Олардың бастамасы бойынша 1928 жылы мәдени жорық басталды, оның негізгі міндеті сауатсыздықты, ішімдікке салынуды жеңіп шығу, тұрмыс мәдениетін нығайту болып жарияланды. 1930 жылы мәдени жорыққа 5 мыңға жуық комсомол-мәдениармияшылар қатысты. Республика комсомолы соғысқа дейінгі бесжылдықтар ішінде сауужой жұмысына өз қатарынан 65 мың адам бөлді [5].

30-жылдардың екінші жартысында тұрғындары жаппай сауатты алғашқы кәсіпорындар, ұжымшарлар мен аудандар пайда болды. Түрксіб, Балқаш мыс қорыту комбинаты, Шымкент қорғасын зауыты, Қарағанды көмір бассейні сияқты индустрия алыптарының жұмысшылары оқуды да, жазуды да үйренді. 1937 жылы іс жүзінде республиканың барлық комсомолы сауаттанды. Әліпбилік сауаттылық проблемаларын ойдағыдай шешуге халықтың білімге деген орасан зор құлшынысы көмектесті. Қарапайым еңбекшілер мектептер мен сауужой пункттерінің құрылысына, оларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиетпен, жазу құралдарымен қамтамасыз етуге қол ұшын берді. Саужой науқанының барысы мерзімді баспасөз беттерінде кеңінен жазылды. 1939 жылы 50 жасқа дейінгі Қазақстан халқының сауаттылығы 83,6 пайызды құрады [6].

Қараңғылықтың толық жойылуына Ұлы Отан соғысы кедергі болды.

Халықтың жаппай сауатсыздығын жою қоғамның барлық өмірін мемлекеттендіру, мәдениет пен жеке адамға саяси-идеологиялық өктемдікті орнату жағдайында өтті. Мәселен, 20-жылдардың соңында қазақ жазуы араб графикасынан латыншаға, ал он жылдан кейін латыншадан қазіргі кириллицаға ауыстырылды. Нәтижесінде бір адам амалсыздан бастауыш сауатын үш рет ашуына тура келді. Әрине, мұндай жүктемеге әркімнің шыдам күші жете бермейді. Латын графикасына ауысу асқан қажеттілік емес екенін кезінде А. Байтұрсынов дәлелдеген болатын. Алайда тоталитарлық режим маманның жанайқайын тыңдауды қажет деп есептемеді. Мұның сыртында 1931-1933 жылдардағы алапат аштық бүкіл сауужой жұмысының шырқын бұзды.

Тұтастай алғанда, Ұлы Отан соғысына дейін хат танымайтын 3 миллионға жуық жанның әліпбилік сауатын ашу, іркілістер мен саяси науқаншылыққа қарамастан, Қазақстандағы жаңа мәдениет құрылысының оң нәтижелерінің бірі болып табылады. Сауатсыз адамды оқуға және жазуға үйрету ұзақ іс емес, бар болғаны бірнеше айды қажет етеді. Ол Қазақстан жағдайында тым созылып кетті. Өйткені, біріншіден, сауатсыздар мейлінше көп болды, екіншіден, соғыс, аштық, педагогикалық кадрлардың жетіспеуі, құралдардың, оқулықтардың тапшылығы, асығыс жасалған әліпби реформалары сияқты себептермен бірнеше рет үзіліп қалды. Саужой жұмысының табысы көп жағдайда көпшіліктің бастамасы және ынта-жігерімен анықталды. Социализм құру тұсында мектеп ісін ұйымдастыру да өзгеше көзқарас пен ұстанымдарды талап етті. Жалпы атап өту керек, нақ мектеп білімі бойынша большевиктердің тыңғылықты бағдарламасы болды. К.Цеткиннің айтуынша, «халыққа білім беру революцияны, ал революция халыққа білім беруді» білдірді.

Мектептік білім берудің жаңа жүйесін құру ең алдымен салаға мемлекеттік басқарудың бұрынғы құрылымын өзгертуден басталды. Кеңестер мен олардың халыққа білім беру бөлімдері кезінде халық училищелерінің инспекциясы атқарған функцияларды өздеріне алды, дін басылар тәрбие мен білім беру ісіне араласу құқығынан айрылды. «Бірыңғай еңбек мектебі туралы» БОАК-нің 1918 жылғы 16 қазандағы Ережесіне сәйкес бұрынғы бастауыш училищелердің, гимназиялардың, реалдық училищелердің және басқа да оқу орындарының орнына 2 сатыдан тұратын бірыңғай еңбек мектебі бекітілді; біріншісі, 8-ден 13 жасқа дейінгі балаларға арналса, екіншісі, 13-тен 17 жасқа дейінгі балаларды қамтыды. «Аз ұлттар мектебі туралы» 1918 жылғы 31 қазандағы қаулысымен Халық ағарту комиссариаты «Россия Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасында тұратын барлық ұлттар бірыңғай еңбек мектебі мен жоғары мектептің екі сатысында да өзінің ана тілінде оқытуды ұйымдастыру құқығын пайдаланады» деп жариялады.

Мектепте білім беру мәселелері өлкеде 1917 жылдың соңында – 1918 жылдың басында өткен Кеңестердің барлық деңгейдегі съездерінде талқыланды. Бұл жұмыс азамат соғысы мен шетел интервенциясы жағдайында да жалғасты. Қабылданған шаралар балаларды оқумен қамтуды біраз жақсартуға мүмкіндік берді. 1914-1915 оқу жылында 2011 мектеп жұмыс істеп

тұрса, 1920-1921 оқу жылында республикада 2410 мектеп болды. Негізінен 1-ші сатының мектептері ашылды. Оқушылардың саны артты. Қиыншылықтар да аз емес еді. Мәселен, ЖЭС жылдары мектептерді ұстау жергілікті бюджетке берілгендіктен бастауыш сынып оқушыларының саны 1921-1922 оқу жылындағы 172 мыңнан 1922-1923 оқу жылында 114 мыңға дейін, 1923-1924 оқу жылында 138 мыңға дейін кеміді. 1924-1925 оқу жылы мектеп жасындағы қазақ балаларының 12%-ы ғана 1-ші саты мектептерімен қамтылды [7]. Мәселені көшпелі және жартылай көшпелі жерлерде негізгі типтік мектеп мекемесі боп жарияланған және «орасан зор кеңістікте шашырай орналасқан ауылдар мен қыстақтарда тұратын қазақ кедейінің балаларына мектеп оқуын жатақханамен қосу арқылы коммунистік бағытты білім мен тәрбие алуға мүмкіншілік беруге тиіс» коммуна мектебін құру да шешкен жоқ.

Мектептегі білімді дамыту қажетті материалдық-техникалық базаның жоқ болуымен және мұғалім кадрлардың жетіспеушілігімен тежелді. Ақмола губерниясынан келген құжаттардың бірінде «Мектептер ауылдық жерде ыңғайлы ғимаратты жиі таппайды, төбесінде тесігі бар және ешқандай жиһазы мен оқу құралдары жоқ аянышты жеке меншік тоқал үйлерде қысылысады, ... мұғалім ретінде бұрынғы діни мұғалімдер мен сауаты шамалы азаматтардың шақырылуы жиі болып тұратын жағдай» деп айтылған.

1920-жылдардың соңына қарай мектепте білім беру жеткілікті шешілмеген күйде қалғаны бадырайып көзге түсті. Ол халық шаруашылығын индустриализациялау қисынына қарама-қайшы келді, жаппай сауатсыздықты жою ісіндегі азды-көпті нәтижені жоққа шығарды, сауат ашуды меңгермеген жастар еңбектің индустриалды салаларына кіре алмады. Мәселен, 1929 жылы мектеп жасындағы балалардың тек 40 пайызы 1-ші сатының мектептеріне барды. Ең төмен көрсеткіш қазақ және өзбек балаларында -21 пайызы тараншы және дұнған балаларында тиісінше 34 және 33 пайыз, орыстарда -60 пайыз және татар балаларында - 65 пайыз байқалды. Шұғыл шараларды қабылдау қажеттігі туды [8].

1930 жылы 27 тамызда жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды республикада енгізу туралы Қазақстан ОАК мен Халком кеңесінің қаулысы жарияланды. Көшпелі халқы бар аудандарда жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды 8 жастағы балалар үшін 1931 жылдың көктемінен бастау көзделді. Бастауыш мектеп жасынан асып кеткен 11-ден 15 жас аралығындағы балаларды оқыту жеделдетілген түрде: екіжылдық және біржылдық мектеп-курстар негізінде жүзеге асырылатын болды. Халық комиссарлары кеңесінің жанында жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу жөніндегі Комитет жұмыс істеді. Осы такілеттес комитеттер жергілікті жерлерде құрылды. Комсомол жалпыға бірдей бастауыш оқуды қамқорлығына алды, мектеп үйлерін жөндеуді ұйымдастырды, балаларды аяқ киіммен, ертеңгі ыстық аспен қамтамасыз етуді қолға алды. Сенбіліктер мен жексенбіліктер, мәдени күштерді педагогикалық жұмысқа жұмылдыру, жалпыға бірдей оқудың барысын тексеру жөнінде жорықтар өткізілді. Оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер басып шығару ұлғайды. Халыққа білім беру ісіне жұмсалатын қаржы өсті.

30-жылдардың соңына қарай жалпыға бірдей бастауыш оқуды жүзеге асыру іс-жүзінде аяқталды. 1937 жылы балаларды бастауыш оқумен қамту деңгейі 96 пайызға жетті. Ұлы Отан соғысы қарсаңында республикада 7,5 мыңнан астам мектеп жұмыс істеді, соның ішінде 5,2 мыңы бастауыш, 1,7 мыңы толық емес орта мектептер еді. Оларда 1 миллионнан астам бала, оның 628 мыңы 1-4 сыныптарда, 372 мыңы 5-7 сыныптарда, 62 мыңы 8-10 сыныптарда оқыды. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуға жататын мектеп жасындағы балалардың 98,9 пайызы оқумен қамтылды [9].

Сонымен бірге мектептегі оқу ісіне бірсыпыра ірі кемшіліктер де тән еді. Тоталитарлық режим мектептерді ресми саясаттың сөзін екі етпейтін және идеологияланған ұрпақты тәрбиелеудің құралына айналдырды. Оқулықтардың мазмұны, пионер және комсомол ұйымдарының қызметі оқушылардың сана-сезімі мен мінез-құлығына сталинизмнің догмаларын ұялатты, кеңестік еместің бәрін жек көрушілік рухында тәрбиеледі, партияның саясаты мен идеологиясын соқыр сеніммен қабылдауға машықтандырды. Алашордашылар немесе «халық жаулары» ретінде жазаланған А.Байтұрсыновтың, С.Асфендияровтың, С.Сейфуллиннің, Х.Досмұхамедовтың және тағы басқа кітаптары оқу жоспарларынан алынып тасталды. 30-жылдардың басындағы аштық, қазақ ауылдарындағы ойран, зиялы қауымға қарсы ұйымдастырылған қуғын-сүргін ұлттық мектептер үшін трагедияға айналды. Тек 1935-1936 оқу жылында алғашқы 11 қазақ баласы толық орта мектепті аяқтады. Келесі оқу жылында олардың саны әрең дегенде 40 адамға жетті [10].

Мұғалімдердің көпшілігі толық емес орта біліммен жұмыс істеді, ол да оқудың сапасын көтермеді. Жыл сайын толық орта емес және орта мектептердегі оқушылардың төрттен бірі күзгі қайта емтихан тапсыруға қалдырылды. «Кадрлар бәрін шешеді» ұранды науқанның қызған кезінде мектептегі білім берудің функционалдық міндеті сыңаржақ түсіндірілді. Мәселен, БКП (б) Қазақ Өлкелік комитетінің пленумы «Мектеп туралы» (қаңтар, 1937 ж.) қарарында «қазақ мектебін нығайту және дамыту жөніндегі барлық жұмыс таяудағы екі-үш жылда техникумдар мен жоғары оқу орындарына қазақ контингенті мен қазақ орта мектебін бітіріп шыққандарға қажеттілігі қазіргі уақытта орын алып отырған айырмашылықты жою мақсатына бағынышты болуы керек» деп ерекше атап көрсетті. Ұлы Отан соғысы жылдары мектеп құрылысының проблемалары мен қиыншылықтары барынша шиеленісті. Жоғарғы сынып оқушыларының бір бөлігі Қызыл Армияның қатарына шақырылды немесе оқуды тастап, майданға кеткен әкелері мен ағаларын жұмыс орнында алмастырды.

1943-1944 оқу жылында орта мектептегі оқушы-қазақтардың саны соғыстың алдындағы жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық қысқарды. Мектептерді оқулықтармен, оқу құралдарымен, дәптер және басқа да керекті жабдықтарымен қамтамасыз ету нашарлады. Балалардың қаңғыбастығы мен панасыздығы кеңінен етек жайды. Соғыс мектеп мұғалімдерінің материалдық жағдайын нашарлатты.

Қазақстанның кеңестік мектебін жасақтау революцияға дейін қалыптасқан болар-болмас негіз бен алғышарттарды ішінара пайдалану арқасында жүрсе,

жоғары білім ісінде тырнақ іліктілер мұндай мүмкіндік болмады. Патша заманынан қалған мардымсыз педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық орта оқу орындары өлкенің мамандарға сұранысын мүлдем қанағаттандыра алмады. Сондықтан кәсіптік оқу орындарын ұйымдастыруға большевиктер қабылдаған нақты іс-шаралар жергілікті халықтың көңіл қалауына дөп келді және Қазақстандағы жаңа режимнің нығаюына қолайлы жағдай туғызған факторларды күшейтті.

1918 жылы наурыз айында Верный қаласында жұмысшы, солдат, шаруа депутаттарының Жетісу облыстық кеңесінің қаулысымен бар болғаны 22 адамы бар Жетісу ауыл шаруашылық училищесі ашылды. Біраз уақыттан кейін Жетісу облыстық Білім Комиссариаты Верный қаласындағы мұсылман мұғалімдер семинариясын 1918 жылы 10 қарашада ашуға дайындықтың аяқталғаны туралы хабарлады. Училищенің құрылымында екі дайындық және бір негізгі сынып құру көзделді. «Неғұрлым мұқтаж 60 оқушыға стипендия берілетін болады», деп көрсетілді хабарламада [11].

1919 және 1920 жылдары Орынборда, Ордада және Семейде халық ағарту институттары шаңырақ көтерді. Мұнда орта арнайы білімді мұғалім кадрлары дайындалды. Кәсіптік оқу орындарында оқығысы келетіндер жеткілікті еді. 1919 жылы қазақ жастарының бір тобы Қырғыз революциялық комитетіне өздерін Орынбордың үш жылдық мұсылман мұғалімдер курсының стипендиаттары деп тағайындау жөнінде өтініш білдірді. Қырғыз революциялық комитеті оң шешім шығарды және өз мүшелерінің бірі С. Меңдешевке «мұғалімдер курсының жағдайымен танысуды» тапсырды [12].

Кәсіптік оқу орындары желісінің кеңеюі барысында жалпы біліми дайындығы әлсіз жергілікті жастардың жоғары оқу орындары мен техникумдарға арналған бағдарламаны меңгеруге шамасы келмейтіні анық байқалды. Студенттердің осы санаты үшін жұмысшы факультеттері ашылды. Қазақстанда тұңғыш жұмысшы факультеті 1921 жылы Орынборда құрылды. Кеңес өкіметінің алғашқы он жылдығының соңына қарай республикада маман кадрларды 24 техникум дайындады, соның ішінде 14-і педагогикалық және 7-і ауыл шаруашылық мамандығы бойынша еді. Бұлардағы 3,5 мың оқушының 37,8 пайызы қазақ жастары болды [13].

Кәсіптік оқу орындарын ұйымдастыру ісінде жинақталған тәжірбие, сондай-ақ экономика мен мәдениеттің маман кадрларға сұранысының өсуі толыққанды жоғары оқу орнын ашуды мейлінше талап етті. 1928 жылы 10 маусымда Халық комиссарлар кеңесі педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық үш факультеті бар Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Университет жалғыз ғана педагогикалық факультетпен 1928 жылғы қазан айында ашылды. Факультеттің үш бөлімшесінде 124 студент оқыды және 9 оқытушы жұмыс істеді. Басқа екі факультет үшін педагогтар мен студенттерді жинаудың сәті түспеді. Сондықтан 1930-1931 оқу жылында университетті Қазақ педагогикалық институты етіп (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет) қайта ұйымдастыруға тура келді. Көп кешікпей Алматы малдәрігерлік (1929ж.), Қазақ ауыл шаруашылық (1930ж.), медициналық (1931ж.), Орал педагогикалық

(1932ж.) институттарының ашылуы болды. 1934 жылы 19 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) физика-математика және биология факультеттерінде тұрақты сабақтар басталды. 54 студентке дәрістерді 5 профессор мен 10 доцент оқыды.

Республикада соғыс қарсаңында 20 жоғары және 118 орта арнайы оқу орындары бар еді, ал оларда 40 мыңнан астам студент оқыды. 12 жұмысшы факультетінде 2,8 мың адам жоғары оқу орындарына түсу үшін дайындалып жатты. Маман даярлап шығару да өсті. Егер 1931 жылдың аяғында ҚазПИ-ді бітірген алғашқы 53 түлек жоғары білімі жайлы диплом алса, екінші бесжылдықтың соңына дейін осы жоғары оқу орнының қабырғасынан 500-ден астам білікті маман өсіп шықты.

Кәсіптік оқу орындары өнеркәсіп пен құрылыс, көлік пен байланыс, ауыл шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру мен өнер үшін мамандар даярлай бастады. Тек қана 5 жыл ішінде (1936-1940 жж.) жоғарғы оқу орындары мен техникумдар 24 мыңнан астам маманды халық шаруашылығына аттандырды [14]. Алайда ұсыныстан сұраныс басым еді. Білікті мамандардың тапшылығы барлық жерде материалдық-өндіріс салаларында да, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымда да сақтала берді. Сондықтан Қазақстанға жыл сайын Москвадан, Ленинградтан, Украинадан, Өзбекстаннан және басқа да республикалардан жас мамандар жіберілді. Жоғары мектептің ең өткір және шешілмеген проблемасы профессор-оқытушылар мен студенттер құрамында қазақтардың баяу өсуі алаңдатпай тұрмады. Жоғары оқу орындары мен техникумдардың көптеген қызметкерлері Сталиннің жеке басына табынудың құрбаны болды.

Соғыс жоғары мектептің қалыпты тіршілігін өзгертті. Россия мен Украинаның бірнеше жоғары оқу орындары эвакуациямен Қазақстанға келді, Қазақ тау-кен және ауыл шаруашылық институттарының, Қазақ мемлекеттік университетінің құрылымы жаңа бөлімшелер, факультеттер, кафедралар мен зертханалар ашу есебінен кеңейтілді. Оқу-тәрбие процесі соғыс уақытының талаптарына сәйкес қайта құрылды. Қазақстанға көрнекті ғалымдардың үлкен тобының келуі республиканың ғылыми әлеуетінің нығаюына қолайлы жағдай туғызды: олардың басшылығымен 130 кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды.

Соғыс жылдары Алматы шет тілдер институты (қазіргі Абылайхан атындағы халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеті), Шымкент құрылыс материалдарының технологиясы институты, Қазақтың мемлекеттік дене тәрбиесі институты, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты ашылды. Соғыстың соңғы жылдарында бірнеше жоғары оқу орындарының, әсіресе техникалық және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының кейбір санаттарының білікті мамандары мен студенттерін Армия қатарына шақыру шектелді, уақытша жабылған жоғары оқу орындары – негізінен мұғалімдер институттары қалпына келтірілді. 1945 жылы республиканың жоғары және орта арнаулы оқу орындарында 45 мың адам оқыды [15].

Сөйтіп, Кеңес өкіметінің ширек ғасыры ішінде Қазақстанда халыққа білім берудің жаңа жүйесі қалыптасты. Саны және халықты қамтуы бойынша республиканың оқу орындары революцияға дейінгі кезеңнің көрсеткіштерін бірнеше есе басып озды. Халық ағарту ісінің жетістіктеріне мектепке дейінгі және мектептен тыс мекеме желілерін, кәсіптік-техникалық мектептерді, ФЗУ мектептерін, фабрика-зауыт жеті жылдықтарын құруды да жатқызуға болады. Большевиктер білім беру проблемасын бірсыдырғы шешті, алайда үрдістің маңызды жағын жойдасыз саясаттандырып жіберді.

Тәрбие мен оқудың басына олар партиялық-таптық принципті қойды. Халықтың педагогикалық жетістіктері мен талап-тілектері ұлттық мектеп тіршілігінен алыс қалды. Қазақстандағы жоғары оқу орындарына әлемдік озық тәжірибе жете бермеді. Жалпы адамзаттық құндылықтардан оқшаулану білім беру жүйесіндегі оралымдылық пен икемділікті әлсіретті.

1.2. МӘДЕНИ- КӨПШІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ

Ғасырлар бойы қалыптасқан әрі өндіріс құрал жабдықтарына жеке меншікке негізделген қоғамдық қатынастарды түбегейлі қирату, мүлде жаңа әлеуметтік-саяси және идеологиялық ахуал орнықтыру мен басқа да қайта құрулар бұқараның санасы мен рухани әлемінде лайықты өзгерістер жүргізуді талап етті. Бұл міндетті шешу үшін халықты аса көп мөлшерде қамтығанына қарамастан сауатсыздықты жою мен мектептегі білім беруді ұйымдастыру әрдайым жеткілікті бола бермеді.

Олар өзінің міндеті және жүзеге асыру мерзімі жағынан шектеулі еді. Оның үстіне ешбір күш бірнеше айдың ішінде ересек адамның, оның үстіне сауатсыз адамның түсінігін төңкеріп тастауға, жасөспірімді тарихи материализм категорияларымен ойлауға, партия мен үкімет жүргізіп отырған саясаттың байыбына барып, үйретуге қабілетті емес. Большевиктер мұны жақсы түсінді. «Саяси жеңіске бірнеше аптаның ішінде жетуге болады. Соғыста бірнеше айдың ішінде жеңіске жетуге болады. Ал осындай мәдени жеңіске жету үшін істің шын мәнісінде мүмкін емес. Бұл жерде әлде қайта ұзақ мерзім керек және осы тым ұзақ мерзімде өз жұмысын шамалай отырып, неғұрлым табандылық, қайсарлық пен жүйелілік көрсете отырып, бейімделу керек» деп жазды В.И. Ленин. Сондықтан еңбекші халықты мәдени қайта дүниеге әкелудің, оның социалистік сана-сезімін қалыптастырудың шешуші факторы болып білім берудің мектептен тыс жүйесі – клубтар, кітапханалар, мұражайлар, оқу үйлері мен басқа да мәдени мекемелер танылды. В.И. Ленин кеңес өкіметінің алғашқы жылдары «бүкіл өмірді қайта құру үшін мектептен тыс білім беру қажет» деп мәлімдеді.

Революцияға дейінгі Қазақстанда мәдени-ағарту мекемелерінің желісі өте жұтаң болды. 1914 жылы өлкеде 98 мың дана кітап қоры бар 139 кітапхана, 2 драма және комедия театры, 3 мұражай, бірнеше киноқондырғы бар еді [16]. Байырғы халық өзінің рухани қажеттіліктерін даланың ақын, сері, сал, күйші, жыршы сияқты зиялы қауым өкілдерімен бейресми және тікелей қарым-қатынас жасау арқылы қанағаттандырды. Жаңа өкімет алдымен мәдени ағарту мекемелерін қоғамдастыру жөнінде шара қабылдады. 1918 жылдың басында

Жетісу облыстық Атқару комитеті кітапхана ісі бойынша баяндама тыңдап, барлық қоғамдық кітапханаларды ұлт меншігіне алып және «оларды білім беру мүддесі үшін қажет халық игілігі» деп жариялау жөнінде қаулы қабылдады.

1918 жылдың сәуір айында Қостанай уездік кеңесі «кинематография барлық шаруашылық аппаратымен» ұлт меншігіне алынды деп жариялады [17]. ҚазССР-ы құрылғанға дейін мәдени-саяси шаралармен депутаттар кеңесі мен олардың құрылымдық бөлімшелері айналысты. Кейіннен бұл жұмыс учаскесін Халық ағарту комиссариаты өз қолына алды. Депутаттар кеңесі сияқты Республиканың Халық ағарту комиссариаты да партияның нұсқауларын жүйелі түрде жүзеге асырумен болды.

Отарлық жағдайда мәдени-рухани тұрғыдан тоналған өлке большевиктер мен олардың үкіметтік құрылымдарының халықты мәдениеттің барлық байлығына тартуға көмектесуге дайын екендіктері туралы мәлімдемесін шын ниетімен қабылдады. Жергілікті зиялы қауым мен қарапайым адамдар мәдени-ағарту мекемелерін құруды реті келсе өз қолдарына алды. Айталық, 1917 жылғы 27 желтоқсанда Ақтөбе уезінің Мәртөк кентінде зиялы қауым мен шаруалардың қолдауымен мәдени-ағарту үйірмесі өз жұмысын бастады. 1918 жылғы 1 қаңтарда үйірме мүшелерінің саны 30 адамға жетеді. Олар екі секцияға бірікті: 1) ағарту секциясы және 2) ойлы-парасатты көңіл көтеру секциясы. Үйірме мүшелері кітапхана ашты, спектакльдер қойды. 1920 жылы Қостанай уезінің білім беру қызметкерлерінің съезі «Әрбір мектептің жанынан оқу үйлерін ашу мүмкіндігі бар» деп тапты [18].

Мектептердің жанынан мәдени-ағарту мекемелері екі себептен ашылды. Біріншіден, мәдени-ағарту саласында мамандардың жетіспеушілігі білініп тұрды. Бұл мекемелерде арнайы дайындалған кадрлардың жоқтығынан жұмысқа мұғалімдер тартылды. Екіншіден, мектеп жанында кітапханалар мен оқу үйлерінің болуы оқырмандардың ынталы тобына кітаппен қызмет көрсету міндетін жеңілдетті.

Мектептен тыс білім беру жүйесінің кеңеюі өлкенің экономикалық жай-күйімен тығыз байланыста болды. Мысалы, 20-жылдардың басындағы шаруашылық күйзелісі мен қаржы дағдарысының арты аштыққа ұласты, көптеген мәдени-саяси ошақтар өмір сүруін тоқтатты немесе мәдениет мекемелерін қаржыландыру ең төмен деңгейге қысқартылды. Тіпті аштық жағдайында кейбір губернияларда мәдени-саяси жұмыстарды толықтай тоқтату жөнінде мәселе қойылды. ҚАССР-ның Бас саяси ағарту комитетінің 1921-1922 жылдарға арналған есебінде «Саяси-ағарту жұмысының салалары бірінен соң бірі мемлекеттік жабдықтаудан алынды, жұмыстың қалған салалары іс-жүзінде қаражат алмады немесе төтенше аз ғана мөлшерде алды» деп айтылды.

1921-1923 жылдар аралығында мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі 2 есе қысқарды. Мәдени-саяси білім беруді ұйымдастырудағы жандану 1924 жылы басталды. Ол ең алдымен экономикалық табыстардан туындады. Республикада 1928 жылы 488,3 мың кітап қорымен 236 кітапхана, 810 клуб мекемесі, 92 киноқондырғы, 6 мұражай жұмыс істеп тұрды [19]. Әділдігінде мектептен тыс білім беру мекемелері бей-берекет емес, өлкедегі шаруашылық құрылысы мен этнодемографиялық ахуалды ескерумен ашылғанын атап өту керек. Көп ұлтты

елді мекендерде қазақтарға, орыстарға немесе кейбір азшылық ұлттарға арналған оқу үйлері, кітапханалар немесе клубтар құрылды. Көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарда негізгі назар жылжымалы мәдениет мекемелерін ұйымдастыруға аударылды. Мәселен, 1925 жылы Қостанай уезінде 31 орыс және 19 қазақ оқу үйлері, 5 орыс және сонша жылжымалы қазақ мектептері, орталық губерниялық және 4 уездік кітапхананың қазақ әдебиеті бөлімшелері дүниеге келді.

1926 жылы ҚАССР Халық ағарту комиссариатының алқасы жанынан аз ұлттар кеңесі ұйымдастырылды. Кеңестің міндеті ұлттар арасында орыс және қазақ тілдерінен басқа білім беру ісіне басшылықты жүзеге асыруды және осы іс-шараларды аз ұлттардың тілдік және тұрмыс ерекшеліктеріне қарай бейімдей отырып, Халық ағарту комиссариатының бөлімдері арқылы аз ұлттардың арасында өз шешімдері мен іс-шараларын өткізуді көздеді. Кеңес 1926 жылы алғашқы отырыстарының бірінде аз ұлттар арасындағы білім беру ісіндегі жұмыс туралы мәселе қарады. Саяси-ағарту жұмыстарын жүргізудегі кемшіліктер көрсетілді, әсіресе өзбек, тараншы және дұңғандарға арналған мектеп пен саяси-ағарту мекемелері желісінің шектеулігі ерекше атап көрсетілді.

1927 жылы Кеңестердің Ақмола губерниялық съезінде аз ұлттар делегаттары өкілдерінің мәжілісі аз ұлттардың әрбір ірі елді мекенінде оқу үйін немесе қызыл бұрыш ашуға, Петропавл қаласында аз ұлттардың клубын құруға шешім қабылдады [20]. Отырықшы емес халық, атап айтқанда қазақтардың арасында, мәдени-көпшілік және идеологиялық жұмыстар жүргізу үшін қызыл киіз үйлер, жылжымалы кітапханалар, киноқондырғылар, қызыл керуендер пайдаланылды. Олар ауылдан ауылға көшіп жүрді, мәдени-саяси іс-шаралар халыққа медициналық қызмет көрсетумен байланыстырылды. Әлеуметтік-таптық белгілері бойынша мәдени-саяси білім беру ошақтарын ұйымдастыру едәуір табысты жүрді: жұмысшылар мен шаруалардың клубтары, шаруалар мен диқандар, малшылар үйлері, қызыл армияшыларға арналған мәдениет мекемелері, әйелдер клубтары құрылды.

Алғаш рет шаруа және малшы үйі 1922 жылы пайда болды. Осы үйдің міндетіне ауыл, село адамына қалада болған кезінде мәдени-саяси қызмет көрсету енді. Семей қаласының шаруа және малшы үйінің құрылымына кинотеатр, мұражай, кітапхана, клуб кірді. Мұнда лекциялар оқылды, әңгімелесулер, жиналыстар өткізілді. Әдетте лекциялар саяси сауаттылық немесе ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша оқылатын. Кітапханадағы кітап қоры ауыл шаруашылық әдебиетінің 10 мың томын құрады.

Мұражай губернияның дәнді дақылдар топтамасымен, топырақ пен тыңайтқыштардың, ауыл шаруашылығы зиянкестерінің, минералдардың нұсқаларымен назар аудартты.

1924 жылғы 8 айдың ішінде ғана Семейдегі шаруа және малшы үйінде 14 мыңнан астам келушілер болған екен. 1925 жылы 8 наурызда Жаркент қаласында К.Цеткин атындағы әйелдер клубының салтанатты ашылуы болды. Клубтың жанында анықтама бөлімі, балалар консультациясы, пішу және тігу шеберханасы, кітапхана бар еді, үш сауужой мектебі мен «сауатсыздық

жойылсын» қоғамының ұялары жұмыс істеді. Сол жылдың жазында РКП(б) Өлкелік комитеті барлық губерниялық комитеттерге әйелдердің қызыл киіз үйлерін ұйымдастыру жөнінде нұсқаухат жіберді. «Әйелдердің қызыл киіз үйлерінің мақсаты – ең алдымен әйелдер арасындағы саяси-ағарту жұмысы және оларды қызыл киіз үйлердің төңірегінде ұйымдастыру, сондай-ақ партияның, кеңес өкіметінің саясатын түсіндіру, оның жүргізілуіне көмектесу және қазақ әйелдерін социалистік құрылысқа тарту болып табылады» - деп, көрсетілген әйелдердің болыстық қызыл киіз үйлері туралы Ережеде [21].

Мәдени-ағарту мекемелерінің мәртебесі бірдей болған жоқ. Уездік, қалалық мәдениет ошақтары көбірек болды. Губерниялық мектептен тыс білім беру мекемелерінің желісі біртіндеп көбейтілді. 20-30 жылдары жалпы ұлттық мәртебесі бар мәдени-ағарту орталықтары ашылды. Қазақ АССР-ның орталық өлкелік мұражайы 1929 жылы Қызылордадан Алматыға көшірілді. 1931 жылы Қазақстанның мемлекеттік көпшілік кітапханасы құрылды. 1938 жылы кітапхананың кітап қоры 1 миллионға жуық дана кітапты құрады. Орталық мұражайдың жәдігерлері толықтырылды. 1936 жылы ғана КСРО Халком кеңесі жанындағы өнер істері жөніндегі Бүкілодақтық комитеті қаулысымен Қазақ ССР Орталық мұражайы үшін сыйлыққа Мемлекеттік Третьяков галереясы мен КСРО-ның Мемлекеттік мұражайынан 627 сурет пен жәдігерлер бөлінді [22].

Мәдени-саяси білім беру жүйесінің қызметі әрқашан уағыздық сипатта жүрді. Шынында да 20-жылдардың ортасына дейін оларда шығармашылық еркіндік пен ашықтық элементтері аз да болса сақталды. Мысалы, 1921 жылы республиканың көптеген аймақтарын аштық жайлады, мәдениет ошақтары өздерінің күштері мен мүмкіндіктерінің шамасына қарай ашыққандарды құтқару үшін күреске қосылды. Атап айтқанда, саяси білім беру Бас басқармасының күш салуымен «аштық» көрмелері ұйымдастырылды. Көрмелер Ташкент темір жол жүйесі бойында түсірілген Кирростың фотосуреттерінен құрастырылды. Көркемдік плакаттар аштықтың көлемін сандар арқылы безендірді. Сапасы төмен жасанды тағам өнімі үлгілері қойылды, оларды халық тұтынды. Бір көрме 1921 жылы желтоқсанда Мәскеуге Кеңестердің Бүкілресейлік IX съезіне жіберіліп, онда ең толық және сәтті болды деп атап өтілді, съезден кейін Алманияға (Германияға) жол тартты. Екіншісі Орынбор мен Семейде көрсетілді. Орынбор көрмесіне барған АРА өкілінің өтініші бойынша кейбір экспонаттар Америкаға жіберілді. Үшінші көрме Ташкентте ашылды. Сонымен қатар саяси білім беру Бас басқармасы ашыққандарға көмек апталығын, ашыққандарға көмек берудің екі апталық тексерістерін ұйымдастырды, аштық туралы үнпарақтар шығарды, халыққа арнап радиодан сөйледі, жер-жерде аштықпен күрес жүргізуді ұйымдастыру жөнінде өкім берілді [23].

Әміршіл-әкімшіл жүйенің толық орнығуымен мектептен тыс мекемелер мүлде басқа позиция ұстады. Күштеп ұжымдастыру мен қолдан жасалған аштық жылдары барлық клубтар мен кітапханалар колхоз өндірісі артықшылықтарын дәріптеумен айналысты, социалистік құрылыстың қарсыластарын белсенді түрде «әшкереледі», «ұлы идеяға» адал болуға шақырды.

1934 жылы 4 сәуірде «Казахстанская правда» газеті облыстық кітапхана меңгерушілері мен облыстық Халыққа білім беру бөлімінің саяси-ағарту жұмыстары жөніндегі Өлкелік бірінші кеңесінің мәдениет қызметкерлеріне арнаған үндеуін жариялады. Үндеудің авторлары өз әріптестерін партияның XVII съезі ұсынған міндеттерді оқырмандардың игеріп кетуіне көмектесе отырып, Маркстің, Лениннің, Сталиннің шығармаларын жұмысшылар мен колхозшылардың көпшілік топтарына белсенді түрде оқыту жөніндегі жұмысты ерекше бөліп қарауға шақырды. XVII съездің шешімдерін неғұрлым кең насихаттау үшін оқу залдарында, колхоздарда, қызыл бұрыштар мен жатақханаларда «Правда», «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттерін дауыстап оқудың әрбір бескүндігін ұйымдастырды.

Мәдени-саяси білім берудің мазмұны ғана емес, формасы мен әдістері де өзгеріске ұшырады. Мәдениет ошақтарының желісі енді-енді құрылып, ал қазақ халқының негізгі көпшілігі көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтымен жүрген 20-жылдары мектептен тыс білім беру жылжымалы мекемелері бірінші кезекте қандай да бір мереке, маңызды оқиға, жәрмеңке тәрізді адамдар көп мөлшерде жиналуы күтілген жерлерге жіберілді. Қазақ шаруасының отырықшылыққа көшуіне байланысты 30 - жылдары партиялық сценарий бойынша жұмыс істеуге дағдыланған тұрақты мәдениет ошақтарының ролі мен маңызы өсті. Бір сөзбен айтқанда, тоталитарлық режим дегеніне жетті, клубтар, кітапханалар, мұражайлар мен басқа да мәдени-ағарту мекемелері бұқараны идеялық-саяси қайта тәрбиелеудің пәрменді құралына айналды.

Мектептен тыс білім берудің бұл жүйесі Ұлы Отан соғысы қарсаңында біршама тармақталды: бүкіл республика бойынша 4 мыңдай көпшілік кітапхана, 5 мыңнан астам клуб мекемелері, 1,3 мың тұрақты және жылжымалы киноқондырғы болды. Мемлекет оларды ұстап тұру үшін едәуір қаржы бөлді. Тек қана алғашқы бес жыл ішінде ҚазАССР Мемлекеттік көпшілік кітапханасының бюджеті екі есеге жуық өсті. 1938 жылы республиканың саяси ағарту желісін ұстауға 17,1 млн сом босатылды [24]. Бұдан басқа осы мақсатқа ұжымшарлар мен өндірістік кәсіпорындардың материалдық және қаржы көздері пайдаланылды. Тиісінше халықты мектептен тыс біліммен қамту өсті.

Мәселен, 1920 жылы Жетісу облыстық көпшілік кітапханасының 570 оқырмандары болса, 20 жылдан кейін Қазақ ССР Мемлекеттік көпшілік кітапханасы оқырмандардың саны 143 мың адамға жетті. Тек бір Ақтөбе облысының кітапханалары 1938 жыл ішінде 390 кітап көрмесін, оқу үйлері 1362 кітап көрмесін ұйымдастырды. Облыстық саяси білім беру мекемелері 4817 баяндамалар мен дәрістер, 26,6 мың әнгімелесулер, 4,8 мың дауыстап оқу шараларын өткізді. 940 үйірме, оның 810-ы саяси, 66-ы қорғаныстық, 43-ы дінге қарсы үйірме жұмыс істеді, үйірмелерге тұрақты қатысушылар 7000 адамнан артық болды [25].

Еңбекші халыққа мәдени-саяси білім беру жүйесінде клубтар, кітапханалар, оқу үйлері жалғыз болған жоқ. Большевиктер баспасөзге орасан зор маңыз берді. Олар революцияға дейінгі уақытта-ақ билікті қолдарына алысымен өздеріне қарсы газеттер мен журналдарды жабатынын жасырмады. Солай болып та шықты.

1917 жылы 27 қазанда ХКК Баспасөз туралы Декрет қабылдады, онда буржуазиялық баспасөз қауіптілігі жағынан бомба мен пулеметтен кем еместігі айтылды. Баспасөз туралы Декрет жаңа құрылысқа қарсы басылымдармен күрестің тұтас бір дәуірін ашты. Түркістан Өлкелік Халық комиссарлар кеңесі 1917 жылы 12 желтоқсанда «Туркестанский вестник» газетін жапты және «фактілері ашықтан-ашық жалақорлық бұрмалау жолымен талас-тартыс туғызғаны үшін... жұмысшы мен шаруа үкіметін құлатуға ашық қарсылық көрсетуге шақырғаны, жұмысшы және шаруа үкіметінің баспасөз туралы Декретін бұзғаны үшін» баспахананы тәркіледі. Осыған ұқсас шаралар «Қазақ» (Орынбор), «Сары арқа» (Семей), «Свободная степь» (Павлодар), «Друг народа» (Өскемен) және басқаларына қолданылды. Эсерлер мен меньшевиктер және «Алаш» ұйымдарына тиесілі баспаханалар мен қағаз қорларын тәркілеу Верный, Ақмола, Қостанай, Петропавл, Семей, Павлодар қалаларында жүргізілді [26].

Баспа туындыларының әр алуандығы баспасөздің большевиктік бірізділігімен алмастырылды. Жаңадан ұйымдастырылған газеттер мен журналдар ең алдымен кеңестердің, большевиктік партия мен комсомол ұйымдарының комитеттері атынан шығарылды. 1921 жылдан бастап облыстық партия комитетінің «Степная правда» (қазіргі «Казахстанская правда»), «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Қызыл Қазақстан» (қазіргі «Ақиқат»), «Известия» (қазіргі «Мысль») шыға бастады. Жарияланымдардың идеялық-саяси бағыт-бағдары жоғарғы партиялық инстанцияның бақылауында болды. 1925 жылы РКП (б) ОК мен Сталиннің өзі тікелей Алаш партиясының белсенділері мақалаларын және РКП(б)-ның кадр жұмысындағы өрескел кемшіліктерін әшкерелеген материалдарды өз бетінде берген Сырдария губерниялық партия комитетінің органы «Ақ жол» газетін өткір сынға алды. 1927 жылы Қазақ Өлкелік Комитетінің Секретариаты «редакцияның ескертуінсіз және комментарийсіз жалпы редакциялық тәртіппен ұлтшылдардың мақалаларын орналастырғаны» үшін «Жаңа мектеп» журналын саяси тұрақсыздықпен айыптады [27].

Партияның сара жолынан ауытқығаны байқала қалса, баспасөз басшылығы дереу большевиктерге қалтқысыз берілген адамдармен жаңартылды. 1940 жылы Қазақстанда 38 журнал, оның 9-ы қазақ тілінде және 336 газет, оның 126-ы қазақ тілінде, шығып тұрды. Өткен 12 жылдың ішінде мерзімді баспасөз атауының саны 10 есеге жуық көбейді [28].

Соғыс жылдары еңбекші халыққа мәдени-саяси білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасы мен кадр әлеуеті қатты әлсіреді. 4 жыл ішінде республиканың мәдени-ағарту мекемелерінің 1621-і жабылып қалды. Көптеген кітапханалар мен клубтардың ғимараттары әскери және халық шаруашылығы қажетіне пайдаланыла бастады. Біраз газеттер мен журналдарды шығару тоқтатылды. 1946 жылы республика бойынша 24 журнал мен 267 газет бар еді [29].

Мектептен тыс білім беру мекемелері соғыс басталғаннан кейін өз жұмысын қайта құрды. Алдыңғы қатарға әскери-саяси және жаппай-қорғаныстық проблемалар шықты. Клубтар мен кітапханалардың жанынан

«Санитарлық қорғанысқа дайын», «Әуе шабуылы және химиялық қорғаныс» (ПВХО) үйірмелері құрылды. Алғашқы жылы-ақ Оңтүстік Қазақстан облысының мәдени-ағарту мекемелеріндегі үйірмелерде 2721 ПВХО значокшылар дайындалды [30]. Баспасөз қазақстандықтардың майдандағы және еңбектегі ерліктерін ғана емес, кеңес халқының жат жерлік басқыншылармен күрес тарихын, көрнекті қолбасшылардың өмірі мен тағдырын кеңінен насихаттады. Соғыс жылдары мәдени-саяси ағарту жүйесі өз міндетін абыроймен атқарып шыға алды.

1.3. ҒЫЛЫМ

Революцияға дейін Қазақстанда ғылым мемлекеттік саясаттың объектісі және қамқорлығында болмады. Ол жартылай ресми, көбінесе қоғамдық негіздегі үйірмелерге, бөлімдерге, комитеттерге немесе қызығушылықтары бойынша қоғамдарға біріккен энтузиастардың шағын топтары қызметінің арқасында дамыды. Бұлардың қол жеткізген теориялық және эмпирикалық нәтижелері өлкенің экономикасы мен рухани ілгерлеуінде шешуші рөл ойнамады, жергілікті халықтың көп бөлігі үшін бейтаныс болып қала берді.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын мемлекеттік басқару және ғылыми кадрларды ұйыстыру ісіне Кирревком, кейінде Қаз АССР Халық ағарту комиссариаты жүзеге асырды. Мәселен, 1919 жылы орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінде жұмыс тәжірибесін жинақтаған өлкетанушылар тобы Қазақ әскери комиссариаты штабындағы тарих-статистика бөлімі жанынан тарих, этнография, жаратылыстану-география секцияларын құрды. Кейін 20- жылдардың белгілі тарихшысы А.П.Чулошников айтқандай, тарих-статистика бөлімі міндетіне өлкені әскери жағынан ғана зерттеу емес, оны жан-жақты зерттеп, ғылыми жолмен алынған мәліметтерді дәріс, мақала түрінде насихаттау да кірді.

Халық ағарту комиссариатының құрылуымен ғылым ісімен оның ғылыми комиссиясы айналысты. Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің қызметі кеңейді. Бұрынғы секцияларға тағы бір археологиялық секция қосылды. Аз уақыттың ішінде тарих секциясы орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің музейінде сақталған архивтік материалдарды қалпына келтірді. Археологиялық секция 150-дей қорған ашты. Оның кейбірі қазылды. Этнографиялық секция қазақ ою-өрнектерінің үлгілерін жинаумен айналысты. Көптеген қазақ ертегілерін жазып алды. Жаратылыстану-география секциясының экспедициясы Бердянка өзенін зерттеді [31]. Жиналған тәжірибе және ғылыми ізденістерінің кеңейген ауқымы 1920 жылы құрамында төрт секциясы бар Қазақстанды зерттеу қоғамының құрылуына әкелді. Сол жылы ғылыми-педагогикалық және физика- медициналық қоғамдар өз жұмысын бастады.

1921 жылдың күзінде Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімі Академиялық орталық болып қайта құрылды. Академиялық орталықтың құрамындағы маңыздылары Мемлекеттік ғылыми кеңес (ГУС) және Мемлекеттік суреткерлік кеңес (ГОХС) еді. Ғылым және оның проблемалары Мемлекеттік ғылыми кеңестің, Көркем мәдениет мәселесі Мемлекеттік

суреткерлік кеңестің қарамағында болды. Академиялық орталық ғылыми, оқу, ағарту және көркем қызметтің жалпы теориялық және бағдарламалық жағын басқарды [32]. Өлкенің ғылыми өміріндегі айрықша құбылыс 1921 жылы Өлкелік Орталық архивтің құрылуы болды. 20-шы жылдары Денсаулық сақтау халық мұрағаттың комиссариаты және Жер халық комиссариаты жүйелерінде алғашқы ғылыми мекемелер пайда болды.

Мәселен, 1922 жылы ҚазАССР Денсаулық сақтау комиссариаты жанында химия-бактериология лабораториясы ашылды, 1925 жылы ғылыми-зерттеу бактериологиялық институты ашылды. 1924-1926 жылдары ҚазАССР Жер халық комиссариаты жанынан Агротопырақтану және тыңайтқыш институты, Ветеринария-бактериология институты және өсімдіктерді қорғаудың өлкелік станциясы құрылады. Қазақстанда қой және етті мал ғылыми зерттеу институтын ашу туралы бастаманы 1930 жылы КСРО Жер халық комиссариаты және В.И. Ленин атындағы ВАСХНИЛ көтерді [33].

Қазақстан ғылымының 20-шы жылдардағы дамуының мәнді сипаты өлкетанушылық және гуманитарлық зерттеулердің басым болуы деп есептеу керек. Өйткені, біріншіден, барлық ғылыми ошақтардың ішінде белсенді де жемісті жұмыс істегені Қазақстанды зерттеу қоғамы болса, екіншіден, тарих, әдебиет, тіл, өнер саласы бойынша іргелі еңбектер жарық көрді. Ал техника-жаратылыстану ғылымдары бойынша мұндай көрсеткіштер жоқ еді. Тек қана 1920-1924 жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы еңбектердің жеті басылымын шығарды, қоғам мүшелерінің саны 38-ден 80 адамға өсті. Осының қызметінің арқасында М. Дулатовтың, А.Ф. Рязановтың, М. Тынышпаевтың, А.П. Чулошниковтың әлі күнге дейін өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпаған ғылыми еңбектері жарияланды. 1925 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының белсенді араласуымен шығарылған А.В. Затаевичтың «Қазақ халқының 1000 әні» кітабы халықаралық деңгейде марапатталды [34].

Мұнда автор Абай Құнанбаев, Ы. Сандыбаев, Біржан сал, Ақан сері, М. Байжанов, М. Шамсутдинова және басқа көптеген қазақ сазгерлері шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан ашты. Әдебиеттану және тіл білімінің қалыптасуына ірі үлесті А. Байтұрсынов қосты. Оның 1926-1927 жылдары шыққан «Жаңа әліппе», «Тіл жұмсар», «Әдебиет танытқыш» кітаптарында қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихы, қазақ тілінің грамматикасы мен морфологиясы, фонетикасының өзекті мәселелері талданды. А. Байтұрсыновтың әдебиеттанушылық концепциясы жас ғалым М. Әуезовтың «Әдебиет тарихы» (1927 жыл) монографиясында әрі қарай дамытылды. 20-шы жылдары М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов педагогика және психология бойынша терең де мазмұнды жұмыстар, Х. Досмұхаметов табиғаттану, анатомия, физиология, зоология пәндерінен оқулықтар, Т. Рысқұлов, С. Асфендияров, С. Садуақасов Қазақстан мен Орта Азия тарихы бойынша зерттеулер жариялады. Ғалым экономистер Т. Шонанов, М. Г. Сириус және басқалар аграрлық экономикадағы қайта құрулар және салдары туралы монографиялар мен мақалалар берді.

Қазақстанның жас ғылымына көмек пен қолдауды Ресей ғалымдары білдірді. 20-шы жылдар ортасында КСРО Ғылым академиясы жанындағы

Одақтық және автономиялық республикаларды зерттеу бойынша ерекше комитеті және Ресей Ғылым Академиясының табиғи өндіргіш күштерді зерттеу комиссиясы құрған көптеген стационарлық және маусымдық экспедиция отрядтары республикада жұмыс істеді. Академиктер А.Е.Ферсман, А.Н.Самойлович, профессорлар А.А.Григорьев, С.И.Руденко және басқалардың басқаруымен жұмыс істеген экспедициялық отрядтар Қазақстанның фаунасы мен флорасын зерттеуде, қазақтардың этнографиясы мен антропологиясын зерттеуде белгілі нәтижелерге жетті. Мәселен 1926-1927 жылдары Одақтық және автономиялық республикаларды зерттеу бойынша ерекше комитеттің Қазақстандық және Алтайлық экспедициясының жұмысына алаштың арысы Ә.Бөкейханов, Ленинград шығыс институтының студенті, кейін Қаз ССР академигі болған Ә.Х.Марғұлан қатысты. Экспедицияның антропологиялық отрядында жұмысқа қатысуының нәтижесі қазақ халқының найман және адай секілді этникалық топтарын сипаттаған Ә.Х.Марғұланның алғашқы ғылыми мақалаларының жариялануы болып табылады [35].

1926 жылы КСРО Ғылым академиясының профессоры С.С.Неустроев жетекшілік еткен ғылыми экспедиция Батыс Қазақстанда топырақ-ботаникалық зерттеулер жүргізді. Экспедиция үш отрядтан тұрды. Үстірт отряды 1,5 мың шақырымнан артық жер жүріп, 1000-нан аса өсімдікті тізімдеді, көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындардың 21 тобын экономикалық жағынан зерттеді. Ембі отряды химиялық талдау үшін малға азық болатын өсімдіктің 12 үлгісін жинады, ботаника-географиялық және топырақты аудандардың шекарасын анықтады [36].

Қазақстандағы экспедициялық-зерттеу жұмысының мән-жайы және ұлттық ғылыми күшті даярлау мәселесі бірнеше рет КСРО Ғылым академиясында қаралды. Мәселен, 1930 жылы КСРО Ғылым академиясының жалпы жиналысы экспедициялық жұмысты құрудың принциптерін қолдады. Бұл мәселе бойынша қабылданған құжатта былай деп көрсетілді. «Ғылым академиясының экспедициялық жұмысының, әсіресе соңғы жылдардағы негізгі жетістігі халық шаруашылығының өзекті міндеттерін шешу және күн тәртібіне қою. Осы бағыт жетістіктерінің бірі жергілікті жерлердегі ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз байланысты қалыптастыру болып табылады. Ғылым академиясы экспедициялық жұмыс барысында жергілікті күштерді тарта отырып, жергілікті ғылыми-зерттеу қызметкерлерін даярлады және ұлттық республикалар мен облыстардағы ғылыми-зерттеу мекемелерін ұйымдастыруға араласты».

Ғылыми мекемелер жүйесі және зерттеу жұмыстары көлемінің ұлғаюы 1932 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасын құруға мүмкіншілік берді. Алғашқы жылдың өзінде-ақ ботаника, зоология, география секторлары, экспедициялық зерттеулер комиссиясы, тарих-археология комиссиясы, қазақ тілінің сөздігі комиссиясы, базаның басқа да құрылымдары өз жұмыстарын бастап кетті. КСРО Ғылым академиясы президиумы өзінің бөлімшелеріне аспирантураға түскісі келетіндердің материалдарын тез арада қарауға тапсырма берді, «ғылыми дайындығы лайықтыларды қабылдауды»

талап етті. КСРО Ғылым академиясы қазақстандық базасының президиумының төрағасы болып академик А.Н.Самойлович тағайындалды.

1938 жылы қазақстандық база КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы болып қайта құрылды. Қазақстандық базаның, кейін КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының құрылуымен ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірілуі және ұйымдастырылуы жақсарды. Тарих, лингвистика, геология, химия ғылымдары іргелі жетістіктерге жетті. Профессор С.Д.Асфендияров ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты монографиялық зерттеулер, «Қазақстан тарихы (ежелгі дәуірден)» еңбегінің I-ші томын, екі томдық «Қазақстан тарихы деректерде және материалдарда» (профессор П.А.Кунтемен бірге) жинағын шығарды.

Профессор Қ.Жұбановтың жарияланымдарында («Қазақ тілінің грамматикасы», «Көмекші етістіктер туралы», «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» және басқалар) фонетиканың, морфологияның, этимологияның, синтаксистің, әдеби тілдің, тіл тарихының күрделі мәселелері зерделенді. 30-жылдарда ғылыми шыңға Қ.И.Сәтбаев көтерілді. Оның белсенді қатысуымен Жезқазған ауданының жер асты байлығын анықтау және игеру басталды. Соғысқа дейінгі жылдардың өзінде-ақ ол Орталық Қазақстандағы ежелгі металлургия ошақтарын ашты, тарихи және мәдени ортағасырлық ескерткіштерді зерттеді. 1927 жылы жас инженер Қ.И.Сәтбаевтың алғысөзімен Мәскеуде XIV ғасырдың батырлық поэмасы «Ер Едіге» жарық көрді [38].

1930 жылдары республикада химия, гидрогеология, медицина, лингвистика, физиология ғылымдарының дамуына маңызды бағыт ашқан біртуар Н.О.Базанова, Ә.Б.Бектұров, А.П.Полосухин, Н.Сауранбаевтардың, кейін Социалистік Еңбек Ерлері атағына ие болған У.М.Ахметсафиннің, Д.В.Сокольскийдің ғылыми еңбек жолдары басталды. 1940 жылы Қазақстанда 57 ғылыми мекеме (жоғары оқу орындарын қосқанда), 1727 ғылыми қызметкер, оның ішінде 10 ғылым докторы және 50 ғылым кандидаты жұмыс істеп жатты. 17 ғылыми-зерттеу институттары, олардың филиалдары мен бөлімдері болды [39].

Республикада ғылымның дамуы белгілі дәрежеде қиындықтарға да тап болады. Ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық базасы баяу қалыптасты. Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтардың болмауы жинақталған ғылыми мәліметтерді өңдеуге қиындық туғызды. Кейде ғылыми кадрлар тиімді пайдаланбады. Түрлі тақырыптарды орындауға санаулы ғана ғалымдар тартылды, соның нәтижесінде жұмыс жоспарлары орындалмады немесе жылдан жылға шегеріліп отырды.

30-шы жылдарда Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, А.Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Қ.Жұбанов, Н.Самойлович және басқалар сталиндік репрессияның құрбаны болды. Қазақстанның ғылыми әлеуеті Ұлы Отан соғыс жылдарында ерекше өсті. Біріншіден, біздің республикамызға елдің батыс аудандарынан 40 жоғары және орта арнаулы оқу орындары, 20 ірі ғылыми-зерттеу институттары қоныс аударды. Алматыда, Бурабайда дүниежүзіне белгілі ғалымдар В.И.Вернадский, С.Г.Струмилин, И.П.Бардин, И.И.Мещанинов, Л.И.Мендельштам, Б.Д.Греков және басқалар жұмыс істеді.

Екіншіден, Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүйесі кеңейді, ғылыми интеллигенцияның құрамы мен саны күшейді.

Ғылыми мекемелердің қызметкерлері және республиканың жоғары оқу орындарының оқытушыларының үлкен тобы Мәскеудің, Киевтің, Ленинградтың ірі ғалымдарының жетекшілігімен кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Мәселен, 1932 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасының штатын 32 ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкер ғана құраса, соғыстың соңында КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының жүйесінде 964 ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлер жұмыс істеді. Соғыс уақытының қиын жағдайында КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы құрамында астрономия және физика, топырақтану және ботаника, химия және металлургия, зоология институттары ашылды [40].

Соғыс ғылыми-зерттеу жұмыстарын елдің қорғаныс қажеттіліктерімен байланыстыруды талап етті. 1941 жылы 5 қазанда КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының президиумы 1942 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптық жоспарын қарай келе, қорғаныс металдарын, жергілікті минералды шикізат пен отын көздерін іздестіру экспедицияларын қосымша жасақтау, химия өндірісін дамыту, мал басын көбейту бойынша тақырыптарды орындау қажет деген қорытындыға келді.

1941 жылы 16 қазанда елдің қорғаныс қажеттілігі үшін республиканың өндіргіш күштерін жан-жақты зерттеу мақсатында Қазақ ССР мемлекеттік жоспарлау комитетінің жанынан құрамында өндіріс және ауылшаруашылығы саласы бойынша тұрақты комиссия бар ғылыми-техникалық кеңес ұйымдастырылды. Кеңесті Қ.И.Сәтбаев және республиканың мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы басқарды. 1942 жылы Кеңес аяқталған 104 тақырыпты қабылдады, оның 19-ы Қазақстан КП(б) ОК және Қазақ ССР ХКК шешімімен мақұлданды.

Ғылыми-техникалық кеңес бастамасы бойынша бір топ ғалым мұнай өнімдерін үнемдеуге қол жеткізу үшін жергілікті шикізат негізінде мотор майын шығару мүмкіндігін анықтады. Ғылыми-зерттеу институттарында ауыл шаруашылығы зиянкестерімен күресетін улы химикаттардың орнына минералдық және өсімдіктік қалдықтарды қолдану жолдары зерттелді [41].

Кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары оқу орындарында жүргізілді. Ауыл шаруашылық саласында зерттеу жұмыстарын 1940 жылы ұйымдастырылған В.И.Ленин атындағы бүкілодақтық ауылшаруашылығы ғылымы академиясының Шығыс бөлімшесі жүзеге асырды. Қазақстандық ғылымның дамуына соғыс уақыты жағдайында академик В.Л.Комаров бастаған Қазақстанның, Батыс Сібірдің және Оралдың ресурстарын мобилизациялау бойынша құрылған КСРО Ғылым академиясы комиссиясының қызметі пәрменді ықпал етті.

1942 жылы Алматыда комиссия мүшелері орындалатын уақыты, көлемі, формасы мен әдісі көрсетілген ауқымды жұмыс жоспарын құрды [42]. КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының зерттеу аймағына экономика, география, тіл білімі, әдебиет, тарих, физика және астрономия, зоология, ботаника және топырақтану, энергетика, тау-кен ісі, металлургия және химия,

геология сияқты негізгі ғылым салалары кірді. 1942 жылы Қ.Сәтбаевқа ғылымдағы ерекше жетістіктері үшін диссертация қорғатпай-ақ геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

1943 жылы ол КСРО ҒА Қазақ филиалы Президиумының төрағасы болып сайланды. 1945 жылы Ғылым академиясының Қазақ филиалына қарасты ғылыми мекемелері 285 тақырып бойынша зерттеу жүргізді, ал 1944 жылы 150 тақырыппен жұмыс жасаған болатын. Егер 1941 жылы филиал 31 экспедициялық отряд ұйымдастырса, 1944 жылы оның саны 102-ге, 1945 жылы 104-ке жетті. Соғыс жылдарында барлығы 350 экспедициялық отрядтар ұйымдастырылды. Олар Республиканың табиғат ресурстарын анықтауға зор үлес қосты. Соғыстың 4 жылында КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Одақтық және Республикалық үкіметке, әртүрлі наркоматтарға 160-тан астам нақты ұсыныс жіберді.

1943 жылы КСРО Ғылым академиясы тарих институты мен Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрамындағы тіл, әдебиет және тарих институты ғалымдары «Қазақ ССР тарихы. Ерте заманнан қазірге дейін» кітабын жазып шығарды.

Тек қана ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі ұлғайған жоқ, сонымен қатар Қазақ филиалының қаржылануы, институттар және басқа бөлімшелер жүйесінің, ғылыми қызметкерлердің құрамы да өзгерді.

1945 жылы филиалда 5 академик пен мүше-корреспондент, 60 ғылым докторы мен профессор, 140-тан астам ғылым кандидаты мен доцент, 7 сектор және 16 ғылыми-зерттеу институты бар еді [43]. Республиканың ғылыми әлеуетінің дамуы күн тәртібіне КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын Қазақ Ғылым академиясы етіп құру мәселесін әкелді.

XX ғасырдың 40-шы жылдары ортасында ғылым Қазақстанның әлеуметтік дамуының күшті факторына айналды, мамандардың үлкен тобы шоғырланған сала қалыптасты, оның академиялық, салалық және жоғары оқу орындық ұйымдастыру, іздестіру бағыттары анықталды.

1.4. КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның көркем мәдениеті патша үкіметінің отарлау саясатының және исламның кертартпа ықпалын басынан кешіре отырып, біркелкі дамымады. Дін адамды живопись, графика, скульптура арқылы бейнелеуге қатаң тиым салды. Отарлау әкімшілігі өлкеде қандай да болсын көркем білімді дамыту және ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүргізбеді, кәсіби өнердің барлық түрлері мен жанрлары мемлекеттің қамқорлығы мен назарынан тыс қалды. Осындай жағдайда көркем мәдениет жүйесінде ең дамығаны әдебиет пен музыка еді.

Большевиктер көркем мәдениеттің социалистік қайта құруды жүзеге асыру жолындағы қажеттігін бағалай білді. Әдебиет пен өнерді идеялық және мемлекеттік басқару ісін мәдени құрылыстың айтулы міндеті ретінде қарастырды. 1920 жылы Халық ағарту комиссариатының құрылымдық реформасын талқылай келіп, Ленин былай деп жазды: «Көркем секторды біртұтас сектор ретінде қалдыру керек, коммунистердің ішінен «политкомдарды» осы сектордың барлық орталық және басқару мекемелеріне қою керек» [44]. Көсемнің нұсқауларына адал коммунистердің ішінен шыққан «поликомдар» тарихи ескерткіштерді қорғауды өз қолдарына алды, кең монументалды үгіт жүргізді, әдебиет қозғалысын қатаң қадағалады, көркем білім беруді ресми идеологияға сәйкестендірді.

1917 жылғы қазаннан соң Қазақстанда құрылған мемлекеттік басқарудың большевиктік органдары әдебиет және өнер мекемелерінің қызметін ұйымдастыруға монополиялық құқық орнатты. Мәселен, 1919 жылы 25 қарашадағы Жетісу облысының революциялық әскери кеңесінің бұйрығы бойынша барлық көңіл көтеру орындары: театр, кинематография, клубтар, цирктер және басқалары облыстың білім беру бөлімінің жанындағы мектептен тыс білім беру бөлімшесінің қарамағына берілді. Бөлімшенің меңгерушісі болып, әрине, большевиктер партиясының мүшесі тағайындалды. Жаңа өкімет көркем интеллигенция өкілдерімен санаспады.

Жетісу облысының революциялық әскери кеңесі жоғарыда айтылған бұйрығында мектептен тыс білім беру бөлімшесінің жаңа меңгерушісіне «тез арада кәсіби және әуесқой әртістерді есепке алуға әрі жұмысқа бөлуге, Верный қаласында және сонымен қатар облыстың уездерінде және ауылдарында театрлар ұйымдастыруға, біртұтас кеңес театрларын құруға қажетті күштерді жинақтауға» бұйрық берді [45]. Бір ай өткен соң Семей облыстық ревкомы бұдан да қатал бұйрық шығарды. Енді тапсырма коммунист басшыға емес, тікелей суреткер зиялыларға берілді, әртістер, суретшілер, музыканттар және әншілер облыстық ревком жанындағы білім беру бөліміне келіп тіркелуі тиіс болды. Бұл науқанның жүзеге асуына 7 күн ғана берілді.

Кирревкомның 1920 жылғы 27 қаңтарда қабылдаған Өлкенің интеллигенттік күштерін жұмылдыру туралы шешімі көркем интеллигенциямен жұмыстың шырқау шегі болып табылады. Құжатта интеллигенцияның не істеп, не қоюы керектігі нақты айтылған: «Кеңес құрылысы мен үкіметін күшейту, оның жақсы жақтарын халықтың санасына

енгізу». Сондықтан Кирревком «Өлкенің барлық интеллигенттік күштерін орталықта да, жергілікті жерлерде де жұмысқа күштеп тарту» қажет деп тапты [46].

Кеңестердің көркем мәдениет саласындағы сойқан саясаты бір ғана істе, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз етуде жағымды рөл атқарған сияқты. Мәселен, 1921 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты жергілікті өкімет құрылымдарын тарих ескерткіштерін қадағалауға және оларды қиратуға жол бермеуге міндеттеген еді. 1925 жылы Республика үкіметі Александровский портындағы Шевченко атындағы бақты мемлекеттің қорғауына алды.

1920 жылдардың аяғында өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитетін құру қозғалды [47]. Бірақ бұл шаралар идеологиялық сипатта жүрді. Мешіттер, шіркеулер және басқа діни-конфессионалды құрылыстар, яғни тарихи-архитектуралық ескерткіштер, аяусыз қиратылды немесе шаруашылық -мәдени мақсатқа пайдаланылды. 1924 жылдың басында РКП(б) Ерисковский ұясының хатшысы Қостанай Губаткомына жолдаған хатында поселкедегі шіркеудің жабылғанын, ал шіркеу үйі бар жабдық-жасауымен поселкелік клубтың және мектептің қажетіне берілгенін хабарлады. Шіркеуді жабу кезінде алынған күміс және шіркеудің заттары сақтай тұруға Губаткомға берілген еді. Енді партия хатшысы Губаткомнан «күміс заттарды қазынаның пайдасына ақшаға айналдыру мәселесін қарауды», ал түскен ақшаны клуб және мектеп үшін жабдықтарды алуға пайдалану туралы өтінді. Өтініш қанағаттандырылды. 1928 жылы мәдени жорықтың күшейіп тұрған кезінде Алматы және Орал округінің комсомолдары 30 мешітті сауатсыздықты жою пункттеріне, мектептеріне, мәдени мекемелерге айналдырды [48].

Социалистік құрылыстың алғашқы ширек ғасырында мазмұны мен түрі, идеялық-көркемдік ұстанымдары мен танымдық құндылықтары бұрынғыдан өзгеше жаңа қазақ әдебиеті қалыптасты. Оның өзегін социалистік реализм принципі құрады. Әрине, жаңа әдебиеттің орнығуы қиындықсыз бола қалған жоқ. Ол ғасырлар бойы жинақталған фольклорға табан тіреп тұрғанмен Абайдан бергі әдеби өмірге тән ағартушылықты, сентиментализм мен романтизмді, сыни реализмді әрқашан оң қабылдай бермеді. Большевиктік жүйе көсемдері ақын-жазушылардың шығармаларына баға бергенде автордың саяси позициясын бірінші орынға қойды. XX ғасыр басында қазақ әдебиетінің жанрлық және көркемдік тұрғыдан кемелденуіне сүбелі үлес қосқан тұлғалар А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, тағы басқалар қазан төңкерісін салқын қарсы алғаны немесе мойындамағаны үшін олардың шығармалары жағымсыз бағаланып, шетке ысырылды. Қоғамдық дамудың капиталистік сатысынан өтпеген өлкеде социалистік реализм принципі әдебиет пен өнерге аяқ астынан ене қоймайтыны, ол ұзақ уақытты қажет ететін үрдіс екені ескерілмеді.

1925 жылы Қазақстан басшылығына Ф.И.Голощекиннің келуімен социалистік идеяға көше қоймаған суреткер зиялылар ашық қудалана бастады. Өлеңдерімен қазақ тілінің құдіретін биік шыңға көтерген, адам жанының тазалығы мен сұлулығын нәзік лирикамен жырлаған, Гейнені, Гетені,

М.Ю.Лермонтов пен М.Горькийді қазақша сөйлеткен М.Жұмабаев ескішіл ақын ретінде әдеби ортадан қуылды, сотталды, ақыры сталиндік репрессия жылдары атылып кетті. Пролетарлық революцияға алғашқыда күдікпен қараған, алайда кейінде күрделі саяси-идеологиялық толғаныспен жаңа құрылыс жағына өте бастаған Ж.Аймауытов дарқан таланты ашылған шағында 1931 жылы жалған айыптаумен тоталитаризм құрбаны болды.

Оның 1925-1928 жылдары жазылған «Қартқожа», «Ақбілек» романдарында, «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз» пьесаларында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты, 1917 жылғы төңкерістерді, социалистік құрылыстың бастапқы жылдарындағы қиыншылықты бастан кешкен қазақ шаруасының әлеуметтенуі, қазақ әйелінің азаттыққа жетуі, ұлттық сананың өсіп, жаңа адамның қалыптаса бастағаны үлкен суреткерлікпен ашылған еді [49].

Социалистік реализмді игерген ақын-жазушылар пролетарлық революцияны, Ленинді, социалистік қайта құруларды, оның басында тұрған большевиктерді шығармашылық қызметіне арқау етуге тиіс болды. Жаңа қоғамның өлкеге әкелген жақсылықтары мен қиыншылықтарын көркем сөзбен өрнектегендердің маңдай алды, әрине, Сәкен Сейфуллин еді. Оның 20-шы жылдары жазған «Асау тұлпар», «Домбыра», «Советстан», «Экспресс» жинақтары мен поэмалары қазақ даласына азаттық келді, еңбек адамының қаналуы мен езілуі келмеске кетті, ұттық теңдік орнады деген сенім мен көңіл-күйге толы. Күшпен ұжымдастыру мен аштықтың Қазақстанға әкелген қасіреті ақынды қамықтырып, терең ойға қалдырады. 1934 жылы жарық көрген «Қызыл ат» поэмасы социализмнің ақаусыз екендігіне күдік келтірді [50].

20-30 жылдары қазақ әдебиетінің түрі ұлттық, мазмұны социалистік арнада қалыптасуына М.Әуезов, І.Жансүгіров, Б.Майлин өз үлестерін қосты. Жаңа әдеби үрдістің көшіне С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ө.Тұрманжанов, И.Шухов келіп қосылды. Ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін Ж.Жабаев, Н.Байғанин, К.Әзірбаев, И.Байзақов дүниеге әкелді. Жамбыл мұрасының білгірі профессор М.Жолдасбеков Жамбылдың ұлылығы оның ақындық шеберлігімен ғана емес, поэзиямыздың бұтақ жайған бір тұрғылас биік бәйтерегі болумен, басқаша айтқанда, ақындардың жаңа көшін бастаған даралығымен де өлшенеді, деп орынды көрсеткен [51].

Жамбылдың ізінше Шашубай, Нұрпейіс, Кенен, Омар, Доскей, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Саяділ секілді қаулаған қалың ақынның лап қоюы өлең, жыр базарының бағы, әдебиетіміздің тарихындағы аса бір елеулі құбылыс. Қазақ әдебиеті Ұлы Отан соғысы жылдарында жаңа тақырып – Отан қорғауға арналған шығармалармен толықты. Жамбылдың «Ленинградтық өрендерімі», Б.Бұлқышевтың «Комсомольская правда» бетінде жарияланған публицистикалық мақалалары барша кеңес жұртшылығына жетіп жатты. М.Әуезов «Абай жолының» бірінші кітабын аяқтады. Қазақ кеңес әдебиеті социалистік реализм талабына толық жауап берген мәдениет саласына айналды.

Революциядан кейінгі алғашқы жылдарда театр өнері халықтық көркемөнерпаздар қозғалысы аясында дамыды. Театрлар халық қалың шоғырланған мекендерде құрылды. Олардың репертуары классикадан бастап

қазіргі музыкаға дейін қамтығандықтан кең диапазонымен ерекшеленді. Әртістер ретінде әуесқойлар, кейде кәсіпқойлар шықты.

1919 жылы Верный уезі Түрген ауылының жергілікті интеллигенциясы А. Островскийдің «В чужом пиру похмелье» комедиясының қойылымын жүзеге асырды, Орал қалалық театрында М. Горкийдің «На дне» пьесасы жүрді. Келесі жылы Торғай, Орал облыстарында және Бөкей Ордасының кейбір жерлерінде 30 театр үйірмелері жұмыс істеген еді. Петропавл уезінің Екатеринбург селосының және Петропавл қаласының әртіс-әуесқойлары Н.В. Гогольдің «Ревизор» комедиясын, украин тілінде «Наталка-Полтавка» пьесасын қойды. Верный қаласының мәдени өміріндегі елеулі оқиға болып П.И. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсының қойылымы табылды. Татьяна, Онегин, Ленский және кемпір-күтуші ролдерінде Мәскеу мен Петербург консерваториясының түлектері, Зарецкий және князь Гремин партияларын жергілікті әуесқойлар ойнады [52].

Қойылым туралы жергілікті баспасөз былай жазды: «Әрине, «Евгений Онегиннің» бұл қойылымында көптеген жетіспеушіліктер болды, бірақ оған орындаушылар кінәлі емес... Олар шын жүректен, ынтымақтастықпен өз міндеттерін атқарып шықты...» [53].

Әуесқой қазақ театрларының сахналарында 1-2 актілі пьесалар қойылатын. Онда антагонистік қоғамның кемшіліктері, қазақ байларының сарандығы күлкі етілді, революция мен социализмнің идеясы бекемделді. 1918-1920 жылдары өзінің әртістік қызметін Қазақстанның кәсіби театр өнерінің негізін салушылар Е.Өмірзақов, Қ.Бадыров, И.Байзақов, Қ.Жандарбеков бастады. 1925 жылы Республика үкіметі қазақ ұлттық театрын құру туралы қаулы қабылдап, 1926 жылы 13 қаңтарда алғашқы қазақ кәсіби театрының салтанатты ашылуы М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек драмасынан үзіндінің қойылымымен басталды. Театр мәдениетінің қалыптасуына режиссёр және актер Ж.Шанин көп еңбек сіңірді.

Театр өнері үлкен жетістікке 30 жылдары жетті. Оның репертуары байыды, актерлік шеберлік техникасы өсті. Кәсіби театрлар облыстарда да пайда болды. Басқа этникалық тұрғындардың кәсіби театрлары өз қызметтерін бастады: Орыс драма театры (1934), ұйғыр ұлттық театры (1938) және басқалары. Егер 1935 жылы Қазақстанда 21 театр болса, 1940 жылы 40-қа жетті. Оның ішінде қазақ театры-24, орыс-10, ұйғыр-2, өзбек, украин, кәрістер біреуден, сонымен қатар республикалық қазақ, орыс топтары бар қуыршақ театры дүниеге келді [54].

Театр сахналарында тек қана ұлттық авторлардың шығармалары емес (М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев, Ш.Құсайынов, И.Саттаров, Ж.Асенов, А.Садыров), сонымен қатар әлемдік классиканың мұралары қойылды. Мәселен, 30 жылдары қазақ академиясының драма театры Гогольдің «Ревизорын» және Шекспирдің «Отеллосының» қойылымын жүзеге асырды.

Қазақ халқының музыкасы халықаралық деңгейде танылды. Қазақ әндері мен күйлерінің құдіретін шетелдік тыңдаушыларға алғаш зерттеуші А.В. Затаевич және әнші Ә.Қашаубаев жеткізді. Француз жазушысы Ромен Роллан А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (1925) кітабымен танысып, «жанды

тебірететін көңіл күйдің күшіне, даланы безендіретін керемет әуеннің гүлденуіне» таң қалғанын айтты.

1925 жылы әнші Ә.Қашаубаев Парижде дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертіне қатысты. Ол «Ағаш аяқ», «Дудар-ай», «Қараторғай», «Қызыл бидай», «Үш дос» және басқа әндерді орындады. Қазақ әншісінің асқан таланты француз баспасөзінің беттерінде жоғарғы бағаланған болатын. 1927 жылы Ә.Қашаубаев Майндағы Франкфуртта өткен дүниежүзілік музыкалық көрмеде тағы да табысқа бөленді. Көрме біткен соң ол Германияның қалаларына ұзақ уақытқа созылған гастрольдер жасады [55].

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында республиканың қалалары мен ауылдарында концерттік қызметпен әншілерді, домбырашыларды, сырнайшыларды, қобызшыларды, сикыршыларды біріктірген формальды емес шығармашылық топтар айналысты. Олардың репертуары музыкалық фольклордан, ұлттық сазгерлердің шығармаларынан тұрды. «Көшпелі» концерттік топтардың құрамында халықтан шыққан талантты сазгерлер мен орындаушылар К.Әзірбаев, М.Шамсутдинова, Н.Бекежанов, Ғ.Айтбаев, Ш.Қошқарбаев, Қ. Жапсарбаев және басқалар болды.

1930-жылдары Қазақстанда кәсіби музыкалық мәдениеттің тууымен айшықталды. 1932 жылы Алматыда музыка техникумы ашылды. Келесі жылы ол Қазақ ұлттық театр-музыка техникумы болып қайта құрылды. 1933 жылы музыкалық студия ашылды (1934 жылдан Қазақ мемлекеттік музыкалды театры). Сол жылы талантты қазақ балалары үшін музыка мектебі ашылды. 1934 жылы 13 қаңтарда М.Әуезовтың «Айман-Шолпан» спектаклімен музыкалық студияның тұсаукесері өтті [56].

Кәсіби музыкалық мәдениеттің қалыптасуына Қазақстан халық өнері қызметкерлерінің 1934 жылғы слеты зор әсер етті. Слетта театр-музыка техникумы жанындағы А.Жұбанов ұйымдастырған домбыра оркестрі өнер көрсетеді. Кешікпей осы домбыра оркестрінің негізінде Қаз ОАК атындағы Қазақ ұлттық оркестрі құрылды (1944 жылдан Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық оркестрі), оның дирижері және көркемдік жетекшісі болып А.Жұбанов тағайындалды. Театр-музыка техникумы, музыкалық театр және ұлттық оркестр көркем интеллигенцияның нағыз ұстаханасына айналды. Осында К.Бәйсейітованың керемет таланты ашылды, Ғ.Құрманғалиев, М.Ержанов, Ш.Бейсекова, ағайынды Р. және М.Абдуллиндер, У.Тұрдықұлова әншілік шеберліктің биік шыңына көтерілді, халық аспаптарында құйқылжытып, құбылтып ойнатқан Н.Бөкейханов, Қ.Жантілеуов, Ж.Қаламбаев, Л.Мұхитов сынды өнерпаздар сахна төрінен орын алды. Сазгер Е.Г.Брусилковский қазақ музыкасының алтын қорына енген музыкалық пьесалар «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» операсын жазды. Композиторлар И.В.Коцык, Д.Д.Мацуцин, А.Шабельский, Л.Хамиди, С.Көшекбаев, Ә.Базанов және басқалар жемісті еңбек етті.

Мәскеудегі өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасы (1936 ж. мамыр) ұлттық театр және музыка өнерінің жетістіктерінің нағыз байқауы болып табылды. 300-ден астам шығармашылық интеллигенция өкілдері көркем мәдениеттің озық үлгілерін көрсетті. Сахналық шеберліктің биік дәрежесі мен

қол жеткен жетістіктер музыкалық театрды Қазақ мемлекеттік опера және балет театры етіп қайта құруға мүмкіндік берді. Халықты театр өнерімен қамту да тез көтерілді. 1937 жылдан 1940 жылға дейін республикалық театрлар 21 мың спектакль қойды, оны 6,5млн. адам тамашалады. Көркем өнерпаздар қозғалысы кең тарады [57].

Революциядан кейінгі кезеңде жүрген мәдени қайта құрулар өрісінде өнердің жаңа түрі – бейнелеу өнері мен кино орнықты. Сурет өнерінің алғашқы жетістіктері орыс суретшісі Н.Г.Хлудовтың қызметімен тығыз байланысты. Өзінің шығармаларында ол қарапайым адамдардың өмірі мен тұрмысын, олардың қуанышы мен қайғысын көрсетті. Оның бастамасымен 1920 жылы живопись студиясы ұйымдастырылды. Суретші Н.Крутильников Абайдың портретін ақынның қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай майлы бояумен жазды.

1925 жылы Алматыда өнер қызметкерлерінің одағы жергілікті суретшілердің 100 суреті қойылған көрмесін өткізді. Сурет өнерін кәсіби игерген алғашқы қазақтар шыға бастады. Олардың ұстаздары Қазақстанда өмір сүрген орыс суретшілері болып табылды. Табиғи талантты, қабілетті қазақтардың бір бөлігі Мәскеу мен Ленинградтың оқу орындарында оқыды. Мәселен, А.Исмайлов, Ә.Қастеев және басқалар республикадан тыс жерлерде көркем білімді алды. 1933 жылы Қазақстан суретшілер одағының ұйымдастыру комитеті құрылады. Соғыстың алдында сурет өнерінің 54 қызметкері жұмыс істеп жатты [58].

Кино өнерінің қалыптасуы өте қиын жағдайда жүрді. Кинотехниктер, құрал-жабдықтар, мамандар, үйлер жетіспеді. Сондықтан Қазақстан туралы алғашқы құжаттық фильм 1925 жылы ғана дүниеге келді. Оның өзін де Мәскеудің маманы түсірді. Бүкілресейлік акционерлік қоғамының 1929 жылы Алматы «Шығыс-кино» бөлімінің құрылуымен жағдай көп өзгермеді. 30 жылдары Қазақстан туралы хроникалы-құжаттық және көркем фильмдер өндірісі кеңейін деді. Олар сырттан келген киномамандар күшімен жасалса да, кино қызметкерлерінің ұлттық кадрларын даярлауға белгілі бір түрткі болды. Қазақ әдебиетінің, театрының, музыкасының жетістіктеріне қарағанда 1930 жылдардың ортасына қарай ұлттық кинематографияның артта қалғаны байқалды.

1936 жылы орыс кино мамандарының көмегімен «Амангелді» көркем фильмін түсіру даярлығы басталды. Фильмнің сценарийін жазушылар Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов және драматург В.Иванов жазды. Рольдерде ойнауға республиканың драматург әртістері Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Қ.Қуанышбаев, Қ.Бадыров, Ш.Жандарбекова және де басқалар тартылды. «Ленфильм» киностудиясында түсірілген фильм экранға 1939 жылы шықты. Бұл мәселе бойынша қабылданған партия-үкімет қаулысында, «тарихи-революциялық «Амангелді» фильмінің орыс және қазақ тілдерінде қазақ әртістерінің орындауында жарық көруі республика өміріндегі маңызды оқиға болып табылады және Қазақстанда өнердің маңызды түрі ретінде киноның кең дамуына жол ашады» делінген еді [59]. Театр, музыка, кино және сурет өнерінің дамуына 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы үлкен әсер етті.

Республикаға көркем мәдениет ошақтары : Москеңес атындағы Мәскеу театры, Киев мемлекеттік музыкалық комедия театры, Львов «Трембита» хор капелласы, «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудиялары көшірілді. Ұзын-ырғасы Қазақстанға 21 театр мен музыка ошақтары, 500 кино қызметкерлері мен әртістері келді [60].

Соғыс жылдарында республикада театр өнерінің қайраткерлері Г.С.Уланова, Ю.Завадский, Л.Александровская, композиторлар С.Прокофьев, С.Туликов, кинорежиссерлер С.Эйзенштейн, В.Пудовкин, Ф.Эрмлер, Кукриныхсы суретшілері және т.б. болды. Осындай белгілі мамандармен бірігіп жұмыс істеу ұлттық көркем интеллигенцияның кәсіби дәрежесінің өсуіне игі әсер еткені сөзсіз.

Барлық театрлар, музыка ұжымдары, кинематографияшылар және суретшілер өз жұмыстарын соғыс уақыты ерекшеліктеріне ыңғайлады. Көркем интеллигенцияның шығармашылығы жауды жеңуге күш-қуат пен құралды жұмылдыру міндетіне бағышталды. Әскери-патриоттық тақырып басты бағыт ретінде танылды. Қазақ академиялық драма театры М.Әуезов және Ә.Әбішевтың генерал И.В.Панфилов пен 8 гвардиялық дивизия жауынгерлеріне арналған «Намыс гвардиясы» спектаклінің қойылымын жүзеге асырды, опера және балет театрының сахнасында «Суворов», «Иван Сусанин» спектакльдері, Е.Брусиловскийдің «Гвардия, алға» операсы жүріп жатты, облыстық театрлар репертуарына Л.Леоновтың «Нашествие», К.Симоновтың «Орыс адамдары», «Күт мені», «Осылай болды» спектакльдері кірді. Қазақ ССР халық суретшісі Ә.Қастеев «Амангелді» портретінің жаңа нұсқасын, суретші А.М.Черкасский Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің портретін салды. «Мосфильм» және «Ленфильм» базасында құрылған көркем фильмдердің біріккен орталық киностудиясы (ЦОКС) Ұлы Отан соғысы туралы («Біздің қаланың жігіті», «Майдан», «Ол Отанды қорғайды», «Аупартком хатшысы») фильмдерін шығарды. Кеңес Одағының батыры Т.Тоқтаровқа арналған «Алып туралы ән», ЦОКС-да түсірілген «Әскер ұлы», бірінші қазақ кинокомедиясы – «Ақ раушан» фильмдерінде жергілікті әртістер Қ.Бадыров, С.Қожамқұлов, Ш.Айманов С.Телғараев, Ж.Оғызбаевтар ойнады [61].

Композиторлар А.Жұбанов, Л.Хамиди, М.Төлебаев, Р.Елебаев, С.Көшекбаев, Ә.Базанов, Б.Г.Ерзакович шығармаларында қазақстандықтардың еңбек ерліктері көрініс тапты. Р.Елебаевтың Т.Тоқтаров ерлігіне арналған «Жас қазақ» өлеңі қазақ жауынгерінің өз Отанының тәуелсіздігі үшін өмірін де қиюға даяр екенін және жауға деген жеркенисін көрсетті, соғыс кезіндегі жастар образын, олардың ішкі дүниесін сомдады. Музыкалық өнердің жетістіктері мен мәселелері Орта Азия республикалары және Қазақстанның Ташкенте өткен музыка декадасында (1944ж.) анық көрінді.

Е.Брусиловскийдің «Сарыарқа» симфониясы, М.Төлебаевтың скрипка үшін жазған поэмасы мен увертюрасы, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» жаңа операсынан үзіндісі, ардагер домбырашы Д.Нұрпейісованың орындауы, халық аспаптары оркестрі тыңдаушы қауымның жоғарғы бағасын алды. Хореографиялық өнердің артта қалғаны, шығармашылық жастардың баяу өсуде екені атап өтілді [62]. Соғыс жылдарында классикалық театр мұрасын игеру әрі

қарай жалғасты. Опера және балет театрының ұжымы П.И.Чайковскийдің «Мазепа», Д.Вердидің «Отелло», Бизенің «Кармен» операларын, Астафьевтің «Бақшасарай фонтаны», Минкустың «Жизель» балеттерін қойды.

1943 жылғы Шекспирдің «Асауға-тұсау» қойылымы Қазақ академиялық драма театрының шығармашылық жетістігі болып табылады. Сонымен, зеңбіректер дүңкілі музаны үнсіз қалдыра алмады. Қазақстанның көркем мәдениеті жаңа шығармалармен байыды. Большевиктік режим үш онжылдыққа толмайтын уақыт ішінде республиканың мәдени-рухани бейнесін түбегейлі өзгертті. Халықтың біліми әлеуеті нығайды, мәдени-ағарту мекемелерінің кең жүйесі қалыптасты. Ғылым халық шаруашылығының дамыған саласына айналды, кәсіби өнер негізі қаланды. Алайда жүйенің мәдени саясаты мен практикасы қоғамның бүкіл рухани саласын сталиндік ұғымдағы марксизм-ленинизм рухына бағындырды.

Оқу орындарының, клубтардың, театрлардың, ғылыми-зерттеу институттарының, мамандардың қызметіне қатаң партиялық бақылау орнықты. Тұлғаның шығармашылық еркіндігін шектеу және мәдениеттегі жасампаздық әлеуетті кісендеу репрессиялық шаралармен жүзеге асқандықтан адамдар бойына үрей қоныстады, олардың өмір салты мен дүниетанымына бірізділік серік болды. Қазақстан, бүкіл КСРО-дағы сияқты, әлемдік мәдени үрдістерден алшақтай берді.

II тарау. СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ: ІЛГЕРІЛЕУ МЕН ІРКІЛІС (1946-1991жж)

2.1. МЕКТЕП ІСІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-АҒАРТУ ЖҮЙЕСІ

Соғыс халыққа білім беру жүйесіне және мәдени-ағарту мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайына ауыр тиді. Олардың кадрлық әлеуеті өте қатты әлсіреді. Мектеп, техникум, жоғары оқу орындары, клуб және кітапхана ғимараттары бірқатар жылдар бойы жөнделмеді және олардағы құрал-жабдықтар тозып бітті, әскери және шаруашылық органдар өздері отырған оқу ғимараттарын, жатақханаларды, мәдени мекемелер үйлерін босатуға асықпады.

50-жылдардың қарсаңында республикадағы оқу үйлерінің үштен бірінің өз ғимараттары болмай, түрлі кеңселердің дәліздеріне, тұрғын үйлерге жайғасты. Қызыл бұрыштардың үстел және шкафтармен жабдықталынуы тисті мөлшердің тек 15% болды, патефондар мен музыкалық құралдармен - 31%, көлікпен - 27%, ғимараттармен 16% ғана жабдықталды. Шығыс Қазақстан облысы мектептерінің 80% лайықталмаған ғимараттарға орналасты, олардың көпшілігі сабақ өткізуге жарамсыз болатын. Республикадағы мәдени-ағарту қызметкерлерінің 70%-дан астамы және мұғалімдердің 30% толық емес орта білімді ғана еді [63].

Балалардың орасан көп бөлігі мектептен білім алуға қамтылмады. Мысалы, 1948 жылы 7-15 жастағы 200 мыңнан астам бала киімі жоқтық, мектептің алыс елді мекенде орналасуы, отбасында жалғыз ғана асыраушы болуы, мектеп жасындағы қыздардың ерте күйеуге шығуы сияқты түрлі себептермен оқудан қол үзіп кетті [64].

Осындай жағдайда мектепте білім беру, мектеп ісін дамыту және тұрғындарға мәдени-ағарту қызметін көрсету шараларын ұйымдастыруды жақсартуды республика басшылығы қолға алды. Мектептер жанынан интернаттар ашылды, ұжымшар мен кеңшарлардың, шалғайдағы мал шаруашылықтарындағы жұмысшылар мен колхозшылар балаларының есебін алу жүйелі жүргізілді, селолық және орта мектептерге қазақ қыздарын тартуға бақылау жасау күшейді. 1948-1951 жылдары республика бойынша мұғалімдерді үймен қамтамасыз ету жөніндегі үкіметтің үш жылдық жоспарын орындау науқаны өтті [65]. Мамандығы мұғалім, алайда әр түрлі себептермен халық шаруашылығының басқа салаларында жұмыс істеп жүрген кадрлар педагогтық жұмыстарға қайта шақырылды.

Мәдени-ағарту мекемелері жүйесін қалпына келтіру, оларды жарамсыз ғимараттардан жабдықталған жайларға орналастыру басталды. Бұл істе бұқара халық та аса белсенділік танытты. 1946 жылы Алматы облысы Іле ауданының жастары мәдени-ағарту мекемелері жүйесін қалпына келтіруді міндетіне алды, 1948 жылы Шығыс Қазақстан облысы Шемонайха ауданы тұрғындары мектеп пен мұғалімдерге көмек көрсету бастамасын көтерді.

1954 және 1956 жылдары Қостанай облысы Таран ауданы еңбеккерлері ауыл-селолық мәдениет мекемелерін бастамашылық жолмен салу және олардың жұмысын жақсарту жөнінде екі рет республикалық қозғалыс ұйымдастырды. Бұған өнеркәсіп орындары, кеңшарлар мен ұжымшарлар қосылды. Осылайша 1946-1950 жылдары тек ұжымшарлар қаржысына 1,5 мың мектеп үйі салынды [66]. Әрине, Қазақстан Компартиясы ОК мен үкіметтің мектеп, клуб және кітапханалар жөніндегі шешімдері, төменнен бой көтерген мәдени бастамалар КОКП-ны, оның көреген басшылық қызметін, социализмнің тарихи артықшылықтарын, ұлттық-мәдени саясатты халықтың санасына ықпал жасаушы мадақтаулармен жалғасты.

1949 жылы республикада жаппай жеті жылдық білім беруді жүзеге асыру науқаны басталды. Жалпы білім беретін мектептер жүйесінің кеңеюі, білім алушылар, әсіресе қазақ қыздары контингентінің сақталуы, шалғай мал шаруашылықтарында және тың облыстарында мектепте білім берудің ұйымдастырылуы, білім беру мекемелерін мұғалімдермен толықтыру жаппай жеті жылдық білім берудің негізгі міндеттері болды. Жұмысшы жастарға арналған кешкі және сырттан оқыту мектептері ашылды.

1955-1956 жылдары 403 жұмысшы және ауыл жастары мектептерінде 45 мың адам оқыды. Мектепке тартылмаған 8-14 жастағы балалар саны 16 мыңға дейін азайды. Мектептер өнеркәсіп орындарынан, кеңшарлар мен ұжымшарлардан, МТС-нан оқу шеберханалары үшін түрлі құралдар алды [67]. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі 1959 жылы “Қазақ ССР-да мектептердің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беруді одан әрі дамыту туралы” Заң қабылдады.

Жаңа заң 1962-1963 жылдан жаппай міндетті сегіз жылдық білім беруге көшуді, он бір жылдық еңбек политехникалық мектептерін ұйымдастыруды, ауыл жастары мен жұмысшы жастарға арналған мектептер санын көбейтуді, оқыту-тәрбиелеу мекемелерінің жаңа типі ретінде жоғары мектеп-интернаттар

құруды көздеді. Көп ұзамай жалпы білім беру мектептеріне арналған жаңа оқу жоспарлары, оқулықтар мен бағдарламалар әзірленді. Ғылымның, әдебиет және мәдениеттің бір топ қайраткерлері - Қ.Сәтбаев, Ғ.Мүсірепов, М.Зверев, А.Жұбанов, Е.Серкебаев және тағы басқа мектептерді қайта құру, мұғалімдерге көмек көрсетуді қолдауға шақырған үндеу жариялады. 1960-1961 оқу жылында 284 сегіз жылдық мектеп құрылды, 1961-1962 оқу жылында олардың саны 1180-ге жетті. Барлық мектептерде жаппай білім беру қорлары ашылды [68].

60-жылдардың ортасына қарай жаппай міндетті сегіз жылдық білімге көшу аяқталды. Соғыстан кейінгі жиырма жылда толық емес сегіз жылдық мектеп саны 2 есе, орта мектеп – 2,5 есе көбейді. Барлық ведомстволардың жалпы білім беру мектептерінде 1945-1946 оқу жылында 792 мың адам білім нәрінен сусындап жатса, 1965-1966 оқу жылында олар 2,6 млн-ға жетті. Он жыл ішінде ғана (1956-1965жж.) бір миллионнан астам бала толық емес орта білімі туралы, 338 мың адам орта білім алғаны жайлы құжатқа ие болды [69].

1970-жылдары мектепте білім берудің басты міндеті баршаға орта білім беруді жүзеге асыру болды. Барлық жерде еңбекке үйрету және кәсіби бағдар беруші оқу-өндірістік комбинаттар ашылды, оқушылар оқулықтармен тегін қамтамасыз етілді, ауыл-селолық жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдері мен басқа да педагогикалық қызметкерлер әскери қызметтен уақытша босатылды, оларға арналып басқа да жеңілдіктер жасалынды. Жаппай орта білім беру қозғалысы күндізгі жалпы білім беру мектептерінің құрылымын өзгертті. Егер 70-жылдардың басында олардың төрттен үші бастауыш немесе толық емес орта мектеп болса, 80-жылдардың басында орта мектептердің үлесі 48%-ға өсті. Осы он жылда республиканың толық орта мектептерін 2,3 млн адам бітірді [70].

1946 жылдан 1966 жылға дейінгі аралықта кәсіби-техникалық білім беру училищелері мен мектептерін 411,3 мың адам бітірді. Кейіннен бұл жұмыс арта түсті. 80-жылдардың бірінші жартысында ғана кәсіби-техникалық білім беру жүйесі 1 млн төңірегінде білікті жас жұмысшыларды дайындады [71].

80-жылдардың басында аяқталған жаппай орта білім беруге көшу республиканың білімі әлеуетін нығайтуға ықпал етті. Білім негіздерінен хабардар, Отанының тарихы мен мәдениетінен тәп-тәуір мәліметі бар, үлкенге ізет көрсетуді міндеті санайтын жас ұрпақ өсіп шықты. Кеңестік білім саясатын жүзеге асыру барысында мамандығының хас шебері деп атауға лайық мұғалімдер тобы қалыптасты. Олардың біразының -С.Көбеевтің, А.Шотаевтың, Қ.Нұрғалиевтың, К.Оралбаеваның, М.Амантаеваның, тағы басқаларының аттары мен озат тәжірибесі Қазақстаннан асып, Одаққа тарады.

Мектеп ісін ұйымдастыруда үлкен кемшіліктерге де жол берілгені рас. Оқу процесін асыра идеологияландыру, формализм және түрлі тәрбие шараларын өткізудегі таптаурындық оқушылар бойындағы оқуға, ғылымға деген қызығушылықты әлсіретті. Жаппай білім беруге жойдасыз жалпылама көзқарас оқушылардың жеке қасиеттерінің, таланттарының ашылуына кері әсер етті. Мұғалім мамандығының беделі түсті. Өзінің материалдық жағдайы жағынан олар басқа өндіріс саласындағы қатардағы мамандардан төмен тұрды.

1984 жылғы мектеп реформасын жүзеге асырумен де көп дүние өзгерген жоқ. Реформа аясында балаларды алты жастан бастап оқыту жүзеге асырылды, жаңа пәндер енгізілді, еңбекке баулу мектептерінің оқу-материалдық базасы жақсарды. Солай бола тұра түлектердің басым бөлігі білім негіздері мен еңбек дағдыларын әлсіз игерді.

Тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде республиканың демографиялық келбеті өзгергендіктен мектепте білім беруді ұлтсыздандыру күшейді, қазақ мектептерінің саны азайды. 20 жыл ішінде (1950-1970 жылдары) қазақ мектептерінің саны 3891-ден 2577-ге немесе 1314-ке азайды, ал орыс тілінде білім беретін мектептер жүйесі 1,5 мыңға көбейді. 1989/90 жылдары барлық оқушылардың 67%-ы оқитын жалпы білім беру мектептерінің 49%-ында оқу орыс тілінде жүрді, ал қазақ мектептері мен оқушыларының үлесі оның үштен бірін де құрамады [72].

Мектепте білім беру ісіндегі өзгерістер мәдени-бұқаралық жұмыстарға да тән болды. 50-жылдардың қарсаңында мәдени мекемелердің жүйесі сандық көрсеткіші жағынан соғысқа дейінгі қалпына келтірілді. Расында олардың көбінің материалдық-техникалық базасы әлсіз күйде қала берді. Бұқара халықтың рухани құндылықтарға қызығуы және оны молынан тұтыну жолдарын іздеу өмірге мәдени-ағарту мекемелерінің жаңа түрлерін әкелді. Мәдени байлықты көпшілік арасына тарату тәсілдері де әр түрлі бола бастады.

1947 жылы тарихи және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі республикалық қоғам (кейіннен “Білім” қоғамы) құрылды. 50-жылдары шалғай және аз тұрғынды елді мекендерге қызмет көрсетуде табылған тәсіл – автоклубтар пайда болды, алғашқы халық университеттері құрылды. Оқу және мәдени-ағарту мекемелері базасында құрылған халық университеттері халықтың білімі және мәдени деңгейінің көтерілуіне, оның өз бетімен білім алуына үлкен ықпал етті.

80-шы жылдардың басында 3,9 мың халық университеттерінде 700 мың тыңдаушы болды. “Білім” қоғамы 171 мың адамды біріктірді, олардың ішінде 7,6 мың ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, 5,7 мың мәдени қызметкерлер, 15 мың жоғары және орта арнайы білім беру мекемелерінің оқытушылары, 49,6 мың мектеп мұғалімдері болды. 70-жылдар ішінде ғана “Білім” қоғамы мүшелері 10 млн төңірегінде дәріс оқыды. 70-80 жылдары адамдардың рухани сұранысын қанағаттандыруға мәдени-спорттық кешендер, дискотекалар, кәсіпқой бірлестіктер қызмет етті. 90 жылдардың қарсаңында республикадағы 3103 кәсіпқой бірлестіктер 77 мың адамды біріктіріп отырды [73].

Мәдени-ағарту мекемелерінің ішінде ең көбі және көп салалысы кітапханалар мен клуб мекемелері болды. Кітапхана ісін ұйымдастыруға газет, журнал және кітап шығару ісіндегі табыстар тікелей әсер етті. Соғыс біткеннен кейінгі ширек ғасырда Қазақстанда кітап шығару аталымы бойынша 982%-ға, тиражы бойынша 436%-ға өсті, журналдар саны 24-тен 153-ке, газеттер 267-ден 355-ке артты. Бұл кітапханаларды баспа өнімдерімен жабдықтауды жасқартуға үлкен серпін берді. Өз кезегінде оқырмандар ортасындағы білімге деген құштарлықты арттырды.

1970 жылы көпшілік кітапханалар мен мәдени мекемелердегі оқырмандар саны 1955 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге (1,5 млн-нан 3,6 млн адамға) өсті, кітапханалардағы кітап пен журналдар саны 4 есеге дейін ұлғайды [74]. Барлық дерлік кітапханаларда оқырмандар конференцияларын, диспуттарын, тақырыптық кештерді, кітап көрмелерін ұйымдастыру және т.б. шаралар өткізу дәстүрге айналды. Клуб мекемелеріндегі мәдени-бұқаралық іс-шаралардың ауқымы ұлғайды. Ауыл-селолық елді мекендерде көркемөнерпаздар қойған спектаклдер мен концерттерге көрермендер көптеп жиналатын. Клубтарда лекция мен баяндамалар жиі оқылып тұрды.

1950 жылы республика клубтарындағы 6 мыңнан астам көркемөнерпаздар үйірмесіне 67,5 мың адам тартылған еді. 50-шы жылдары драма және хор үйірмелері басым түсіп жатса, кейінде музыка мен хореография үйірмелері жедел өсті. Клубтардың мәдени мекенге айналуына көрермендер залында 100, одан да көп орны бар ғимараттарды сала бастау игі ықпал еткенін де естен шығармау керек. 70 жылдар басында республикадағы клуб ғимараттарының 71% -ында 100-300 орынды көрермендер залы болса, 8 % -ында 300 орыннан да көп орын бартын [75].

Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері тұрғындарға кітаптық және клубтық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда халық шаруашылығының басқа салаларындағы мамандар көмегіне сүйенді. Олардың бірлескен қимылдарының нәтижесінде Ұлы Отан соғысы үзген сауатсыздықты жою ісі түпкілікті аяқталды.

1951жылдың 1 қаңтарында республикада сауатсыз 155,9 мың әйел және 63,5 мың еркек болды. Кейбір аудандарда еңбекке жарамды тұрғындардың құрамындағы сауатсыздар үлесі 13-15%-ға жетті. 1954-1962 жылдары Қытайдан келген оралмандардың бір бөлігі оқып-жаза алмады. Мәселен, Алматы облысына Қытайдан келгендердің 85%-дан 100%-ға дейінгісі сауатсыз болды. 1958 жылы республиканың тек ауылды жерлерінде ғана 90 мың төңірегінде сауатсыздар бар екен.

Сауаттандыру ісіне тартылған кітапханашылар, баспагерлер, мұғалімдер 20-30-жылдар тәжірибесін қолданды. 1958 жылы Мақаншы ауданы Благодарненской мектебінің 37 оқушысы және Семей облысы Үржар ауданының Абай атындағы мектебінің 20 оқушысы мәдени әскер қызметін атқарды. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында шешен, грек, неміс, әзірбайжан және басқа тілдерде сауатсыздықты жою топтары жұмыс істеді. Әрине, әріп танымайтын сауатсыздықты жоюда мұғалімдер шешуші роль атқарды.

60-жылдар қарсаңында 11,6 мың мұғалім сауатсыздықты жоюда қызмет етті. Сауатсыздықты жою 60 жылдары толық аяқталды. 1970 жылы республика тұрғындары құрамындағы 9-49 жас аралығындағы сауатсыздар үлесі 1959 жылдағы 3,1% -дан 0,3 % -ға дейін азайды [76].

Мәдени-ағарту жұмыстары партияның жіті қадағалауымен жүргізілді. Оның мақсаты мен мәні қалың көпшілік бойында таптық сананы, коммунистік идеяны қалыптастыру еді. Клубтар, кітапханалар, мұражайлар партиялық нұсқауларды басшылыққа алғандықтан КОКП, халықаралық коммунистік

қозғалыс, революциялар, комсомол тарихындағы мерейлі даталарға арналған түрлі шараларды әзірлеумен және өткізумен адамдардың мәдени сұранысын да қанағаттандыру мүмкін деп есептеді. Мәселен, КОКП ХХІ съезі жұмысы аяқталған соң екі айдан кейін Семей облысында кітапханалар, клубтар, қызыл бұрыштар жанынан қабырғаға ілетін көрнекіліктер, диаграммалар, жаймалар ұйымдастырылды. Гоголь атындағы облыстық кітапхана “КОКП ХХІ съезі құрметіне”, “КОКП ХХІ съезі” “КОКП ХХІ съезі материалдары” деген тақырыптармен безендірілді. КСРО-ның құрылуының 60 жылдығы қарсаңында Жамбыл облысының 356 клубтық мекемесінде “Октябрьмен туған Одақ ” айдарымен шаралар өтті [77].

Социализмнің дағдарысы тереңдеген сайын әлеуметтік инфрақұрылымды сарқынды принципмен қаржыландыру мәдени -ағартушылық жұмыстарға аз зиянын тигізбеді. “Қырғи-қабақ соғыс”, жанталаса қарулану, экономиканы милитаризациялау, төмен еңбек өнімділігі ел басшылығының мәдениеттен үнемдеуіне мәжбүр етті. Жеткіліксіз қаржыландырудың алғашқы белгілері 50-ші жылдары байқалды. Егер 1940 жылы ағарту және мәдени-ағарту шараларына Қазақстандағы мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің 39,6% жұмсалса, 1950 жылы – 37,2%, 1955жылы бар болғаны 18,5% болды [78].

60-жылдардың басында мәдениетке қажетінен аз қаржы бөлу түбегейлі орнықты. 1962 жылы 30-тамызда КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесі әлеуметтік-мәдени және басқа да шараларға бөлінген қаржыны үнемдеп жұмсау жөнінде шешім шығарды. Мұндай шешімді 1963 жылы 25-қаңтарда Қазақстан Компартиясы ОК және ҚазССР Министрлер Кеңесі де қабылдады. Ол көрермендер залы жоқ 125 клубты қоғамдық негізде жұмыс істеуге көшірді. Ауылдық клубтардың саны және еңбек ақы қоры қысқартылды, 191 қалалық және аудандық балалар кітапханалары таратылды, олардың кітап қоры мектеп кітапханаларына тегін берілді. Мәдениет және демалыс парктерін мемлекеттік қаржыландыру 37%-ға, театрлар мен музыкалық ұжымдарды қаржыландыру 25%-ға, спорттық шараларды қаржыландыру 30%-ға азайды. Бірқатар мұражайлар жабылды, бірқатар облыстық және республикалық газет-журналдарды шығару тоқтатылды [79].

Мемлекеттің мәдениетке қаржылай қамқорлығы бәсеңдеген жылдары табысы мол кәсіпорындар мен шаруашылықтар олқылықтың орнын өз мүмкіншіліктерімен толтыруға кірісті. Мұндай бастамалар ірі мәдениет ошақтарынан жырақ тұрған ауыл-село үшін мейлінше бағалы еді. 70-80 жылдары еңбеккерлері мен жас ұрпақтың рухани дүниесін байытуға шынайы қамқорлықтың үлгісін Павлодар облысының «Қазақ ССР-нің 30 жылдығы» ұжымшары, Орал облысының «Правда» газеті атындағы кеңшары, Жамбыл облысының «Трудовой пахарь» ұжымшары, Қарағанды облысының В.Пик атындағы кеңшары, Талдықорған облысының «Октябрьдің 40 жылдығы» агрофирмасы көрсетті. Мәселен, ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығы өндірісінің тамаша ұйымдастырушысы Я.Г.Геринг басқарған «Қазақ ССР-нің 30 жылдығы» ұжымшарында 1966 жылы музыка мектебі ашылған еді. Ұзамай хор, эстрадалық оркестр ұйымдастырылады. Ал 70-ші жылдар басында 700

адамның басын біріктірген 17 үйірме және көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс істеп тұрды.

Музыкалық лекторий мен ересектерге музыкалық білім беретін кешкі бөлім де болды. Тек 1977 жыл аясында ұжымшардың ән-би ансамблі облыс және аудан шаруашылықтарында 16 рет өнер көрсетіп, 5 мың адамға қызықты демалыс сағатын сыйлаған екен. Сол жылы мәдениет үйінде 26 лекция оқылып, 18 тақырыптық кеш, 600-ден астам демалыс кеші ұйымдастырылыпты [80]. Қаржы жетіспеуі, сондай-ақ жұмыста бір-бірін қайталауды жоюға тырысу 70-жылдар соңында мәдени-спорттық кешендер құруға әкелді. Енді кәсіпорын, ұжымшар, кеңшар, кәсіподақтардың мәдени-бұқаралық жұмыстарға бөлетін қаржысы, бюджет қаржысы бір қолға топтастырылды, әдетте ол Кеңестерге берілді, мәдени мекеме және спорттық ғимараттар кімге тиесілілігіне қарамастан, бірлесе түзілген жұмыс жоспарына сай пайдаланылды. Бұл кешендер жекелеген мәдени және спорт мекемелері өткізуге шамалары жетпейтін кең көлемді шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік ашты.

80-жылдардың екінші жартысында 400-ден астам мәдени-спорттық кешендер жұмыс істеді. Солардың бірі 1978 жылы Қарағанды облысындағы В.Пик атындағы кеңшарда ұйымдастырылады. Оған мәдени-ағарту мекемелері, «Қайрат», «Білім», ДОСААФ қоғамдарының бастауыш ұйымдары, орта мектептер, музыка мектебі, стадиондар кірген еді. Кешеннің жұмысын селолық кеңес төрағасы басқарған үйлестіру кеңесі реттеп отырды. Мұндағы 12 сектор еңбек тәрбиесі, балалармен жұмыс істеу, ауыл шаруашылығы білімі және озат тәжірибені насихаттау тәрізді бағыттарға жауап берді. Айталық, эстетикалық тәрбие секторының күшімен 12 көркемөнерпаздар ұжымы құрылған екен. Кешен жұмыс істей бастаған 5-6 жыл ішінде мәдени-көпшілік және тәрбие іс-шараларының ауқымы 2 еседен асып түсіпті [81].

Жинақтай айтқанда, XX ғасырдың II жартысындағы Қазақстан мектебі мен мәдени-ағарту жүйесі қарама-қайшы тенденцияларға толы жағдайда жұмыс істеді. Олар республика тұрғындарының бірнеше буынына өмірлік азық болатын рухани құндылықтар мен ұстанымдар сыйлағанын ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда мектепте білім беру сапасының замана талабына сай келе бермеуі, мәдени-бұқаралық шаралардың адам үшін ұйымдастырылғаннан гөрі жалаң саясатқа жүгіндірілуі, әлеуметтік дамудағы мәдениеттің жоғары ролі туралы көп айтылғанмен жеткілікті қаржыландырылмауы қоғамның моральдық-психологиялық ахуалына, оның мүшелерінің өмір салтына кері ықпал етті.

Жастардың бір бөлігі өмірге инфантильді, тұтынушылық психологиямен аяқ басты, мәдени-ағарту мекемелері бұрынғы тартымдылығын жоғалтты. Мұның барлығы социалистік құрылыстың терең дағдарысқа түсуінің салдарына айналды.

2.2. ҒЫЛЫМ. ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР

Ұлы Отан соғысы жылдары ҚазССР Ғылым академиясын ұйымдастыру үшін қолға алынған іс-шаралар 1946 жылы сәтімен жүзеге асты. Оған КСРО Халкомкеңесінің 1945 жылы 26 қазанда қабылдаған «ҚазССР Ғылым академиясын ұйымдастыру туралы» қаулысы, ҚССР Жоғарғы кеңесі президиумының, ҚазССР Министрлер кеңесі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1946 жылы 31 мамырда қабылдаған «Қазақ ССР Ғылым академиясын құру туралы» қаулысы пәрменді ықпал етті.

1946 жылғы 1 маусымда ҚССР Ғылым академиясының салтанатты ашылу рәсімі өтті. 3 маусымда ҚССР Ғылым академиясы жалпы жиналысының бірінші мәжілісі шақырылды. Үкімет шешімімен Республика Ғылым академиясының алғашқы құрылтайшылары болып аса ірі 30 ғалым мен ғылым басшылары бекітілді. ҚССР Ғылым академиясының толық мүшелері (академиктер) құрамында жазушы М.Әуезов, химик Қ.Бектұров, биолог И.Г.Галузо, өнертанушы А.Жұбанов, геолог Н.Г.Кассин, түркітанушы Н.Сауранбаев, астроном Г.А.Тихов, мүше-корреспонденттер қатарында физиолог Н.Базанова, тарихшы Ә.Марғұлан, дәрігер А.Н.Полосухин бар еді. Академиктердің ішіндегі ең кішісі Н.Сауранбаев 36 жаста болса, ең үлкені Г.А.Тихов 71-ден асып кеткен ақсақал болатын [82].

ҚССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып ғұлама ғалым Қ.Сәтбаев сайланды. Ғалымдар ортасындағы дәстүр бойынша, ҚССР Ғылым академиясы жалпы жиналысының бірінші мәжілісін жасы үлкен ақсақал, академик Г.А.Тихов ашты. «Қазақтар, - деді ол, - өздерінің дамуы, ағартушылығы мен мәдениеті ең алдымен орыс ағартушылығы және мәдениетімен тығыз байланыста екенін баяғыда түсінген. Орыс ғалымдары да қазақтардың мәдени сұранысына шын жүректен құшағын жайды... Бірақ Қазақстан борышта қалған жоқ. Қаһарлы 1941 жыл келіп жетті. Ресейдің, Украинаның және Кеңестер Одағындағы басқа республикалардың ғалымдарының үлкен тобы Қазақстаннан жылы ошақ тапты әрі өз жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік алды...» [83]. Құрылған жылдың өзінде-ақ ҚССР Ғылым академиясында бірсыдырғы ғылыми және кадрлық әлеует бар еді. Төрт бөлімшеге біріккен 16 ғылыми зерттеу институттары, тұрақты зерттеу базаларының үлкен желісі қалаларда да, ауыл-селоларда да қанат жайып, ғылыми-зерттеу жұмысының тәп-тәуір ауқымын анықтап берді.

1500-ден астам қызметкерлер астрономия мен геологияның, химия мен медицинаның, энергетика мен тау-кен ісінің, металлургияның, тарихтың, тіл мен әдебиеттің өзекті мәселелерін зерттеумен айналысты, ҚССР Ғылым академиясына бөлінген қаржы 45 млн. рубльден асып түсті. Ал ол 1941 жылы 3,7 млн, 1946 жылы 21,9 млн. рубль ғана еді [84]. Жаңа ғылым ошағы дүниеге келген сол бір сәтте оның тұңғыш президенті академик Қ.Сәтбаев алдағы міндеттер мен болашаққа шолу жасай келе, былай деген екен: «Қазақстанда ғылымның алдына республикамыздың неше алуан және мейлінше мол жаратылыс байлықтарының бәрін мұнан былай да тездетіп зерттеуге, бұл байлықтарды халық шаруашылығының қажетіне асырудың неғұрлым тыңғылықты әдістерін белгілеуге, сол сияқты еліміздің социалистік

экономикасы мен мәдениетінің жалпы өркендеуіне байланысты зор тарихи міндеттер қойылып отыр» [85].

ҚазССР Ғылым академиясы қысқа мерзімде ғылыми ой-сананың ірі орталығына айналды. Өндіріспен тікелей байланыс орната алуымен ол өз қызметінің мәнді сипатын анықтады. Атап айтсақ өнеркәсіп орталықтарында бірнеше ғылыми құрылымдар шаңырақ көтерді: Өскемен қаласында түсті метал ғылыми-зерттеу институты, Алтай тау-металлургия институты, энергетика, ихтиология және микробиология институттарының бөлімшелері, Лениногорск пен Зыряновскіде Алтай тау-металлургия институтының бөлімшесі, Қарағандыда химия-металлургия және көмір ғылыми-зерттеу институттары, тау-кен машиналарын жобалау, конструкторлық және эксперименталды институты, кәсіби гигиена мен кәсіби аурулар институты, Гурьевте химия, мұнай және табиғи тұздар, геология мен геофизика, ихтиология мен балық шаруашылығы институттары, Жезқазғанда, Павлодарда, Шымкентте, Рудныйда ғылыми-зерттеу институттарының бөлімшелері ашылды.

ҚССР Ғылым академиясының көшпелі сессияларын ірі экономикалық аудандарда -Алтайда (1947 ж., 1954 ж.), Орталық Қазақстанда (1949 ж., 1958 ж.), Батыс Қазақстанда (1949 ж.), Қостанай индустриялық кешенінде (1957 ж.), Жезқазған өнеркәсіп торабында (1961ж.) өткізу дәстүрге айналды [86]. Ғалымдар Ертіс-Қарағанды каналының негіздемесін жасады, біртұтас энергетикалық жүйенің қазақстандық схемасын түзді. Ол Сібір мен КСРО-ның Европалық бөлігіндегі біртұтас энергетикалық жүйелерді байланыстырған буынға айналды, қызыл және инфрақызыл сәулелерді өсімдік гүлдері шығаратынын анықтады.

60-шы жылдар басында ҚазССР Ғылым академиясының 55 ғылыми мекемесінде, оның 25-і ғылыми-зерттеу институттары, 39 академик, 34 мүше-корреспондент, 6 мыңнан астам қызметкер, олардың 640-ы ғылым докторы мен ғылым кандидаты, жұмыс істеп жатты [87]. Ғылым академиясының біраз жаңалықтары әлемдік деңгейге сай келді. Мәселен, Қ.Сәтбаевтің жетекшілігімен геология институтындағы бір топ ғалымдар Кеңестер Одағында тұңғыш рет Орталық Қазақстанның болжам- металлогендік картасын жасап шықты, нәтижесінде түсті, кара, сирек металдардың ірі кен орындары ашылды әрі өнеркәсіптік тұрғыдан дұрыс бағаланды. Ғалымдардың тынымсыз ізденісімен Маңғыстаудың оңтүстігінде және Орал, Ембі бассейнінде мұнай мен газдың ірі қоры табылды, түсті металдарды қорытудың циклонды әдісі өндіріске енгізілді, Лениногор полиметалл рудниктерінде күшпен дуалдарды құлату жүйесі іске асырылып, тау-кен жұмысының еңбек өнімділігі 3-4 есеге көтерілді.

1958 жылы Қ.Сәтбаев және бір топ ғалым геологтарға Орталық Қазақстанның кешенді әрі болжамды картасын жасағаны үшін, 1966 жылы Ш.Есенов бастаған бір топ ғалымға Маңғыстаудың оңтүстігінде мұнай мен газ қорын ашқаны үшін Лениндік сыйлық берілді, 1976 жылы өсімдік клеткаларындағы информсомдық қасиеттерді зерттеудегі табысы үшін қазақ ғалымы М.Айтқожин Ресейлік ғалымдармен бірге Лениндік сыйлықтың иегері атанды. Әлемдік стандарттар деңгейінде жездің, қорғасынның және мырыштың

жаңа кивцеттік технологиясы, фосфоритті, темір шикізатын өңдеудің технологиясы, төменгі сапалы боксидтерді қайта өңдеудің жаңа тәсілі дүниеге келді. 1956-1966 жылдар аралығында 9 томдық „Флора Қазақстаны” зерттеуі жарық көрді. Органикалық химия, жоғары молекулалық бірігу химиясы, катализ саласында ірі зерттеулер жүргізілді. Қазақстанның артезиан бассейні мен гидрогеологиялық картасы жасалды.

1969 жылы ҚазССР Ғылым академиясы химия-металлургия институтының директоры Е.Букетовке жез балқытуды күрт өсіретін мүмкіндіктерді ашқан ғылыми жаңалығы үшін КСРО мемлекеттік сыйлығы берілді. 1971 жылы ҚазССР ҒА-ның академигі Ә.Сағынов Кеңес ғылымын, жоғары білімді дамыту және маман кадрларды даярлау ісіне қосқан зор үлесі үшін Социалистік Еңбек Ері атанды. Тұтастай алғанда, соғыстан кейінгі кезеңде ҚазССР ҒА-ның жүйесінде жұмыс істеп немесе оның толық мүшесі, мүше-корреспонденті болып сайланған 7 ғалым Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді, 18 ғалымға Лениндік сыйлықтың лауреаты атағы, 43 ғалымға КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді [88].

Қоғамтанушы ғалымдардың ірі табысы ретінде Эль-Фарабидің, Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, Ж.Жабаевтың мұраларын зерттеу мен жарыққа шығаруды айтқан ләзім. 6 томдық Қазақ әдебиетінің тарихы, 5 томдық «ҚазССР тарихы», 3 томдық «ҚазССР мемлекеті мен құқықтарының тарихы», 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», диалектикалық логиканың өзекті мәселелері бойынша философтардың жарияланымдары қалың көпшіліктің жоғары бағасына ие болды, ҚазССР ҒА-сы қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалымдары 80-ші жылдардың екінші жартысында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру жолында, халықтың тарихи санасындағы «ақтаңдақтарды» жоюға, А.Байтұрсынов, Қ.Бөкейханов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышпаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабеv тәрізді тұлғаларды ақтау ісіне, ұлт-азаттық қозғалысы, ұжымдастыру, 1931-1933 жылғы аштық, сталиндік қуғын-сүргін, дәстүрлі қазақ мәдениеті, зиялылар тарихына қатысты жаңа зерттеулер жазуға айтарлықтай мол үлес қосты.

Жоғары оқу орындары мен салалық ғылыми-зерттеу институттарында да ғылыми ізденістер бағыты және мектептер қалыптасты. Олардың еңбегі арқасында бидайдың қысқы және күзгі жаңа сорттары, жүгерінің, тарының, картоптың жаңа сорттары алынды. Мал дәрігерлік ғалымдар ауыл шаруашылық жануарларының: қазақ қойын, арқар меринос, қазақтың ақбас мүйізді ірі қарасын, етті-сүтті Алатау мүйізді ірі қарасын, Қостанай жылқыларын өсірді. А.П.Полосухин, А.Н.Сызғанов бастаған дәрігер ғалымдар шок пен жаракаттануды емдеудің пәрменді жолдарын тапты. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қызметкерлері 1966-1970-ші жылдар арасында ғана 78 авторлық куәлікке ие болды, ал бес жаңалықтары шетелде патенттенді. Профессор А.Т.Лукиянов жетекшілік еткен зерттеушілер тобы физика мен техникадағы линейлік емес үрдістерді, математикалық модельдеу саласында теориялық және тәжірибелік-конструкторлық жаңалығын ашты, статистикалық модельдеудің теориясын жасап шықты. Еріткіштердің жалпы

теорияларына арналған іргелі зерттеулерді профессор М.И.Усанович жүзеге асырды. Шортандыдағы астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының жел эрозиясына ұшыраған топырақ қорғау жүйесіне қатысты алған нәтижелері үлкен практикалық табыстарға қол жеткізіп, сол үшін бір топ ғалымға Лениндік сыйлық берілді [89]. Жоғары мектеп пен ғылыми-зерттеу институттарының іргелі ошаққа айналуына академиктер Ө.Жолдасбеков Ө.Байқоңыров, Ж.Әбділдин, А.И.Бараев, А.Нүсіпбеков, С.Кеңесбаев, М.Ғабдуллин, Ш.Шокин, Ә.Бектұров, Е.Ерғожин, мүше-корреспонденттер Х.Арыстанбеков, Г.Ф.Дахилейгер, С.Толыбеков, А.Қасымжанов, тағы басқа ұйымдастырушылар зор үлес қосты. Дегенмен тоталитаризм ережелері үстемдік құрған тар кезеңде Қазақстан ғылымының жасампаз күші мен мүмкіндіктері толық ашылды деуге болмайды.

XX ғасырдың 40-50 жылдар межесінде биология, медицина, аграрлық саладағы ғалымдардың үлкен тобы вейсманизм-морганизм ілімін дәріптеді, антиғылыми және буржуазиялық теорияны қолдады, Мичурин мен Лысенконың материалистік биология жайлы қағидаларын ескермеді деген айыптауға ұшырады. Шындығына келгенде биология, генетика топырақтану, медицина ғылымының бірнеше өміршең салаларының алға басуына лысенкошылдық зиянын тигізді. Сол жылдары қанат жайған буржуазиялық ұлтшылдықпен күрес науқанының қысымымен М.Әуезов, А.Жұбанов тәрізді ғалымдар республикадан тысқары кетуге мәжбүр болса, тарихшы Б.Сүлейменов, филолог С.Кеңесбаев, фольклоршы Қ.Қоңыратбаев тағы басқалары да жұмыстан қуылды.

«XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» монографиясының авторы профессор Е.Бекмаханов буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны насихаттады, реакционер сұлтандарды, хандарды дәріптеді деген айыптаумен 25 жыл мерзімге сотталды. 1951 жылы Қ.И.Сәтбаев ҚССР Ғылым академиясының президенті қызметінен босатылды. 1948-1952 жылдары ұзын-ырғасы 200-ден астам ғалым саяси сенімсіз немесе Қ.Сәтбаевтың жақыны деген айыптаумен Ғылым академиясынан қуылды [90].

60-шы жылдары ғылыми-техникалық прогрестің өзекті бағыттары – машинатану, радиоэлектроника, радиотехника, автоматика салаларында ғылым кадрларын даярлау және ғылыми-зерттеу мекемелерін ашу қарқыны төмендеп кетті. Партия аппараттарының қойнауында туған «Кемелденген социалистік қоғам», «Адамдардың тарихи жана қауымдастығы», «Капитализм әлемінің дағдарысы», «КСРО-да әлеуметтік біртектіліктің қалыптасуы», «Социалистік ұлттардың гүлденуі мен жақындауы» сияқты жалған тұжырымдамалар қоғамдық ғылымдарды тығырыққа тіреді, есесіне ғылыми ой-сананың тоқырауға ұшырағанын жаба тоқу үшін партия съездері мен пленумдарының шешімдері, бас хатшының сөздері құрандай дәріптелді. Ресми идеологияның шеңберінен шығып кеткен немесе Орталықтың байламы мен тұжырымдарына күдік келтіретін зерттеулер берісі - бас көтертпейтін сынға ұшырады, әрісі - жойылды. Ал олардың авторлары саяси тұрғыдан сенуге болмайтын адамдар қатарына енгізілді.

70-ші жылдары М.Қозыбаев пен З.А.Голикованың «Золотой фонд партии», О.Сүлейменовтің «Аз и Я», О.Исмағұловтың «Этническая антропология Казахстана», Ғ.Сапарғалиев пен М.Дүйсеновтың «Социологическая мысль в Казахстане в конце XIX начале XX веков» монографиясы осындай тәлкекке ұшырады [91].

Социалистік құрылыстың соңғы он жылында ғылыми зерттеулердің тиімділігі әлсірегені және ғылыми интеллигенция тобының жасы ұлғайғаны көзге түсті. Айталық, 1985 жылы өндіріске енгізілген ғылыми жаңалық тиімділігі 1980-ші жылмен салыстырғанда 2 есеге төмендеп кетіпті. ҚССР Ғылым академиясы алға тартқан 76 ұсыныстың 5-і 1986 жылғы мемлекеттік жоспарға 5-і, министрліктер мен ведомствалардың жоспарына 9-ы ғана енген еді [92]. Қазақ тілі ғылымда жұмыс істеуден қалды.

90-шы жылдардың қарсаңында Қазақстандағы 41,3 мың ғылыми қызметкердің 928-ы ғана, яғни 2,2% ғылым докторы дәрежесіне ие болса, ғылым кандидаттарының үлесі 35,3% дәрежесінде қалды. Әсіресе жастардан шыққан ғылым докторларының саны мейілінше аз еді. 40 жасқа дейінгі ғылым докторларының үлесі 1%-ға да жетпеді. 35 жасқа дейінгі ғылым кандидаттарының саны 10%-дан төмен еді. Ғылым докторларының арасында саны көптер 51-60 жастағылар (45,0%), ғылым кандидаттарының арасында 41-50 жастағылар (41,8%) болды. Тау-кен институты, топырақтану, зоология, физиология, тіл білімі, әдебиет және өнер институттарында ғылым кандидаттарының орташа жасы 50 жастан асып кетсе, биология ғылымдары, гидрогеология және гидрофизика, тау-кен, топырақтану, микробиология және вирусология, әдебиет және өнер, тіл білімі институттарында ғылым докторының орташа жас шамасы алпыс және одан да жоғары болатын.

ҚССР Ғылым академиясының толық мүшелерінің орташа жасы 1969 жылы 57,3 жас болса, 1970 жылы 63,6, 1980 жылы 64,1, ал 1989 жылы академиктердің орташа жасы 67,3, мүше-корреспонденттердің орташа жасы 64,7 жасқа жетіпті [93]. Жекелеген тұлғалы ғалымдардың еңбегі адал бағаланбады. Академик Ш.Есеновтың Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті, академик Е.Букетовтың Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметінен босатылуы әділдікті белден басудың нақ өзі еді. Қазақстан ғылымының осындай және басқа да шешілмеген қиындықтары қоғамдық қатынастардағы кереғарлықтан, тоталитарлық өктемділіктен, ғылыми саясаттағы субъективизмнен туындаған еді. Соғыс аяқталып, социалистік жүйе күйреп түскенге дейінгі жылдардағы Қазақстан көркем мәдениеті социалистік реализм принциптері мен өлшемдері аясында дамыды.

Бұл мәдениеттің басты мақсат-міндеті өткен замандағы, бүгінгі күндегі үрдістерді социалистік идеал биігінен көрсетуге сайды. Жазушылардың, суретшілердің, сазгерлердің, архитекторлардың, әртістердің, журналистердің жасампаздық практикасын шығармашылық одақтардағы партия ұйымдары қатаң қадағалаумен болды. 1966 жылы алты шығармашылық одақ пен театр қоғамы мүшелерінің 66,1% СОКП қатарындағылар еді.

1966-1981 жылдар ішінде архитекторлар одағы мүшелерінің қатары 2,7 есе өссе, олардың арасындағы коммунистердің саны 2,1 есе көбейді,

журналистер одағында бұл көрсеткіштер тиісінше 1,6 және 1,5, кинематографистер одағында – 1,8 және 1,6, сазгерлер одағында 2,3 және 1,4, жазушылар одағында 2,8 және 2,0, суреткерлер одағында – 1,9 және 2,1, театр қоғамында – 1,4 және 2,5 екен [94].

Суреткер зиялылардан ұлы қазан революциясының алғы-шарттары мен салтанатты шеруін, социалистік қайта құрулар әлемде теңесі жоқ ілгерлеу екенін, адамзаттың болашағы жұмысшы табы мен коммунистер партиясының миссиясымен анықталатынын бейнелеу талап етілді. Кеңестік дәуірге қатысты бірде-бір шығарма коммунистің бейнесіз, партия ұйымының қызметінсіз өндіріске жіберілмейтін дәстүр орнықты. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің ғылым және оқу орындары, мәдениет бөлімдері құрылды. Алайда идеологиялық қысым да, 40-50 жылдардың межесіндегі қуғын-сүргін де, тұрғын үй тапшылығы мен тұрмыстың қиыншылықтары да көркем мәдениеттегі оңтайлы ілгерілеулерді тежей алмады.

М.Әуезовтың „Абай жолы” роман-эпопеясы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, даналық ақыл-ой қазынасы мен менталитетін барша әлемге паш етті. „Алыптар тобы” атанған жазушылар С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың, Ғ.Мұстафиннің жаңа туындылары оқырмандарына жол тартып, оларда Ш.Уәлихановтың, С.Сейфуллиннің, еңбек адамдарының, қазақ солдатының, ананың бейнелері сомдалды. Ә.Нұрпейісовтың „Қан мен тер”, І.Есенберлиннің „Көшпенділер”, Ә.Кекілбаевтың „Үркер”, Х.Есенжановтың „Ағайынды Жүнісовтер”, Ш.Мұртазаның „Қызыл жебе”, С.Жүнісовтың „Ақан сері”, М.Мағауиннің, Б.Момышұлының, Д.Снегиннің, Т.Ахтановтың, Қ.Салғараның, Ә.Нұршайықовтың, Қ.Жұмаділовтың тағы басқа кітаптары ұлт әдебиетінің көркемдік-идеялық кемелденгенін айғақтады. Поэзия тарландары Ә.Тәжібаевтың, Ж.Молдағалиевтің, Ғ.Ормановтың, С.Мәуленовтың, Ғ.Қайырбековтың, Т.Жароковтың, Қ.Бекхожиннің үрдістерін жаңа түр және мазмұнмен ақындар О.Сүлейменов, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, М.Шаханов, Ф.Оңғарсынова, Т.Айбергенов, Т.Молдағалиев, К.Ахметовалар жалғастырды.

Саз өнерінің ардагерлері А.Жұбанов, Е.Брусиловский, В.Великанов, Л.Хамиди, С.Шабельский, тағы басқалар үздік шығармаларын жазды. Е.Брусиловскийдің «Дударай» операсы орыс қызы Мария мен қазақ жігіті Дүйсеннің арасындағы махаббат тарихына арналды. 1947 жылы Абай атындағы опера және балет театрында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Төлеген Тоқтаров» операсының тұңғыш қойылымы болды. Қазақ ұлт аспаптар оркестрінің репертуарын қалыптастыруға С.Шабельский мен Л.Шаргородскийдің шығармашылығы айтарлықтай әсер етті.

Қазақ саз мәдениетінің алтын қорына М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсының кіргені осы жылдары. 50-жылдары С.Мұхамеджанов, Қ.Қожамьяров, Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиев тәрізді талантты композиторлар легі бой көтерді. Олардың алғашқы шығармаларынан-ақ (Қ.Қожамьяров жазған ұйғырдың тұңғыш операсы «Назугум», С.Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» симфониялық күйі, Ғ.Жұбанованың «Ақсақ құлан» поэмасы, Е.Рахмадиевтың «Амангелді» поэмасы) саз өнерінің дамуына лайықты үлес қосатын жастардың бар екені көрініп тұрды. 60-80 жылдары ән шығарушы композиторлар

Ш.Қалдаяқов, Б.Байқадамов, Н.Тілендиев, Б.Жамақаев, М.Маңғытаев, Е.Хасанғалиев есімдері бүкіл республикаға танымал еді. Қазақ саз өнерінің өзіндік ұлттық ерекшеліктері И.Жақановтың, Т.Базарбаевтың, Ә.Бейсеуовтың, А.Сейдімбековтің, Ж.Әлімхановтың, А.Қоразбаевтың шығармаларымен ашыла түсті. Сазгерлердің шығармашылық табыстары концерттік қызметтің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік берді. Халықтың музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға «Қазақконцерт» бірлестігі, Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония, Мемлекеттік ән-би ансамблі, Мемлекеттік симфониялық ансамбль, Құрманғазы атындағы мемлекеттік қазақ ұлт аспаптар ансамблі, Мемлекеттік қазақ хор капелласы зор еңбек сіңірді. «Гүлдер» эстрадалық-жастар ансамблі, «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі, «Дос-Мұқасан» вокалды-аспаптық ансамблі, „Алматының жас балеті” биік орындаушылық шеберлігімен ерекшеленді. Театрлар жүйесі кеңейді. 1950 жылы республикада 26 кәсіби театр жұмыс істеп тұрса, арада 40 жыл өткен соң олардың саны 36-ға жетті. Осы мерзім аясында театрға барушылардың қатары 3 есеге жуық өскен екен [95].

Театр репертуарларының негізін қазақ, орыс және шетел авторларының шығармалары құрады. М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында қойылған М.Әуезовтің «Абай», Ш.Айтматовтың «Ана–Жер-Ана», Қ.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», О.Бөкеевтің „Құлыным менің”, Ш.Мұртазаның «Сталинге хат», Қ.Мұхамеджановтың «Біз періште емеспіз», А.Сүлейменовтің «Төрт тақта жайнамаз», А.П.Чеховтың «Ваня ағай», Ж.Мольердің «Сараң» спектакльдерін, М.Ю.Лермонтов атындағы Республикалық орыс драма театры қойған В.С.Розовтың «Гнездо глухаря», А.В.Вампиловтың «Утиная охота», Ю.Домбровскийдің «Факультет ненужных вещей», Шекспирдің «Сон в летнюю ночь» спектакльдерін көрермендер жылы қабылдады. Сахна өнерінің сан алуан реңк алуына ұйғыр және корей музыкалық драма театрлары, неміс драма театры қойылымдарының қосқан үлесі бар.

«Жамбыл», «Ботагөз», «Оның уақыты келеді», «Мәншүк туралы ән», «Артымызда Москва», «Девушка-джигит» көркем фильмдері қазақ кино өнерінің 50-60 жылдардағы үздік жетістігі болып табылады. Республика кинематографистерінің кәсіби және шығармашылық тұрғыдан өскенін 70-80 жылдарда экранға шыққан «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Торы», «Сұлтан Бейбарыс», т.б. фильмдер айғақтады.

Театр өнері мен кинодағы табыстар А.Әшімов, Н.Жантөрин, Ы.Ноғайбаев, Ә.Молдабеков, С.Майқанова, Х.Бөкеева, В.Б.Харламова, Е.Я.Диордиев, Ли Хам Дек, Р.С.Илахунова, т.б. өнер саңлақтарының шығармашылығымен тығыз байланысты. Қазақ өнерінің білгірі Е.Букетов дөп басып жазғандай, соғысқа дейінгі дәуірдегі қазақ актерлері ешбір театр мектебінен өтпей, ешбір системаны білмей, тек бойларындағы табиғи талантқа сеніп сахнаға шыққан өнерпаздар еді. Бұлардың көбі дерлік ойнайтын кейіпкерінің психологиясын ғылыми жолмен саралап барып жетпей, актерлік күшті сезім, қиял шабыты арқылы барып алатын [96].

40-жылдардың аяғынан бастап өнер оқу орнын бітіргендер театр мен киноға келе бастады. Бұл өз нәтижесін берді де. Режиссерлар Ш.Аймановтың,

М.Бегалиннің, С.Ходжиковтың, А.Қарсақбаевтың, Ю.Л.Рудковскийдің, Мен Дон Ук, Ә.Мәмбетовтың шалқар таланты ашылды.

Социализмнің соңғы жарты ғасырындағы Қазақстанда бейнелеу өнерінің ең дамыған түрі живопись еді. Ұлт суретшілерінің алғашқы буыны Ә.Қастеев, Қ.Телжанов, С.Мәмбеев, К.Шаяхметов, М.Кенбаев, Н.Нұрмұхамедов, А.Исмаилов шығармаларына қазақ халқының мінезін, әдет-ғұрпын, тұрмысын тереңнен толғау, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік тән болса, осы жылдары ұлттық рухани әлемін таспен бейнелеген алғашқы қазақ скульпторы Х.Наурызбаевтың шығармашылық еңбек жолы басталды.

Графика өнерінің іргетасын Е.Сидоркин, Сахи Роман, К.Баранов, В.Антощенко-Оленев тағы басқа қалағанын айту ләзім. Бейнелеу өнерінің жанрларын, түрлерін, мәнерін байытуға кейінірек суретшілер Ж.Шәрденев, С.Айтбаев, Д.Әлиев, Е.Төлепбаев, графика бойынша М.Қисаметдинов, Т.Ордабеков, А.Дәненов, скульпторлар А.Әлдеков, А.Андрущенко, Л.Ядринцев тағы басқа лайықты үлес қосты. Әншілер Б.Төлегенова, Р.Жаманова, Р.Бағланова, Е.Серкебаев, Мүслім және Рашид Абдуллиндер, домбырашылар Қ.Есқалиев, Қ.Мұхамедияров, Б.Уәлиев шығармаларында Ә.Қашаубаевтың, Д.Нұрпейсованың, Н.Бекежановтың дәстүрлері жалғасын тапты. Ә.Дінішев, Ж.Кәрменов, Р.Рымбаева, Н.Үсенбаева, К.Мыржықбаев, Қ.Байбосынов Ю.Клушкин, А.Гайсин, Р.Бапов, Т.Әбдірешов, т.б. талантты жастар суырылып шықты. Скрипкашылар А.Мұсаходжаева, апалы-сіңлілі Нақыпбековалар, Г.Мырзабекова, пианист қыздар Г.Қадырбекова, Ж.Әубәкірова, иллюзионистер С.Шүкіров пен С.Қабиқожина әлденеше халықаралық конкурстардың жеңімпазы атанды.

70-80-жылдары 20-дан астам өнер саңлақтары «КСРО-ның халық артисі», «КСРО-ның халық суретшісі», Социалистік Еңбек Ері атақ-дәрежелеріне ие болды [97]. Қазақстанның халықаралық ғылыми-техникалық және мәдени байланысы ұлғайды. Алматы 1955 жылы Кеңестік заманда тұңғыш рет халықаралық деңгейдегі мәртебелі қонақтарды қабылдады: Индияның премьер-министрі, Бирманың басшысы келді. Сол күндері, деп жазды өзінің естелігінде Д.Қонаев, қазақстандықтар экономикасы нығайған біздің республикамыз елдің ішінде де, халықаралық орбитада да нық беделге ие болғанын алғаш сезінді [98].

70-ші жылдары Қазақстан ғалымдары 90-ға жуық халықаралық форумдардың жұмысына қатысқан еді. Одақтас республикалар арасындағы мәдени-шығармашылық ынтымақтастық бұрын-соңды болмаған биік дәрежеге көтерілді. Декадалар мен мәдениет күндері үздіксіз өтіп жатты. Алайда көркем мәдениетті СОКП жоспарын жүзеге асырушы күш ретінде ғана түсінген тоталитарлық қоғамда шығармашылық бостандықтың тақырыптық және хронологиялық шеңбері шектеулі болды. Басты назар бүгінгі күн мәселесіне, Кеңес халқының «ұлы ерліктерін» көрсетуге аударылды. Ұлт-азаттық қозғалысы, Алаш тарихы, аштық, саяси қуғын-сүргін, экологиялық және демографиялық қасірет тәрізді мәселелер бойынша шындықты көркем шығармалармен бейнелеу мүлдем мүмкін емес еді. Әкімшіл өктемдік кең етек жайғандықтан шын таланттың жолы бола бермей, өнерге қарабайырлық,

атаққұмарлық, бақталастық енді. Мәселен, мәдениет маңындағы әсіре қырағылықтың қырсығынан апалы-сіңлілі Нақыпбековалар шетелдік сапардан Қазақстанға қайтпай қалды. Партиялық цензура ұзақ уақыт бойы Қ.Мұхамеджановтың «Біз періште емеспіз» шығармасын сахнаға шығартпады.

1956 жылы Қазақстан коммунистік партиясы Орталық Комитеті «Қазақ әдебиеті» газеті көтерген революциядан бұрынғы ақын-жазушылардың шығармасы жайлы қабылданған шешімдерді қайта қарау, қазақ тілінің мүшкіл халі, жоғары оқу орындарында қазақ бөлімдерін ашу мәселелерін қателесу деп сынға алды.

1974 жылы буржуазиялық жазушы Ф.Форсайттың «День шакала» романын жариялаған «Простор» журналы идеялық-тәрбие жұмысына нұқсан келтірді деп танылып, журналдың басшыларын ауыстыруға шешім қабылданды. М.Бегалиннің «Отқа оранған Орал» кинофильмі саяси бағамдаумен экранға шықпай қалды [99]. Әдебиет және өнер партиялық істің ажырағысыз бөлігіне айналды. Социалистік қоғамның нығаюы мен дағдарысқа ұшыраған дәуірінде Қазақстан ғылымы, мәдениеті және өнері іштей жіктеле отырып, жаңа белестерге көтерілді. Қазақ халқы мен Қазақстанды мекендеген басқа да ұлттардың талантты ұл-қыздары еліміздің рухани өмірін байытып қана қоймай, әлемдік өркениеттің қазынасына олжа салды. Әрине, тоталитарлық қыспақ аз зардабын тигізген жоқ. Түптеп келгенде, әлеуметтік ілгерілеуге тосқауыл болған жүйенің өзі күйреп түсті.

2.3. МАМАН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ӨСУІ

Соғыс Қазақстанның онсыз да аз мамандар әлеуетін әлсіретіп жіберді. Халық шаруашылығының барлық салаларынан мамандардың жетіспеушілігі айқын көрінді. Мысалы, 1945 жылдың 1 шілдесінде “Қарағанды көмір” комбинатында еңбек етіп жатқан 1,5 мың инженерлік-техникалық қызметкерлердің 63% практиктер болатын [100].

Мұғалімдердің тапшылығы себепті олардың әрқайсысы бірнеше пәндерден сабақ жүргізе беруге мәжбүр болды. Жоғары оқу орындарының республика көлемінде біркелкі орналаспағанынан, олардың негізгі дені Алматы мен оңтүстік қалаларда қоныстанған еді, тұтас өңірлер мамандарға деген сұранысын пединститут түлектерімен ғана жауып отырды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда Ақмола, Шығыс Қазақстан, Гурьев облыстарында бірде-бір институт болған емес. Осылайша маман кадрларға тапшылықты жоюға қажетті жоғары және орта арнайы оқу орындарының жүйесін түзу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды. 50-жылдары жаңадан 13 институттың – Семейде мал дәрігерлік (1951ж.), медициналық (1953ж.), Қарағандыда медициналық (1950ж.), педагогикалық (1952ж.), политехникалық (1953ж.), Гурьевте педагогикалық (1950ж.), Шымкентте педагогикалық (1954ж.), Қостанайда педагогикалық (1955ж.) институттардың шаңырақ көтеруі осының айғағы [101].

Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Семей облыстарында жаңадан ашылған техникумдар саны төрттен тоғызға дейін

жетті. 60-жылдары республиканың жаңадан ұйымдастырылған 15 жоғары оқу орындары, оның ішінде Целиноградта инженерлік-құрылыс және медициналық, Павлодарда индустриалды және педагогикалық, Оралда ауылшаруашылық, Шымкентте мәдениет пединституты алғашқы студенттерді қабылдады. Егер 1945/1946 оқу жылында тек Алматыда 3000-нан аса студент оқыса, 1960/1961 оқу жылында осынша студенттері бар қалалардың саны 6-ға жетті, ал 1970-1971 оқу жылында Қазақстанның 13 қаласында 3 мыңнан аса студент оқыды. Қарағанды, Целиноград, Жамбыл, Семей, Өскемен қалалары ірі оқу орталықтарына айналады. 1945 жылдан 1970 жылға дейінгі аралықта жоғары оқу орындарының саны 1,8 есе (24-тен 44-ке дейін), орта арнайы білім беретін мекемелер 2,1 есе (92-ден 192-ге дейін) өсті [102].

1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті, яғни республикадағы екінші университет ашылды. Оқу орындары жүйесінің кеңеюі студенттердің қабылдануы мен мамандарды даярлап шығару жұмысын ілгерілетті. Мысалы, 1947-1948 оқу жылында республиканың бүкіл оқу орындарына 5,2 мың студент қабылданса, 1960 жылы-18,1 мың, 1970 жылы - 42,8 мың адам қабылданып, соғыстан кейінгі ширек ғасырда оқу бітірушілердің саны 20 есе өсті (1946 жылы 1,4 мың, 1970 жылы-27,5 мың маман дайындалды), орта білім беретін арнайы оқу орындарында 4,3 есе ұлғайды (1946 жылы - 4,8 мың, 1970 - 20,5 мың маман дайындалды) [103].

Осындай жетістіктеріне қарамастан 50-жылдардағы жоғары оқу орындары мен техникумдар шағын немесе орташа ғана болып қала берді. Біреуі енді қалыптасу үстінде болса, екіншілері қайта қалпына келтіруден немесе қоныс аударудан кейінгі жай-күйді бастан кешіріп жатты.

1945-1946 оқу жылында, айталық, әрбір жоғары оқу орнына шамамен 627 студент, техникумға немесе орта білім беретін оқу орнына 325 оқушыдан келді. Арада жиырма жыл өткен соң бұл көрсеткіш өсіп, тиісінше 3710 және 1017 адамды құрады. Қазақстан институттары мен техникумдарының ергежейлі жағдайын басқа одақтас республикалардағы оқу орындарымен салыстырғанда нақты көруге болады: 40 жылдары Грузияның әрбір жоғары оқу орнында орта есеппен 1,5 мың студент, Украинада 900 студенттен болды [104]. Бір сөзбен айтқанда, 60-жылдарға дейінгі Қазақстанда маман кадрлардың даярлануы елдің индустриалды-өнеркәсіптік және аграрлық ілгерілеуінің қарқынына сәйкес емес еді. Сондықтан да инженерлерді, агрономдарды, зоотехниктерді, мұғалімдерді, мәдени-ағарту мамандарын және интеллигенцияның басқа тобын қысқа мерзімді курстарда, бір-екі-үш жылдық мектептерде даярлауға тура келді.

1946 жылы мәдени-ағарту саласының 782 қызметкері Алматыда, Ақмолада, Қызылордада, Шымкентте, Петропавлда, Семейде ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстарды бітірді. 1950-1955 жылдар аралығында бір жылдық ауыл шаруашылық мектептерін бітірген 8000-ға жуық адамның көпшілігі ауыл шаруашылығы өндірісінің орта буынды басшылық қызметтеріне жіберілді. Қазақстан жігіттері мен қыздарының үлкен тобы басқа одақтас республикалардың жоғары оқу орындары мен техникумдарына жолдама алды.

1947 жылы 173 қазақ басқа республикалардың жоғары оқу орындарына қабылданды. 60-шы жылдардың басында 9,4 мың Қазақстан жастары 11 одақтас республикалардың жоғары оқу орындарында оқып жатқан еді [105]. Қазақстанның кадрлық әлеуеті Ресейден, Украинадан, Өзбекстаннан және басқа республикалардан жолдамамен келген жас мамандар есебінен де беки түсті. Тек 1954 және 1955 жылдары республикамызға 7,3 мың жас маман келді. Олардың ішінде 1997 агроном, 1197 зоотехник, 1113 мал дәрігері, 1687 инженерлік-техникалық саладағы мамандар болды [106].

70- жылдар басына қарай Қазақстанның жоғары және орта білім беретін арнайы оқу орындары білікті маман даярлау шеберханасына айналып, республиканың қажетін негізінен қамтамасыз ететін биікке көтерілді. Енді жаңа оқу орындарын ашудан гөрі, жұмыс істеп тұрған жоғары мектептердің өз негізінде дамуы мәселесі бірінші кезекке шықты. Әсіресе, мамандықтар номенклатурасын кеңейтуге баса назар аударылды. Мысалы, 50-ші жылдары республиканың оқу орындарында энергетика, металлургия, электрондық техника, электронды приборлық жабдық және автоматика, азық-түлік өнімдері технологиясы, тауарларды пайдалану технологиясы, көлік, гидрология және метеорология мамандықтары бойынша кадрлар өте аз немесе мүлде дайындалмайтын еді. Педагогикалық институттарда мұғалімдерді тек 9, ал ауылшаруашылық институттарында мамандарды 13 мамандық бойынша дайындайтын. 80 жылдардың аяғында республиканың педагогикалық институттары 19 мамандық бойынша кадр дайындады [107].

Ауыл шаруашылығы оқу орындарында гидромелиоративтік жұмыстарды механизациялау, ауыл шаруашылығы өндірісін автоматизациялау, агрохимия, ауыл елді мекендерінің архитектурасы мен сұлбесі сияқты бірқатар жаңа мамандықтар пайда болды. Жалпы, жоғары мектеп құрылымында өнеркәсіп және құрылыс, ауылшаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру, денешынықтыру және спорт мамандарын даярлайтын оқу орындары басым болды. 1989/90 оқу жылында 55 жоғары және 244 орта арнайы білім беретін оқу орындарында 200 мамандық бойынша 541 мың студент оқыды [108].

Қазақстанның жоғары мектептері республикада орын алған экономикалық қиыншылық, идеологиялық өктемдік, партия органдарының зорлық-зомбылығы сияқты келеңсіз жағдайларды басынан кешірді. Соғыстан кейінгі жылдары институттар мен техникумдардың оқу-материалдық базасы баяу жаңартылып, ескірген механизмдері, құрал-жабдықтары, техникасы моралдық және физикалық жағынан тозды, оқу құралдарымен нашар жабдықталды. Жатақханада орынмен қамтамасыз етілмеген студенттер мен оқушылар жеке пәтерлер жалдауға мәжбүр болды. Мысалы, 1957 жылы жоғары оқу орындарының студенттері мен техникум оқушыларының $\frac{2}{3}$ бөлігі пәтер жалдап тұрды. Қазақ ауылшаруашылық институтында бір студентке оқу корпусындағы орын көлемі 3,8 шаршы метр болса, жатақханада 1,9 шаршы метрден келді. Сабақ 3 ауысыммен жүргізілді [109]. Жағдай жақсарды деген 80 жылдардың ортасында да жатақханаға зәру республика студенттерінің $\frac{3}{4}$ бөлігі ғана орынмен қамтамасыз етілді. Әрбір жоғары оқу орнында орташа есеппен 40 шақты есептеу техникасы болса, есептеу кешені мен электронды есептеу

машиналар жүйесінің бір орнына 312 студенттен, денсаулық сақтау жоғары оқу орындарында одан да көп 7543 студенттен келді [110].

Оқу бағдарламалары мен оқу құралдарының мазмұны студенттердің өзіндік творчестволық ойлау қабілетін дұрыс қалыптастырудан алыс еді. Оларда ғылым, техника және технология саласындағы ашылған соңғы жаңалықтармен таныстырып, оқыту міндеті шешіле бермеді. Мысалы, 80 жылдары ауылшаруашылығы институттарында болашақ инженер-механиктер “машиналар тетіктері”, “материалдар қарсылығы”, “трактор паркін пайдалану негіздері” сияқты басты курстарды ескірген бағдарламалармен әрі ғылыми-техникалық прогрестің сұранымы есепке алынбай оқытылды [111]. Теориялық және практикалық дайындық сапасы төмен болуын студенттер де сынға алды.

Қазақ политехникалық институтының машина жасау факультетін бітірушілердің бірі 1985 жылы факультеттегі оқу және ғылыми процестердің жағдайын сынап былай деп жазды: “Біздің дипломдық жобаларымыз - қызықсыз, жылда қайталанатын ешкімге қажетсіз мөрлер, біздің лабораториялық жұмыстарымыз тым қарабайыр, оқуға және болашақ мамандыққа бүкіл қызығушылықты жояды” [112]. Студенттік корпусты жасақтауда әлеуметтік әділеттік принциптерін бұзу кездесіп жатты. Кейбір институттар мен техникумдарда сынақ-емтихан сессиясы кезінде пара алушылық сияқты келеңсіз жағдайлар етек жайды.

Ғылыми-педагогикалық кадрларды қалыптастыруда да бірқатар қиыншылықтар туындады. 40-шы жылдардың аяғында республика жоғары оқу орындарындағы 1,9 мың оқытушының 70-інде докторлық ғылыми дәреже, 300-інде кандидаттық ғылыми дәреже болды [113].

Кейбір облыстық жоғары оқу орындарында ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылар мейлінше аз еді. Тіпті негізгі ғылыми күш шоғырланған Алматы қаласының өзінде профессорлық және доценттік қызметтердің бір бөлігі бос қала берді. Ғылыми атақтары және дәрежелері бар педагогтардың саны кейінде де баяу өсті. 80-ші жылдың ортасында Қазақстан жоғары оқу орындарында олардың саны бүкіл ғылыми-педагогикалық интеллигенцияның жартысын да құрамады, ғылым докторлары мен профессорлардың үлесі 2%-дан артпады. Республиканың алты жоғары оқу орнында ғылым докторлары мүлдем болған жоқ [114].

Жоғары және орта арнайы оқу орындары дамуының жетістіктері мен кемшіліктері ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы хронологиясы мен мазмұнын анықтады.

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы сияқты, 40-50 жылдары Қазақстан институттары мен техникумдары ұлттық интеллигенцияның даму өзегіне айнала алмады. Өйткені оқу орындарындағы студенттер құрамында басқа ұлт өкілдері басым болды. Соғыс, аштық, 30-шы жылдың басындағы демографиялық апат, мектеп біліміндегі қиындықтар қазақ жастарының жоғары оқу орындарында оқуына кері әсерін тигізді. Жоғары оқу орындары мен техникумдардың халық шаруашылығына аттандырған түлектері ішінде маман қазақтар саны мардымсыз болды. Мысалы, 1931-1937 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-де жоғары білімді 509 педагог дайындалса, олардың

ішінде 209 ғана қазақ болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы мал дәрігерлік институтын 413 адам бітірген екен, олардың 23-і қазақ ұлтының өкілі болып шықты. Толық емес мәліметтер бойынша, 1931-1945 жылдар аралығында Қазақстанның жоғары оқу орындары 11 мыңға жуық мамандар дайындапты, оның 16% (1,7 мың) қазақ болғаны біраз жайды аңғартады [115].

Соғыстан кейінгі жылдары бұл жағдайдың өзгергені шамалы. 1946 жылы жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттеріне тиген үлес мынадай: ҚазАШИ-де - 26%, Алматы мал дәрігерлік институтында - 9%, педагогикалық және мұғалімдер институттарында - 39%, педучилищелерде - 46%, Алматы медицина институтында - 8%, орта медициналық оқу мекемелерінде - 6%. 60-шы жылдардың бірінші жартысында республика жоғары оқу орындары студенттерінің құрамындағы қазақтардың үлес салмағы 40,7%-дан 37%-ға, орта арнайы оқу орындары оқушыларының арасында 27,8%-дан 22,4%-ға түсіп кетті [116].

Студент қазақтардың саны қанша болса, оқу бітіріп шыққан мамандар қатарындағы үлесі сондай еді. Атап айтсақ, 1945-1957 жылдар аралығында республика жоғары оқу орындары 43,5 мың маман дайындаса, оның 16,5 мыңы (37,8%) қазақтар болатын. Ауылшаруашылығы саласы бойынша 15 техникум 40 жыл ішінде (1920-1960 жж.) 25 мың маман дайындаса, оның $\frac{1}{3}$ -і ғана қазақтар еді. Кеңес үкіметінің алғашқы 40 жылында республикада техника мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындары халық шаруашылығына 1000 қазақ инженерін де бермеген екен. Ал медицина, білім беру институттарында бұл көрсеткіш тіпті төмен болды. Мысалы, Қазақ медициналық институты 1931-1956 жылдар аралығында 401 дәрігер дайындаса, оның ішінде қазақтар 10%-дан аз еді [117].

Қазақ жастарын жоғары оқу орындары мен техникумдарға көптеп тартуға бөгет болған негізгі себептер - материалдық-тұрмыстық қиыншылық (жатақханада орынмен қамтамасыз етілмеу, стипендия қорының аздығы, азық-түлік мәселелері), институттарға, техникумдарға қабылдау емтихандары мен оқу-тәрбие жұмыстарының орыс тілінде жүргізілуі, профессор-оқытушылар құрамының орыс тілді болуына келіп тірелді. 50-ші жылдардың аяғына дейін қазақ мектептерін бітірген талапкерлер Қаз АШИ, медициналық институтқа түсу үшін орыс тілінде орыс әдебиетінен диктант немесе мазмұндама жазуға тиіс болды. Әрине, олардың көбі орыс тілін жете білмегендіктен “қанағаттанарлық емес” баға алып “құлап” қалатын. Жаратылыстану-техникалық институттар мен техникумдарда сабақ тек орыс тілінде жүргізілді. 1951-1952 оқу жылында педагогикалық және мұғалімдік институттардың профессор-оқытушылар құрамындағы қазақтар саны небәрі 31% құраса, ал 50-ші жылдардың аяғында тіпті азайып – 21% ғана болды.

Қаз АШИ-де 80 ғылыми-педагогикалық кадрдың тек 19-ы қазақтар, ал Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институтында қазақ оқытушылары мүлдем болған жоқ [118]. Бұл да ұлттық интеллигенцияның өсуіне кедергісін тигізді. Республиканың сыртқы саясаты Мәскеудің қолында қалғандықтан ұлттық интеллигенция өкілдерін Еуропа және Американың алдыңғы қатардағы оқу-ғылыми орталықтарында дайындау туралы сөз де

болуы мүмкін емес еді. 20-шы жылдардың басында-ақ бұл мәселені комсомол жетекшілері С.Садуақасов, Е.Алдонғаров, Ә.Байділдин көтерген болатын. Ресей мен Германия арасында Рапаль келісіміне қол қойылғаннан кейін қалыптасқан халықаралық жағдайды талдау негізінде олар 1922 жылы 19 тамызда Қазақ ОАК мен Халық ағарту комиссариатына хат жолдап, қазақ жастарын Германияның техникалық оқу орындарына жыл сайын жіберіп тұру туралы ұсыныс жасаған еді. Халық ағарту комиссариаты бұл ұсынысты қабылдады. Алайда РК(б)П облыстық комитеті ұлттық интеллигенцияның келешегі мол мұндай жолмен дайындалуына қарсы шықты [119].

Осы себептермен ұлттық интеллигенцияның экономикалық және әлеуметтік-саяси күш ретінде қалыптасуы ұзақ жылдарға созылды. КОКП көсемдері 30-шы жылдардың аяғында социализмнің жеңісін, ал 50-ші жылдардың аяғында социализмнің толық және түпкілікті жеңісін зор пафоспен жариялағанда да Қазақстан халық шаруашылығында саны жағынан көбі әрі тұрақтысы басқа ұлт өкілдерінен шыққан мамандар болды. Олар жоғары білім деңгейімен ерекшелене отырып, ой еңбегімен айналысатындардың басты-басты топтарын құрды. Мысалы, 1959 жылы республика халық шаруашылығындағы 309,3 мың жоғары және орта арнайы білімі бар мамандардың 58,2 мыңы ғана (18,5%) қазақтар еді [120]. Олардың өзі негізінен орта білім беру жүйесінде және партиялық-мемлекеттік басқару орындарында жұмыс істеді. Осы жылдары дипломды инженер-техник интеллигенция қатарында қазақ мамандары – 7,8%, ауылшаруашылығы интеллигенциясы құрамында – 28,4%, педагогика және мәдениет саласындағы интеллигенция құрамында – 32,4%, медицина интеллигенциясы құрамында – 8,2%-ды ғана құрады. Халық шаруашылығындағы жоғары және орта арнайы білімі бар қазақ әйелдері 18,9 мың адам еді [121].

Сонымен, Қазақстанда интеллигенцияның қалыптасуы негізінен үш жолмен: 1. Республиканың жоғары және орта арнайы оқу орындарында мамандар даярлау;
2. Одақтас республикалардан мамандардың Қазақстанға келуі;
3. Лайықты деген жұмысшылар мен шаруаларды мамандардың немесе басшылық қызмет орнына көтермелеу арқылы жүрді. Ал қазақ интеллигенциясының қалыптасу үрдісі 60-70 жылдар тоғысында аяқталды. Бұл кезеңде олар қазақ халқының және ой еңбегімен айналысатындардың құрамындағы тұлғалы қауымды құрай отырып, барлық салада лайықты жұмыс істеді.

1970 жылғы санақ мәліметі бойынша, әрбір төртінші қазақ интеллигенция функциясын атқарды (1959 ж.- әрбір алтыншы, 1939 ж.- әрбір он үшінші). Бұл одақтас республикалар бойынша жоғарғы көрсеткіштердің бірі еді. Бұрын қазақ интеллигенциясының негізгі бөлігі практик болатын, яғни кәсіби білімі болмаса да маман қызметін атқаратын. 70-ші жылдардың басында ұлттық интеллигенцияның жартысынан көбінде кәсіби білім болды. Ұлттық инженерлік-техникалық интеллигенцияның (40,6 мың), жоспарлау және есеп қызметкерлерінің (55,7мың), медицина интеллигенциясының (23 мың) үлкен топтары түзілді. Халық шаруашылығында жұмыс істейтін жоғары және орта

арнайы білімі бар қазақтар саны 173 мыңға жетті. Шамамен сонша қазақ жастары республиканың жоғары оқу орындары мен техникумдарын оқып жатты. 1970 жылы ой еңбегі саласында 323 мың қазақ жүрді [122].

Ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихының тамаша жетістіктері санатына кіреді. Кейінгі жиырма жылда ұлттық маман кадрлардың қатары өсіп, қанаты беки түсті. Біріншіден, мамандарды даярлайтын басты арна жүйесінде жергілікті халық өкілдері сандық басымдыққа ие болды; екіншіден, қазақтардың ғылыми-педагогикалық интеллигенцияның қатарына қосылуы өсті. Мысалы, он жыл ішінде (1970-1979 жж.) ғылыми қызметкерлер, оқытушылар және тәрбиешілер арасында қазақтардың үлес салмағы 2 есе өссе, 1989 жылы халық ағарту саласы мекемелерінде 166,5 мың жоғары және орта арнайы білімі бар қазақ жұмыс істеді, олар осы саладағы мамандардың 44%-ын құрады. Ғылым мен ғылыми қызмет көрсетуде қазақтардың үлесі 32% еді [123].

70-80 жылдары студент қазақ жастарының сан жағынан өсуі мен үлес салмағының арту тенденциясы сақталды. Бұған КОКП ОК қабылдаған “Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы” (1987 ж.) қаулысында айтылғандай қазақ ұлтшылдығы, протекционизм, жоғары оқу орны мен техникумдарға түсерде жергілікті ұлт жастарына жеңілдіктер беру емес, басқа объективті себептер негіз болды. Қазақстан студент жастарының ұлттық құрамы ең алдымен республикадағы әр этностың әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық өмірінің ерекшеліктерімен анықталды. Атап айтар болсақ, орыстарға, басқа этностарға қарағанда қазақ жастары жоғары білім алуды биік мұрат тұтты. Мұның сыртында қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының айырмашылығы теңеле бастағанын, талапкерлер қатарындағы орыс жастарының азайғанын естен шығармау керек. Осылайша, кеңестік тоталитаризм жағдайында интеллигенцияның қалыптасуына жарты ғасыр уақыт қажет болды.

Қазақ зиялылары мен мамандарының, білімі мен ғылымының 70-жылдар басына қарай әлеуметтік-кәсіби биік сатыға көтерілгенін ұлттық энциклопедияларды шығаруға кіріскенінен байқауға болады. Социализм дәуірінің соңғы 20 жылында бұл істі сәтімен алға бастыруда М.Қаратаев, М.Қозыбаев, Р.Нұрғалиев зор ұйымдастырушылық қабілет пен табандылық танытты. Сол тұста С.Ақатаев, М.Әуезов, С.Қасқабасов, М.Мағауин, А.Сейдімбеков, Е.Тұрсынов сынды талантты ғалымдардың жаңа толқыны дәстүрлі қазақ мәдениетінің тарихи-әдеби негіздері мен алғышарттары ежелгі дәуірлерге барып тірелетінін дәйектеу арқылы ұлт зиялыларының қатарына тегеурінді де тың күштердің келгенін айғақтады.

Бірақ кеңестік тоталитаризм интеллигенцияның табиғаты мен мәнін дұрыс бағалай алмады. Шыңғыс Айтматов дөп басып айтқандай, ол “партияның қолбаласы” мәртебесімен қала берді. Егер 20-30 жылдары саяси қуғын-сүргін Қазақстандағы мыңдаған ой еңбегі адамдарының өмірін алып кетсе, соғыстан кейінгі жарты ғасырдан аса уақыт бойына ұлт зиялыларының басқан ізін анду,

көне әдеби мұраларды саяси-идеялық тұрғыдан жаратпай тастау, тәуелсіздік пен еркін ойдың нышанына айналған тарихи тұлғаларды күйелеу тоқтамады.

40-жылдардың екінші жартысында қазақ халқы ауыз әдебиетінің 100 томға жуық құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылып, оларды пайдалануға тиым салынды. 1950 жылдары кітапхананың кітап қорларынан және кітап сатылатын мекемелерден белгілі тарихшы Е.Бекмахановтың, филолог Е.Исмаиловтың, М.Әуезовтың, С.Мұқановтың, Ә.Тәжібаевтың, А.Жұбановтың, М.Хакімжанованың туындылары алынып тасталды. Кеңестік жүйе құлағанша осылай жалғаса берді. Сөйтіп байырғы этносты тарихи тамырынан айыруға негіз қаланды.

Интеллигенцияға қарсы идеологиялық террор ізсіз кетпеді. Ол тұлғалардың тағдырын сындырып қана қойған жоқ, барша адамдардың санасы мен өмір салтына, республиканың рухани және интеллектуалды әлеуетіне орны толмас нұқсан келтірді. Алайда қазақ зиялылары туған халқының ақылшысы, тәрбиешісі, көшбасшысы тұғырынан түскен жоқ, Халқы да оларды төбесіне көтеріп сыйлады.

Сонымен, Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары ғасырға жуық кезең Қазақстан мәдениетінің тарихында айрықша орын алады. Ұлтымыздың біртуар тұлғалары тоталитаризмнің қыспағына қасқая қарсы тұра жүріп, әлеуметтің өркениеттің қазынасынабаға жетпес үлесқосып, қазақстандық рухани құндылықтардың сындарлы жүйесі түзілді. Оларға тоталитаризмнен көшкен ауыр кесел 1991 жылдың желтоқсанында желге ұшып, өміршең қасиеттері мен табыстары бүгінде тәуелсіздігіміздің тұғырына кірпіш болып қаланды.

2.4. МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Адам баласы жануарлар дүниесінен бөлініп шыққаннан бері әлденеше миллион жыл өтіпті. Бір кездері тамағын, жанына қажетін табиғаттан дайын күйінде алып күн көрген жұмыр басты пенде келе-келе отты, садақты, найзаны, үй жануарларын басқа да игіліктерді пайдалануды үйренді. Тілі қалыптасты, мемлекеттерін құрды. Солардың ұрпақтары бүгінде жер бетінің құпиясын тауысуға айналып, Айға, Марсқа, Шолпанға адам жіберуді, ракета қондыруды шырқ айналдырғаны таң қалдыра бермейтін болды. Әлі де талай ілгерілеулер алда тосып тұр. Адамзат баласының әлеуметтік прогресс жолымен алға басу себебін ашуға талап қылған ойшылдарда шек жоқ. Оны құдаймен, тәңірімен, өндіріс тәсілімен, нәсілдік ерекшелікпен, табиғи-географиялық ортамен, тағы басқа факторлармен байланыстырғандың атын атап, түсін түстемей-ақ, бірден өз ойымызды айтар болсақ, яғни ең маңыздысын ауызға алсақ, «мәдениет» деген ұғым-түсінікке тірелеміз.

Мәдениет дегеніміз адамдардың ақылымен және қолымен жасаған материалдық-рухани құндылықтардың жиынтығы ғана емес, бірінші кезекте әрбір адамның, барша адамзат қауымдастығының есеюі, жетілуі, кемелденуі, бойындағы жасампаздық әлеуеттің, таным қабілетінің ашылуы, нақты жаңалықтар, нәтижелер түрінде жүзеге асуы, өмірге енуі. Мәселен, осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өнертапқыш Форд автомобиль дегенді жасайтынын айтқанда, жұрт оны есінен ауысқан жан ретінде мүсіркеген екен.

Бүгінде жер бетінде адамнан автомобиль саны басым болуы әбден мүмкін. Ал тап сол көлікті дүниеге әкелген күш адамның ақылы, зердесі, қабілеті, ізденісі, жинақтай айтсақ, мәдениеті деп пайымдаймыз.

Бұл орайда XX-ғасырдың алар орны ерекше. XX-ғасырға қандай ғана атау-ұғым телінбеді: ғылыми – техникалық революция заманы, атом ғасыры, космонавтика дәуірі, ақпараттар ғасыры... Әрине, әр анықтамада ақиқаттың дәні бар. Дегенмен күрделі де қарама-қайшылықтарға толы XX-ғасыр ақыл-ойдың, өркениеттің, мәдениеттің салтанат құрған белесі ретінде тарихқа кіреді. Шынында да ойлап көрейікші.

Ғасырдың бірінші жартысында күндей күркіреген екі дүниежүзілік соғыс өтті, жүз миллионға жуық адамның тағдырын қиды. Екінші жартысында атом қаруын иеленген державалар КСРО мен АҚШ қырғи-қабақ соғыспен өмір сүріп, жанталаса қарулану машақатымен ұлан-ғайыр байлықты желге ұшырды. Әлденеше рет адамзат баласының басын өлімге тікті. Құдай қолдағанда, сол бұйрық сыртқа шықпай, атом қаруы ауыздықталған күйде қала берді. Себеп неде деген сұраққа жауап іздегенде әскери-техникалық паритетті, держава басшыларының планета тағдырына жауапкершілікті сезінуін, өмірге құштарлықты, адамның өзін өзі сақтауға ұмтылатын иммунитетін естен шығармағанымыз жөн шығар. Бірақ, түптеп келгенде, тіршілікті сақтап қалған құдірет - адамның мәдениеті, оның ақыл-ойы, зердесі. Біздің ойымызша, Homo sapiens ұрпақтары табиғаттың құпиясын ашу барысында, қоршаған әлемнің тұңғиығына бойлаған сайын өзінің болмыс-бітімін ұқты, өзін өзі таныды әрі кемелдендіре түсті. Айта берсек, тіпті алғашқы адамдардың ішкі дүниесі, жанын сақтауға деген инстинкті, мәдениеті мен наным-сеніміндегі ілгерілеулері тастағы таңбаларда, суреттерде менмұндалап тұрған жоқ па. Адам баласының Альтамирден бүгінгі таңға дейін дүниені рухани тану, игеру, ұғыну жолындағы ұлы көші ара-тұра үзіле, доғарыла жүріп алға басқан біртұтас үрдіс. ұлы Абай айтқандай, «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» екенін тарих қапысыз дәлелдеді.

Мәдениеттің байлығы ұрпақтан ұрпаққа жалғасумен мәдени мұраға айналмақ. Мәдениет байлығын түзу қандай қиын болса, сақталуы, мұра ретінде қолданымға түсуі одан да қиын екен. Мәселен, байырғы түркілер қоғамында кең қолданыста болған руникалық жазу бүгінде түркі тектес халықтардың бірде біреуінде сақталып қалмағаны өз алдына, ол жазуды оқи алатын ғалымдардың саны саусақпен санарлықтай ғана. Бабаларының мәдени мұрасынан көз жазып қалған этностың тарих сахнасынан түсіп қалатыны немесе басқа этностың құрамына жұтылып кететіні күмән туғызбаса, этностың тарих тозаңына көміліп қалуымен оның мәдени мұрасына басқалардың әрісі жатырқай, берісі таңырқай қарайтыны айдай ақиқат.

Күні кеше ғана Елбасымыз Н.Назарбаев Күлтегін ескерткішінің Астанаға келуінде үлкен нысана, мән жатыр, мұнда үлкен тағдырлық жазу жатқан сияқты деп тебіренгені, тап сол тұста қандасымыз масанов сияқты мәңгірттер тырнақ астынан кір іздеп, байырғы түркілердің қазақтармен еш байланысы жоқтығын дәлелдеумен әуреленгені әлі есімдізде. Тағы бір мысал келтіре кетейік.

Қазақстан жерінде жоңғарларға қатысты жер-су аттары баршылық. Өзі жоқтың көзі жоқ деген емес пе. Бүгінде тап сол жер-су аттарын жоңғарлардың мәдени мұрасы ретінде екінің бірі қабылдай бермейтіні белгілі. Қазақтанып кетті. Мұндай айғақ-дәлелдерді әлем тарихынан жүздеп, мындап келтіруге болады.

Тарихи-мәдени мұраның тегі, түрі, қазынасы сан алуан. Бұған үздіксіз табылып жатқан археологиялық заттай ескерткіштерден бастап, күнде өзіміз бастан өткеріп жүрген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің рәсіміне дейін кіреді. Әйткенмен тарихи-мәдени мұраның ең маңыздысы әрі пәрмендісі ұлттың тілі, жері, адамдардың санасы мен ділінде темірқазықтай нық орныққан, сөйтіп туған халқына, Отанына адалдығын, құрбаншылдығын айқындайтын рухани құндылықтары мен ұстанымдары екені сөзсіз.

Тарихты жасайтын адамдар, ал адамдарды өзгертетін құдірет тарих деген қағида бар. Ендеше тарихи-мәдени мұралар да адам әрекетімен ғасырлар барысында дүниеге келгені өз алдына, тап осы мұралар адамның адам болып қалуына қызмет етті. Есте жоқ ескі заманнан жеткен мұраны бағалай білу, қастерлеу тектіліктің, кісіліктің, ізгіліктің көрінісі ғана емес, халықтың басқалардан айырмашылығын ұққаны, өзін өзі сыйлағаны. Мұнсыз бірде бір ескерткіш бүгінгі күнге жетпес еді. Қазақтың сайын даласында тіршілік отының жанғанына миллион жылға жуық уақыт өтіпті. Сан ұрпақ ауысты, әлденеше тайпалар мен мемлекеттер дәурен құрды.

Соңғы 20 жылдан бері біздегі тарихи-мәдени ескерткіштердің ұзына саны 25 мың дегеннен танбай келеміз. Ал сапа мәселесіне көшсек, тас дәуірінің тұрғындарынан тартып сақтарға дейінгі, сақтардан беріде қазақ этносы қалыптасқанға дейінгі уақыт кеңістігінде, қазақ хандығы құрылғаннан тартып соңғы VI ғасыр аясында туған жерімізде, топырағымызда бой көтерген тарихи-мәдени мұраға тән бірнеше мәнді белгілерді көрмеу мүмкін емес. Олардың ішінде ең алдымен атап өтуге лайықтысы – тарихи-мәдени үрдістегі жібі үзілмеген сабақтастық. Байырғы тұрғындардың шаруашылығына іргетас болып қаланған көшпелі өмір салты, отырықшылық, материалдық-заттай ескерткіштер, сақтар, үйсіндер, қаңлылар жайлы жазба деректердегі байлам-тұжырымдар, байырғы түркілер мен қыпшақтардан жеткен жазу – айғақтар ұлттық болмыс-бітімінен ажырамаған әрбір қазақ баласына таныс қана емес, оттай ыстық десек, қателесе қоймаспыз.

Бүгінде жер басып жүрген халықтар 6 мың тілде сөйлейді екен. Жойылып, жоғалып кеткен этностарды есептегенде, 6 мың халықтың тарихи-мәдени мұрасы бар деген сөз. Осыншама мол байлықтың арасында қазақтың төлтума рухани еншісі жұтылып кеткен жоқ және оны басқалардікімен шатастырып алу мүмкін емес. Сақтардың киіз үйі, байырғы түркілердің тәңірілік сенім-нанымы, қыпшақтардың сөз өнері қаймағы бұзылмастан жетіп отыр. Елінің, жерінің қамын жеп, күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған бабаларымыздың ірілігін осыдан-ақ көруге болады.

Тарихи-мәдени мұра мен оны дүниеге әкелген этнос медальдің екі бетіндей ажырағысыз бірлікте екенін осындайда мойындамасқа шараң жоқ. Ол ол ма, ғасырлар бойы сұрыпталған, идеялық-көркемдік тұрғыдан жетілген, шыңдалған тарихи-мәдени байлығынан әр түрлі себептермен қол үзіп кеткен

этнос жыртқыш аң тәрізді аса қауіпті күшке айналуы мүмкін. Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады.

Этностың төлтума мәдениеті мен мәдени мұрасын жаншу арқылы табиғи болмысын жат арнаға түсіріп жіберудің түпсіз тәжірибесін жинақтау бәрімізді жарқын болашаққа жеткізбек болған коммунистердің еншісіне тиді. Кешегі тоталитарлық кезеңде КСРО-дағы үздіксіз саяси қуғын-сүргінге СОКП-ның идеологиялық өктемдігі қосылып, тұтас халықтарды тарихи-мәдени тамырынан ажыратып жібергені, сөйтіп олардың салт-дәстүрін, түр-сипатын, тілін, ділін күлкіге, анекдотқа айналдырғаны, қазақтардың жартысына жуығын ана тілінен айырып, мәнгүрттендіргені шындық қой.

Осылардың негізінде социализм тұсында жүзеге асырылған индустриализациялау, ұжымдастыру, урбанизация, тың игеру сияқты экономикалық акциялар ғана жатқан жоқ. Мәселе – этностың рухани өмірінде. Социалистік мемлекеттердегі немістер, чехтар, румындар, кубалықтар жоғарыда аталған қайта құрулардың бәрін басынан кешірсе де, ұлттық болмысын жоғалтқан емес. Өйткені, бұлардың мәдени мұрасына зорлық-зомбылық жасалмады, жасала қалғанның өзінде біздегідей сорақылыққа, қылмысқа жол берілмеді. Басқаша айтқанда, мәдени мұрасынан қол үзген этнос сырт күштің пәрменімен ең үздік мәдениет байлықтарынан сусындаса да жөрегінен жеруге, жоғалуға, жат болуға бет түзейді екен.

Демографиялық апаттардың зардабын аз шекпеген қазақтар дәстүрлі өмір салтынан күшпен ажыратылса да, бірнеше ғасырға созылған отарлау мен тоталитаризм тозағынан аман қалып, тәуелсіздікке қол жеткізгенде қандай құдіретке, қандай себеп-салдарға арқа сүйеді екен деген сұраққа әрбір ғылым өз тұғырынан жауап беріп келеді. Түрлі ойтүйіндер бар. Осы орайда бірінші кезекте тағы да тарихи-мәдени мұраны қаперде ұстауымыз керек деп ұғамын. Ақын Қадыр Мырза Әлидің:

Нағыз қазақ - қазақ емес,

Нағыз қазақ - домбыра,

ақын Мұқағали Мақатаевтың:

Расулдай бола алман,

Жырым бөлек!

Өзімнің тілім керек, үнім керек,

Өзгені де өзіндей сүйген елім,

Өз ақынын табады түбінде кеп! –

деген жолдарында шүбәсіз шындық, философиялық терең толғам жатыр.

Тарихи-мәдени мұраның иесі де, киесі де нақты этнос болғанымен сол байлықтың ұрпақтан ұрпаққа көшуі үшін сан алуан алғышарттар қажеттігін өмір әлденеше дәлелдеді. Әсіресе екі алғышартты айрықша бөліп көрсеткен жөн. Бірі – тарихи-мәдени мұраға мекен этникалық етене жерінің, территориясының болуы, екіншісі – қамал-қорғандай ұлттық мемлекетінің өмір сүруі. Ойымыз түсінікті болуы үшін бірінші алғышарттың мән-жайын тарқата айтайық.

Қазақтың жат жұртта қалған тарихи-мәдени байлығы аз емес. Өзімізбен іргелес Ресейде, Қытайда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркіменстанда,

Монғолияда ұлыларымыздың сүйектері жатыр, бабаларымыздың қолымен тұрғызған сәулет өнерінің туындылары бар, қаншама қолжазбалар, этнографиялық, музейлік жәдігерлер қалды.

Ал екінші алғышартқа келсек, ұлттық мемлекет ұлттың мәдениеті мен мәдени мұрасына қамқорлықты шын мағынасындағы биік деңгейде жүзеге асыратыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Солай бола тұрғанмен бұл қамқорлықтың қадыр-қасиетін ұғыну, пәрменділігін еселеп аттыру мемлекет ұстанған ұлттық идея мен ұлттық идеологияның бар-жоғына тікелей байланысты. Ұлттық идея мемлекеттің алдында тұрған өзекті міндеттердің бүгінгі таңдағы ұғым-түсінігін нақты бейнелесе, ұлттық идеология көз жетер болашақтың көкжиектерін белгілейді. Бұларды шынайылық пен мүмкіншіліктің, тактика мен стратегияның, мақсат пен мүдденің үйлесімі ретінде қараған жөн.

Нағыз тарихи-мәдени мұра ықылым замандарда дүниеге келсе де, уақыт өткен сайын адамның танымы мен санасына әсер етуші құпия қырларын, сырларын там-тұмдап аша беретін қасиетке толы. Бір ғана Күлтегін ескерткішінен әр ғасыр ғалымдары бұрын беймәлім болып келген ақпараттық-деректік мағлұматтар табуда. Мұның негізінде әлеуметтік дамуды шапшаңдатып жіберген ғылым мен техниканың табыстары жатыр. Иә, адамзат қоғамының даму қарқыны үдеп барады. Айшылық алыс жерлерден ілезде хабар алдырған ғылым мен техника биік технологияларға ұласып, оны ерттеп міне алғандарды шырқау биіктерге алып кетті де, кешіккендер атын арытып, тонын сатып, жиған-тергенің, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, өнерлі халықтардың қолына беріп келеді.

Бәсекеге төтеп бере алғандар, дәулеттілер байыған үстіне байи түсуде, ұлы көшке кешігіп ілескендер өтпелі кезеңнің ауыртпашылығын арқалауда. Қолында мүмкіншілігі барлар ата-бабасынан қалған әрбір жәдігерді көздің қарашығындай сақтаса, енді ғана теңдікке жеткендер үкілі үмітін ертеңгі күннен күтуде. Дегенмен, технологиялық тайталаста кенже қалумен орныққан бүгінгі теңсіздік пен отарлаудың серігі кешегі әділетсіздіктің арасындағы айырмашылық жер мен көктей екенін түсінуіміз керек.

XX ғасырдың феномені Кеңестік тоталитарлық жүйе қазақ сияқты тәуелді халықтарды аштықпен, қуғын-сүргінмен күйретіп, жалған идеологиямен уландырып, ұлттық тамырларын суалтып, бір мемлекеттің шеңберіндегі өктем этностың өркениетіне мидай араластырып жіберу жолын ұстанса, XXI ғасырдың жаһандасу түріндегі өктемдігі өзіңнен арзанға сатып алған байлығыңды қымбатқа қайта сатып, ішкізе-жегізе отырып, рухани құндылықтарын тықпалай тұншықтыруы мүмкін екен.

Жаһандасуға мұрындық болып отырған мемлекеттер бұрынғыдай біреу емес, көп әрі енді ғана шаңырақ көтерген жас мемлекеттің тәуелсіздігіне ашық түрде қол сұқпайды, қайта оны құрметтейтінін, тіпті қорғауға даяр екенін жапанға жариялайды, өзіңмен тең құқылы ескі танысындай келіссөздер де жүргізеді. Бірақ абайламағанға түпкі нәтиже біреу – технологиялық, экономикалық, қаржылық кіріптарлығыңды пайдаланып, өзінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, моральдық, мәдени тағы басқа құндылықтарын

таңу, соларды өмір салтыңа, ділге, дүниетанымына сіңіру болмақ. Жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі дегендейін, жаһандасуға Қазақстан тосқауыл бола алмайды, жаһандасуды жақтырмайтындар Еуропада да жеткілікті. Құданың күдіретімен енді ғана азаттықтың қызығын көре бастағанда үмітінен күдігі мол жаһандасу Қазақстанның тағдырына дөп келіп тұр.

Бүгіннің өзінде экономикалық, банктік қаржылық, ақпараттық кірігуді тежеу мүмкін емес. Дегенмен жаһандасуды сылтауратып тарихи-мәдени мұраны сақтау және кәдеге жарату сынды аса жауапты істі кейінгі қатарға ысырып тастаудан, ұлттың табиғатын бұзатын үрдістерден аулақ жүрген ләзім. Кеше тап осы төлтума рухани байлық мәнгүрттенудің жолына кесе-көлденең тұрса, бүгін ол мемлекеттігімізді, ұлттық тұғырымызды нығайтуға ауадай қажет. Әлемдік үрдіске қытықсыз араласуды қалаған Қазақстанға сайда саны, құмда ізі жоқ көптің бірі болып жоғалып кетпеуі үшін рухани-мәдени болмысымызды, ділімізді, қазақы пішін-бітімімізді бүлдірмей, қолдан келсе мейлінше таза ұстаудан басқа жол жоқ. Өйткені таяу-алыс мемлекеттер қоян-қолтық жақындасып кеткен мына заманда ұлттан ұлттың, нәсілден нәсілдің, халықтан халықтың өзгешелігі, ерекшелігі, айырмашылығы тек мәдениет, руханият, тіл, діл салаларында қалып тұр. Бұл – бір.

Екіншіден, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті теңестіретін күдірет білім, ғылым, мәдениет, техника екеніне бүгінде ешкімнің дауы болмас. Осыдан 90 жыл бұрын жазылған Ахаңның мына сөздерінің даналығы қайран қалдырады: “Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер – білім, сол өнер – білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік”.

Отарлық және тоталитарлық жүйе тұсында Қазақстанның өнер-білім саласы Мәскеудің саясаты мен идеологиясына сай ауқымда ғана дамытылды. Олар қатаң бақылауда болғаны өз алдына үздіксіз қуғын – сүргіннің алапат төрт толқынын бастан кешті:

1. 1929-1931 жылдары алаш зиялылары түрмеге қамалды, сотталды, атылды;
2. 1937-1938 жылдары халық жауларын жою науқаны өтті;
3. 1946-1953 жылдары буржуазиялық ұлтшылдар, космополиттер жазаланды;
4. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін қазақ ұлтшылдығын тезге салу қолға алынды. Білім-өнердің, ақыл-ойдың иегері – зиялыларды құрту, қуғындау ұлттың сағын сындырғаны, мінезін өзгерткені рас, бірақ оның тәуелсіздікті аңсауын күшейтпесе, әлсірете алмады.

Тұтас халықтарды рухани жанша беру өзіне де қатерлі екенін жақсы түсінген тоталитарлық жүйе кейде шегініс те жасағансыды. 50 жылдардың екінші жартысында жеке басқа табынуды айыптаған сылтаумен, қайта құрудың соңғы жылдарында жариялылық және демократиялану желеуімен ұлт мәдениетіне, тіліне, тарихи мұрасына жартыкеш рақымшылық сыйлағансыды. Дегенмен бірнеше ғасырға созылған езгі із-түссіз кетпеді. Қазақ қоғамына дерт жабысты, береке басы - бірлікке жік түсті.

Тәуелсіздік қарсаңындағы қазақтар жат өркениеттің кемесіне аяқ артқан этнос тәрізді көрінеді. Бұлардың жартысына жуығы ішкенге мээ, жегенге тоқ, таусылмайтын қуанышқа кенелгендіктен ұлттық намыс пен болмыстан жұрдай болса, көпшілігі Күлтегін тілімен айтқанда, “елді халық едім, елім енді қайда, қағанды халық едім, қағаным қайда?” - деген сұраққа жанталаса жауап іздеді. Туасы бір екі қазақ бірін бірі “мәмбет”, “мәңгүрт” деп табалады. Бөтеннің кемесіне баршамыз жайғаспағандықтан “мәмбеттердің” біржолата “мәңгүрттеніп” кетпеуіне тежеуіш-тосқауыл, қамал-қорған міндетін қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан тілі, ділі, тарихи-мәдени мұрасы, жинақтап айтсақ - рухани әлемі атқарды.

Осы орайда орыстандыру саясатына кесе-көлденең тұрған тағы бір фактор – 1954-1962 жылдары Қытайдан оралған 300 мыңдай қазақтың Отан тарихындағы орны әлі толық ашылмай жатқанын айта кетуіміз керек. Ал әр затты өз атымен атайтын болсақ, күйзеліске, дағдарысқа ұшыраған, тығырыққа тірелген рухани әлемді күйреп түсуден аман сақтап қалғандар – ұлт зиялылары.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман – эпопеясымен дәстүрлі қазақ қоғамының інжу-маржанын, ғұлама ойшылын әлемге танытса, Қ.Сәтбаев Ғылым академиясына ұлттың маркасқаларын жиды, А.Машанов, Ә.Марғұландар дүниенің төрт бұрышынан әл-Фарабидің, Шоқанның мұраларын іздеп шарқ ұрды, ақын Жұбан Молдағалиев мың өліп, мың тірілгенімізді еске салумен болса, сазгер Шәмші Қалдаяқов “Менің Қазақстаным” сынды асқақтаған ән сыйлады, тау баласы Мұқағали Мақатаев байлығым - тілім менің деп саңқылдағанда, археолог К.Ақышев, антрополог О.Исмағұлов мәдени байлығымыздың бастауы 3-4 мың жылға созылып жатқанын жүрек пен санаға сіңіріп жатты. Мәскеуде дүниеге келген “Жас тұлпардың” дүбірі Нұрғисаның “Ата толғауымен”, Секеннің “Көңіл толқынымен” домбыраның қос шегінде жарасым тапса, Олжастың “Аз и Я” кітабы ер түріктер ұрпағының бойына намыс отын жақты. Абылай мен Кенесары есімдерін, Ахмет пен Әлихандай Алаш арыстарын халық зердесіне жабық қорлардан күбірлей шыққан дауыстар жеткізіп жатты. Келін түсіру, күйеу келтіру, шілдеhana, аруақтарға сиыну, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру кешегі мен бүгінді жалғастырған алтын көпірдей еді.

Осының бәрін ұлт зиялылары саяси-идеологиялық қасаң ортада жүзеге асыра алды. Сонысымен дәстүр және рухани әлем сабақтастығын үзбей, халықты тәрбиеледі. Халық та оларды төбесіне көтерді. Отарлаудың, тоталитаризмнің зорлық-зомбылығы қанша ауыр болса да, Күлтегін дана айтқандай, “игі, білгіш кісілерді, игі батыл кісілерді қозғалта алмады. Бір кісі жаңылса, рухы, халқы тұқымына дейін қалмас еді”.

Түптеп келгенде, қазақтың рухани әлемі тәуелсіздігіміздің қайнар бұлағы болып табылады. ұлт зиялыларының бірнеше буыны қалыптастырып, сәулелендірген Қазақстан әдебиеті мен өнері, ғылымы мен баспасөзі, фольклоры мен археологиясы бірде ашық, бірде бүркемелеп тарих ақиқатын таразылады, халқымыздың бағзы заманнан тартып қиянатқа қайыспай, қасқая қарсы тұрғанын, азаттықпен ғана өркеніміз өсетінін там-тұмдап санаға сіңіре

берді. Еңбектің еш кетпегенін 1979 жылғы Целиноград оқиғасы мен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі айдай әлемге жариялады.

1991 жылдың 16 желтоқсанында жарияланған мемлекеттік тәуелсіздік, оны нығайту жолындағы ізденістер рухани өмірге бұрын- соңды болмаған өзгерістер әкелді. Материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз етудегі ауыртпашылықтарға қарамастан Қазақстан мәдениеті, бірінші кезекте, әрине, қазақ мәдениеті екі үлкен міндетті шешуге біршама іс қылып тұр. Біріншісі – жат өркениеттің елдікті, ұлттық реңкті әлсірететін санадағы, әлеуметтік практикадағы іздерін, салқынын, қиянатын тезірек құрту, екіншісі-тәуелсіз, азат Қазақстанның бойын тіктеп, қалыптасуына, әлемдік өркениетке өзіндік келбет-кейпімен кірігуіне пәрменді үлес қосушы адам факторын ширату. Өмір алға тартқан міндеттерді шешу үшін, бір қарағанда, жаңа жол, жаңа қайнар бұлақ, жаңа әлеует іздеу керек сияқты еді. Іс жүзінде рухани өмірдегі үрдістер алғашқыда мүлде басқаша өрбіді. Қазақстан мәдениеті өзінің күш-қуатын бүгінгі немесе ертеңгі құндылықтарды іздеуден гөрі бұрынғының мұраларын танып-білумен үстемеледі.

Алаш зиялыларының шығармашылық және ғылыми мұралары кітап сөрелеріне шығарылды, дін және діни мәдениет төңірегіндегі теріс насихат келмеске кетті, ұлттық салт-дәстүрлер жаңғырды, тарихтағы ақтаңдақтар зерделенді, батыр бабалар аруағы еске алынды. Жоғалған, көмескі тартқан немесе дүниенің төрт бұрышына шашылып кеткен көненің көзі – тарихи-мәдени мұраларды іздеу күн тәртібіне қойылды.

Ең бастысы – мұның бәрі ескінің кейпіне түсу үшін емес, өзімізді өзіміз тану үшін, тарих тағылымынан оң қорытынды шығару үшін, мәдениеттегі сабақтастық пен әділеттілікті қалпына келтіру үшін қажет еді. Олжасыз да емеспіз. Алтай мен Атыраудан Алтын адамның сыңарлары табылды, Күлтегін ескерткіші мен Қожа Ахмет Ясауидің Хикметтері әрбір қазақстандыққа танымал болды, Бейбарыс сұлтан, Абылай мен Кенесары хандар биік тұғырларына қайта қонды.

Мәдениетке таптық, партиялық көзқарастан арылды. Рухани жаңғыру қазақтарға ғана емес, еліміздегі барлық ұлттар мен этностарға тән сипатта жүрді. Ұлттық-мәдени орталықтардың құрылуы, Қазақстан халықтары ассамблеясының биік мәртебеге ие болуы осының айғағы. Қазақстанда орныққан ұлтаралық келісім мен ынтымақтың үлкен бір парасы осында жатыр. Демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет құру үшін әлемдік рухани үрдістерден тыс тұруға болмайтынын дер шағында ұғынған қазақ қоғамы халықаралық мәдени интеграцияға батыл қадамдар жасауға да іле-шала кірісті. Бұл орайда 1994 жылы Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық одақ идеясының орны бөлек.

Тәуелсіздік жылдарындағы рухани жаңғыру, тіліміздің, діліміздің, дініміздің қайта түлеуі әлемдік мәдени үрдістерге қайшы келмейтіні былай тұрсын, оған әсем реңк бере түсті. Таяу-алыс шетелдіктер ЮНЕСКО шешіміне ұйып, Абай, Махамбет, Мұхтар, Қаныш, Марғұланды жаңа қырынан таныды. Еуропа мен Американың атақтары жер жарған сахналарына, ғылыми зертханаларына, жоғары оқу орындарына қазақ зиялылары жасқанбай кіріп,

лайықты орын тепті. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі әлемдік асылдар тізіміне енді. Әлемдік өркениеттің табыстарын біз де аз алып жатқан жоқпыз.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен бүкіл мектептеріміздің компьютерленгені осының көрінісі. Скрипкашы Айман Мұсаходжаеваның Әлем артисі атанғанына қалай қуанбайсың. Мәдениет қажетіне тартылған шетелдік инвестициялар да аз емес. Қысқасы, тәуелсіздігімізге бастау бола алған рухани әлеміміз оған тіреу де бола алатынын көрсетті. Бұл – рухани әлемнің архитекторлары қазақ зиялысы кеше де, бүгін де уақыт үдесінен шықты деген сөз.

Жаһандасу жеке адамның ойлап тапқан жаңалығы емес. Ол – объективті әлемдік құбылыс. Азаттық аясында енді ғана қанаттанып, қуатын жия бастаған ұлттық мәдениетіміз жаһандасудан жасқанбауы керек, жасқансақ- ұтыламыз, қайта қолдан келгенше табанында жаншылмайтын механизмдер тауып, пәрменді әрекетке кіріскен жөн. Бүгін уақытымыз бар, ертең кеш болып жүрмесін. Қазақ зиялысының тағы бір сыналатын сәті туды.

Еуразия құрлығының сайын даласына ұлы рухпен қабаттаса, жағаласа келген жаһандасудың жалына қол іліктіру баршамызға міндет болса, желдей гулетіп алға түсіп кеткендерді әлеуметтік топтардың бәрінен бұрын қуып жету - ұлт зиялыларының парызы. Тарихтың көші бір сәтке де тоқтамастан бірде шөлмен, бірде көлмен тартқан керуендей екен. Шөл далада мехнат шеккендер де, көл жағалай салқын самалмен ілгері жылжығандар да қызыққа, өмірге тоймай, алдағы күннен тек жақсылық күтетінін адамзат тағылымы үздіксіз айғақтап келеді. Осы үміт дүниесімен тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман-сау қалған халықтар саны екеу болса, біреуі - қазақтар.

XVIII ғасырдағы ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада, XX ғасырдағы кіші қазан төңкерісінде үштің екісінен айрылып қансырағанда тарих сахнасынан түсіп қалмай, қайта феникс құсындай ғайыптан тіріле берген қазақ этносы XXI ғасыр қарсаңында азаттық таңын қарсы алып, бары мен жоғын, асылы мен жасығын таразылауда. Қазір қоғамтанушылар туған еліміздің тәуелсіздігіне қайнарбұлақ болған бастаулар мен оны нығайтуға қызмет ететін механизмдерді анықтау үстінде.

Ендеше, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасымен азаттықтың 13-жылында дүниеге келген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының арқалап тұрған жүгі, жауапкершілігі, мақсат-міндеттері ғасырлар бойы қордаланып қалған қарызды өтеумен пара-пар.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аяқ астынан пайда бола қалған бастама емес. Біз бұған жаңа мемлекеттігімізді орнықтырумен, әлемдік қауымдастықтағы орнымызды анықтаумен, арыстарымызды түпкілікті ақтаумен, ұлттық тарихымызға жаңаша үңілумен, мәдениетті қолдау жылын жариялаумен, дүниенің төрт бұрышында жүріп жатқан рухани үрдістерді зерделеумен келдік. Есею барысында біраз ұғым-түсініктеріміздің үстірттігін байқадық. Мәселен, социализм жылдарындағы жеңілістерімізді, қасіретті, іркілістерімізді тоталитаризммен, әкімшіл-әміршіл жүйемен, СОКП-ның идеологиясымен және саясатымен, адам құқығының аяқ-асты етілуімен байланыстырып келдік.

Ғасырға жуық созылған большевиктік биліктің мәдениет пен мәдени мұра саласындағы зорлық-зомбылыққа толы саясаты және практикасы түп тамырымен жұлынып тасталмағандықтан, сарқынды қаржыландыру түрінде қайталанғандықтан бумерант принципімен кері оралып, рухани өмірде талғамсыздықтың, имансыздықтың, ұлтсыздықтың бой көтеруімен бізді оңдырмай жазалады. «Аманатқа қиянат-қылмыстың ең ауыры» деп дана халқымыз бекер өсиет қалдырмаған екен. Адамды адам еткен, ұлтты ұлт еткен мәдениет және мәдени мұра әділетсіздікке ұрынғанда өзінің жасампаз әлеуетін лақтырып тастап, бүлдіруші күшке айналатыны басымызға келді. Оларға имандылықпен, ізгілікпен, адалдықпен қарау керек көрінеді. Мәдениет пен мәдени мұраның авторы да, тұтынушысы да адам екені осындайда тағы дәлелдене түседі.

Түйіндеп айтқанда, қоғамның ілгерілеуі немесе кері кетуі оның мәдениетімен және мәдени мұраға көзқарасымен тікелей байланысты. Сондықтан 2004 жылғы 13 қаңтарда Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қоюын Қазақстан тарихындағы жұлдызды сәттердің бірі ретінде ұғынғанымыз жөн. Сәтін салса, 3 жылдың ішінде тарих пен мәдениеттің 30-дан астам маңызды ескерткіштері қайта жаңғыртылады, 32 ежелгі және орта ғасырлық археологиялық кенттер мен қоныстарды ғылыми зерттеу, тұмшалау, абаттандыру, мұражайға айналдыру және туристік мақсатта пайдалану жөнінде жұмыстар жүргізіледі.

Республикалық ұлттық кітапхана жанында ұлттық кітап жәдігерлерін табу және сатып алу, кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына келтіру орталығы, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты жанында қазіргі заманғы жабдықтармен жарақталған Мұрағат құжаттарының сақтандыру көшірмесін жасау және қалпына келтіру орталығы, Президенттік мәдени орталық базасында ұлттық тарихы үшін айрықша мәні бар Мұражай қорын түзу мен қалпына келтіру орталығы құрылады. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының «фольклортану, әдебиеттану және өнертану», «философия», «тарих ғылымы», «саясаттану», «тіл білімі» сияқты 16 бағыт бойынша бірнеше жүз томды құрайтын кітаптары шығарылады.

Бағдарлама өзіміздің және өзгелердің мәдени мұрасын бұрмалаусыз, саясаттандырмай, идеологияландырмай оң бағалауға әрі игеруге берік негіз қаламақ. Сонысымен ел ішіндегі тұрақтылық пен келісімді нығайта түсуге қызмет ететіні күдік туғызбайды. Оның игі нәтижесі мен жасампаз ықпалын бүгінгі және болашақ ұрпақтар молынан көруі керек. Сонда мәдениет пен мәдени мұра алдындағы, яғни бабалар алдындағы парыз өтелгені, Қазақстанның бейбіт те ырғақты дамуына кірпіш қаланғаны ақиқатқа айналады.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазіргі жастарымыз келешекте қоғамның саяси, экономикалық және ғылыми элитасының негізін қалыптастыратынын ұмытпауымыз керек. Олар әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістер процесінде басты қызметті атқаратын болады. Қазақстандық қоғамның дамуы жастардың тұлға ретінде қай бағытты таңдайтынына, білім

жүйесінің оларға қандай әлеуметтену түрін ұсынатынына, жастардың азаматтық санасында қазақстандық мәдениеттің, тарихтың, менталитеттің қандай құндылықтары нығаятынына байланысты. Бұрынғы мәдени мұраларды сақтау, мәдени ескерткіштерді сақтау туралы қамқорлық, дәстүрлерді сақтау тәжірибесін беруді мемлекет пен ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолдауы қазақстандық отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Адамзаттың саналы өмірге аяқ басқаннан бергі дәуірдегі қай кезеңде болмасын, қай қоғамда болмасын оқыту мен тәрбие ісінің адамзат дамуындағы ең көкейтесті мәселе болып келе жатқандығы баршаға аян. Әр қоғамның, әр кезеңнің өзіндік идеологиялық ұстамына сәйкес оқыту, тәрбие жұмысының да ерекшеліктері мен даму кезеңдері болатыны сөзсіз.

Қоғамдық өмірдің түрлі салаларындағы осындай ерекшеліктерге көз салып, талдап, өзіндік сипаттарын ашып жетістіктері мен кемшіліктерін салмақтап, оң нәтижелерін келешек кәдесіне жаратуға ұсынып отыру – тарих ғылымының мәртебелі міндеті болып саналады.

XX ғасырдың басында Қазақстан халқының басым бөлігінің ликбез арқылы оқыту шешуші қадам болды. Сонымен қатар, даладағы жаппай сауатсыздық туралы сөздер негізсіз болды. Ә.Бөкейханов, жақындағы сауатсыз далада жоғары мұсылман мектептерін Самарқандта, Бұқарада, Қазанда және басқа да мұсылмандық орталықтарда бітіргендер кездесетінін атап айтқан болатын. Сондай-ақ Қазақстанда, халықтық білім беруді қайта құрумен байланысты кеңестік оқу орындарының кең желісі құрылды.

Кеңестік тәртіптің жетістіктерінің бірі – халықтық білім беру жүйесінің дамуы мен жаппай сауаттандыруды іске асыру. 1918 жылы «Бірыңғай еңбек мектебі туралы декларация» және «Бірыңғай еңбек мектептері туралы Ереже» қабылданды, оларда кеңестік білім беру жүйесінің негізгі принциптері айтылды – тегін білім беру, ер және қыз балаларды бірге оқыту, оқытудан діни ілімдерді, ондағы жазалау түрлерін, мектептік өзін-өзі басқаруды алып тастау еді. Медресе, мектептерді және орыс-қазақ мектептерін кеңестік мектептері етіп қайта құру бойынша белсенді жұмыс жүргізіле басталды.

20-30-шы жылдардағы білім беру жүйесінің маңызды құрамдарының бірі жаппай халықтың арасында сауатсыздықты жою болды. Соғыс жылдары жоғары білім беруді дамыту жалғасын тапты, ЖОО саны 20-ға дейін, техникумдардың саны 16-ға көбейді. Соғыстан кейінгі жылдары К.Телжанов, М.Кенбаев,

Қазақ орта мектебінің білім мазмұны – жеткіншектің әржақты дамуына даңғыл жол ашатын, оны дүниежүзілік прогрестің жетістіктерімен қоса өз халқының ғасырлар бойы тұнып тұрған рухани мөлдір бұлағына сусындатып, адамзат мәдениетінің биігіне жетелейтін сан-салалы, әрі терең мағыналы болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қол артқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жетістік пен мемлекеттілікті баянды етпекке, әрі келешектегі ел тұтқасы жастардың санасын дамыту үшін тек материалдық игілікті ғана мансұқ

ету жеткіліксіз. Олардың бойына ата-баба дәстүрі мен ел-халқының тарихын қастерлеуге, ал ең бастысы, Отансүйгіштікті нығайту үшін ұлтының рухани-мәдени құндылықтарын сіңіру қажет.

Бүгінде мұндай тоқтамға, яғни өз тамырымен өткеніне, ана тіліне, ата дініне, діліне әлемнің біраз мемлекеті бет бұра бастады. Оның жолын әркім өзінше танып, өзінше бағамдауда. Солардың қатарында әлемдік қауымдастықтың назарына ілігіп, бірқатар беделді халықаралық ұйымдарға мүше болып үлгерген Қазақстан орта мерзімді мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы талпынуда.

Жаратылысында - шығыстық, бітімінде-азиялық болғанымен, қазақ халқы, шын мәнінде, осы екі құбылыстан да оқшаулау, табиғаттың бір бөлшегіндей, даланың төл перзенті. Соның бір дәлеліндей ұлттың рухани байлығы мен тарихын танытуды қолға алған «Мәдени мұраның» түзілісі – бөлек, мақсаты- ерек, аясы -ауқымды.

Мәдениеттанушылар мен ғалымдар бұл бағдарламаны еліміздің кешегісі мен келешегін хаттап, әншейін тізбелеп қоя салар кезекті шара емес, ғаламдық маңызы зор, демек, қазақ мәдениетінің әлемдік мәдениетте таласы бар екендігін танытатын құбылыс болатындығы туралы салмақты пікір айтып қалып жүр. Оқымыстылар мен зиялылардың пікірінше, мәдениеттің, ғылымның, философияның, әдебиеттің ең үздік үлгілерінің қазақ тілінде жарық көруімен халқымыздың бай мұрасымен жетістіктерін орыс және Қазақстанда өмір сүретін жекелеген этникалық ұлт өкілдерінің тілдеріне аудару-ұлтымыздың рухани мұрасын солар арқылы бірте-бірте әлем жұртшылығына таныту болып табылады.

Бұл міндет тек мамандардың ғана емес, бүкіл еліміздің алдына тұңғыш рет қойылды. Әрбір мемлекеттің өркениеттілігін оның мәдени мұраға деген көзқарасына қарай танып-бағамдауға болады. Демек, Қазақстанның мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатына екі түрлі міндет жүктеледі: бірі – өзіндік этникалық мәдениетті дамыту мен қолдауға бағытталған шаралар кешенін нығайту, екінші жағы-төл мәдениетті оңтайлы өрістетіп отырып, жалпы адамзат мәдениетіне ену үшін тиімді жағдай жасау.

Кеңестің отаршылдық бұғауынан кейін қолға алынған осынау маңызды жоба Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы ықпалдастық байланыстарды дамытуға және елдің ішкі-сыртқы саяси міндеттерімен ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік Мұра конвенциясын іске асыруға бағытталған. Біздің елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру әлемде жаһандану мен батысқа еліктеу процестерінің қарқын алған кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл кез – қиын да, шытырман уақыт.

Себебі, өткен ғасырда жаһандану процесінде мәдениеттер біржақты қалыпқа түсіп, батыс үлгісі жалпыға ортақ болады деген түсінік сіңірілген болатын. Алайда, бүгінгі күні батыс мәдениетін игерудің қарама-қайшы жақтары жер-жерде ұрпақ тәрбиесі мен ұлт мәдениетінің дамуына теріс әсер ете бастады. Сондықтан, шығыс жұрты, түркі жұрты, Азия елінің мәдениеттанушылары және кейбір тұлғалары батыс өркениетінің теріс нышандарына барынша қарсы.

Осы орайда әсіресе оңшылдардың да зияны аз емес. Дүние жүзіндегі қазіргі қарбалас кезеңінде қандай да бір ұлт «өз қазанында өзі пісіп», өз мәдениетімен ғана шектелуі жаһандану иірімінің басқа бір ұйығына тартылып кетуіне, демек, өзгелерде оқшаулануы оның әлемдік құбылыстан сырт қалуына соқтырады. Бүгінгі таңда Қазақстанда тарих, археология, сәулет және монумент өнерінің 25 мыңнан астам ескерткіштері, 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 7 тарихи-мәдени мұражай- қорық, 215 мемлекеттік мұрағатының бар екендігі белгілі болды.

Қазақ халқының ғасырдан ғасыр асырған құнды ескерткіштері мен тарихи мұрағаттары тек қазақ ұлтының ғана емес, әлем мәдениетіне үлес қосушы жәдігерліктер деп тану керек. Соның дәлеліндей қазақ халқының іргелі тарихи ескерткіштері халықаралық деңгейде танылып келеді. Отырар, Арыстанбаб, тағы басқа кешендер ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мәдениет тізіміне енгізілген. Бұл олардың Қазақстан мен Орталық Азия аймағы үшін ғана емес, бүкіл әлем қауымдастығы үшін маңызы зор мәдени-тарихи нысан екендігінің бірден-бір айғағы.

ҚР Ұлттық кітапхана «Әлем жады» атты халықаралық тізбесінде Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың бес бірегей қолжазбасы ұсынылды. Оған қоса, ЮНЕСКО арқылы қазақтың «Қыз Жібек» эпосының адамзаттың құнды мәдени мұраларының Үшінші Прокламациясына енгізу туралы досье-номинация дайындалып жіберілді.

Өз елінің мәдени мұрасына ұқыпты қараумен басқа мәдениеттің құнды элементтерін қабылдау-адамзат өркениеті дамуының сара жолы. Адамзат жадында ортағасырлық мұсылман мәдениетінің жетістіктері ерекше сақталды. Сол кезде әл-Фарабидің өшпес трактаттарын жазып, Ибн Синаның медицинаға арналған 12 томдық еңбегін тәмамдағандығы, ал Қожа Ахмет Ясауидің руханияты шырқау биікке көтергендігі аян.

Сонымен қатар, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бес томдық «Қазақ музыкасының антологиясының» жарық көруі – халқымыздың көпғасырлық асыл қазынасын бүкіл дүниежүзіне паш етудің сара жолы болды. Бұрын-соңды ешбір теңдесі болмаған бұл антология- күрделі һәм, көпсатылы жұмыс. Ол халқымыздың жиырма ғасырлық рухани мұрасының панорамасы болып, алғашқы түпнұсқа нота жазбаларымен жазылған.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі.

1. Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане. Летопись событий. 27 февраля 1917 года - 30 июня 1918 года. Алма-Ата. 1967. 225 стр. «Заря свободы» (Верный). 1918. 2 июня.
2. Культурное строительство в Туркестанской АССР (1917-1924гг). Сб. документов и материалов. Т.1. Ташкент, 1973. 141 стр.
3. ҚР ОМА 846-қор, I-тізбе. 12-іс. 35-36 п. 81-қор. I-тізбе. 89-іс. 33 п.
4. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.). Сб. документов и материалов). Т. 1. Алма-Ата, 1965. 108, 112 стр.
5. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.). Т. 1. 108-б. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959г. Казахская ССР. М., 1962. 59 стр.
6. Ленинскому комсомолу Казахстана 50 лет. А., 1972. 41 стр. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сборник. М., 1971. 22 стр.
7. Социалистическое строительство Казахской ССР. Алма-Ата, 1936. 280-281 стр.
8. ҚР ОМА. 81-қор. I-тізбе. 1294-іс. 10-п.
9. Культурное строительство в Казахстане (1933-июнь 1941гг.). Сб. документов и материалов. Алма-Ата, 1985. Т.2. 99 стр.
10. Сембаев Ә. І. Қазақ совет мектебінің тарихы. Алматы, 1967., 256-б
11. ҚР ОМА. 1481-қор. 13-2 қосымша тізбе. 3-іс. 2-п. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.). Т.1. 253 стр.
12. Сембаев Ә.І. Көрсетілген еңбек. 72-75-б. Жаппай сауатсыздықтан оқу-білім шыңына. А., 1968. 76-б.
13. Культурное строительство в Казахстане (1918 - 1932гг.). Т.1. 267 стр.
14. Советская степь. 1931. 18 декабря. Культурное строительство в Казахстане (1933 - июнь 1941гг.). Т.2. 130, 137 стр.
15. Казахстан за 40 лет. Стат. сборник. Алма-Ата, 1960. 460 стр.
16. Народное хозяйство Казахстана. Стат. сборник. Алма-Ата, 1968. 351-355 стр., Казахстан за 40 лет. Стат. сборник. 474, 483 стр.
17. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.). Т.1. 351 стр.
18. Қостанай облысының мемлекеттік архиві. 99-қор. I-тізбе. 35-іс. 539 п. ҚР ОМА. 921-қор. I-тізбе. 6-іс. 32 п.
19. Народное хозяйство Казахстана. Стат. сборник. 358 стр.
20. Вехи консолидации. Сб. документов. А., 1990. 111, 148 стр.
21. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.). Т.1. 386 стр. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925гг.). Сб. документов и материалов. А., 1962. 540, 556 стр.
22. Культурное строительство в Казахстане (1933 - июнь 1941гг.). Т.2. 220, 260 стр.
23. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925гг.). 511 стр.
24. ҚР ОМА. 1252 қор, I-тізбе. 47-іс, 50-52-п.
25. Культурное строительство в Казахстане (1933-июнь 1941 гг.). Т.2. 178 стр.

26. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. А., 1967. 84 стр.
27. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А. 1964. 193-195 стр.
28. Народное хозяйство Казахстана за 60 лет. Стат.сборник. А.,1980. 236 стр.
29. Большевик Казахстана. 1946. №3. 73 стр. Казахстан за 40 лет. Стат. сборник.
30. Казахстанская правда. 1941. 28 декабря.
31. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925гг.). 499-500 стр.
32. ҚР ОМА. 81-қор, I-тізбе. 320-іс, 69-п.
33. Чокин Ш. Ч. Путь национальной академии наук. А., 1996. 7-б. ҚР ОМА. 30- қор, 2-тізбе. 281-іс, 3-п.
- 34.ҚР ОМА. 81-қор, I-тізбе. 87-іс, 14-п. Затаевич А.В. Исследования, воспоминания,документы и письма. А., 1958. 273-274 стр.
35. Маргулан А.Х. Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана. А., 1984. 15 стр.
36. Советская степь. 1926. 23 сентября
37. Организация советской науки в 1926-1932гг. Сборник. документов. Л., 1974. 169-170 стр.
38. Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. А., 1989. 17 стр.
39. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сборник. М.,1971.243, 249 стр.
40. Чокин Ш. Ч. Путь национальной академии наук. 10-11 стр.
41. Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. 89 стр.
42. Левшин Б.В. Советская наука в годы Великой Отечественной войны.М., 1983. 50-51стр.
43. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Көрсетілген еңбек. 290 стр.
44. В.И.Ленин о литературе и искусстве. М., 1969. 365 стр.
45. ҚР ОМА. 81-қор. 1 тізбе. 89-іс. 34.п., 154-қор. 1-тізбе, 8-іс. 61-п
46. Сонда. 1398-қор. 1-тізбе. 216-іс. 66-п. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932гг.). Т. 1. 33 стр.
47. ҚР ОМА. 30-қор. 1 тізбе. 375-іс. 127-б
48. Қостанай облысының мемлекеттік архиві. 72-қор. I-тізбе. 124-іс. 65 п.
49. Жүсіпбек Аймауытов. Шығармалары. А., 1989. 5-б
50. Сәкентануда зерттеушілер ортасы әлі ортақ пікірге келе қойған жоқ.
51. Жолдасбеков М. Ел тағдыры - ер тағдыры. А., 1997. 378-б.
52. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932гг.). Т.1 468-471 стр.
53. Сонда. 473-б.
54. Культурное строительство в Казахстане (1933-июнь 1941гг.). Т.2, 241 стр.
55. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932гг.). Т.1 481, 493 стр.
56. Гизатов Б. Академик Ахмет Жубанов. А., 1972. 20-40 стр.
57. Культурное строительство в Казахстане (1933-июнь 1941гг.). Т. 2,241 стр.
58. Сонда.т.2. 242-б. Культурное строительство в Казахстане (1918-1932гг.). Т. 1, 479 стр.

59. ҚР ПА. 708-қор. 3-тізбе. 59-іс. 38п.
60. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Көрсетілген еңбек. 263-264 бб.
61. ҚР ОМА. 1137-қор. 12-тізбе. 500-іс. 174-178 п.
62. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг. Сб. документов и материалов. Т.2, А., 1967. 127 стр.
63. ҚР ОМА. 1876-қор. 1-тізбе. 219-іс. 80 п. 13-іс. 77, 78 п.
64. ҚР ОМА. 698-қор. 8-тізбе. 831-іс. 62 п. 1479 қор. 5-тізбе. 228-іс. 6,7п.
65. ҚР ОМА. 708-қор. 26-тізбе. 1789-іс. 1, 2, 40,45 п.
66. ҚР ОМА. 1876-қор. 1-тізбе. 13-іс. 77-81 п.; Коммунистическая партия в борьбе за освоение целинных и залежных земель (Сб. документов и материалов). А., 1958. 453-454 б. Народное хозяйство Казахстана в 1971 г. Стат. сб. А., 1972. 277 стр.
67. Культурное строительство СССР. Стат. сб. М., 1956. 117, 119 стр.
68. Жаппай сауатсыздықтан оқу-білім шыңына. А., 1968. 64-б.
69. Народное хозяйство Казахстана в 1980 г. Стат. ежегодник. А., 1981. 256, 257 стр.
70. Народное хозяйство Казахстана в 1983 г. Стат. ежегодник. А., 1984. 225, 228-б.
71. Народное хозяйство Казахстана в 1985 г. Стат. ежегодник. А., 1986. 187-188, 256 стр.
72. Казахстан в цифрах. Крат. стат. сб. А., 1990. 62 стр.
73. Коммунистическая партия Казахстана в условиях развитого социализм. А., 1983. 140- 141 стр.
74. Народное хозяйство Казахстана в 1980г. Стат. ежегодник. 230- 231стр.
75. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сб. М., 1971. 304стр.
76. ҚР ПА. 708-қор. 31-тізбе. 125-іс. 36, 41 п.; 1507-іс. 52 п; 35-тізбе, 1299-іс. 12, 16, 57 п.
77. ҚР ОМА. 1890-қор. 3-тізбе. 1766-іс. 15 п.
78. Народное хозяйство Казахстана. Стат. сборник. А., 1968. 384, 185 стр.
79. ҚР ОМА. 708-қор. 36-тізбе. 202-іс. 317-320, 354 п.
80. ҚР ОМА. 1890-қор. 3-тізбе. 1159-іс. 65-72 п.
81. Культурно-спортивные комплексы в действии. А., 1986. 125-129 стр., Казахстанская правда. 1983. 14 июня.
82. Национальная академия наук Республики Казахстан. Энциклопедический справочник. А., 1996. 329, 358 стр.
83. Казахстанская правда. 1946. 4 июня.
84. Сатпаев К. И. Избранные статьи о науке и культуре. А.,1989.183, 197, 201 стр.
85. Сонда. 187 б.
86. Сонда. 432-436 б.
87. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сборник. 243, 249 стр.
88. Национальная академия наук Республики Казахстан. Энциклопедический справочник.

89. Сонда.
90. Сонда.
91. Чокин Ш.Ч. Путь национальной академи наук. 32 стр.
92. Академик Манаш Қозыбаев. А., 2001. 20 стр.
93. XVI съезд Коммунистической партии Казахстана. Стеногр. отчет. А., 1986. 264 стр.
94. Есептелді: Национальная академия наук Республики Казахстан. Энциклопедический справочник.
95. Коммунистическая партия Казахстана в условиях развитого социализма. А., 1983. 143 стр.
96. Народное хозяйство Казахстана за 60 лет. Стат. сборник. А., 1980. 232, 233 стр.
97. Букетов Е. Көкейкесті. Сокровенное. А., 2000. 48 стр.
98. Хакім. Михаил Иванович. Мәке А., 2001. 29 стр.
99. Қонаев Д. Өтті дәурен осылай. А., 1996. 86-б.
100. Егемен Қазақстан. 2004. 25 ақпан.
101. Әбубәкіров С. Қазақстан инженерлік-техникалық интеллигенциясы. А., 1989. 54-б.
102. Казахстан за 40 лет. Стат. сборник. А., 1960. 462 стр.
103. Народное хозяйство Казахской ССР. Юбил. стат. ежегодник. А., 1987. 285-286 стр. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сборник. М., 1971. 157 стр. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. А., 1967. 307-308 стр. Жаманбаев К.Ж. Высшая школа в Казахстане. А., 1972. 96 стр.
104. Сонда.
105. Народное образование, наука и культура в СССР. Стат. сборник. 157 стр.
106. Абжанов Х. Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. А., 1988. 52 стр.
107. Великий подвиг партии и народа – освоение целинных и залежных земель. Сб. документов и материалов. М., 1979. 227, 229 стр.
108. ҚР ОМА. 1481-қор. 13-қосымша тізбе. 75-іс. 20 п. 13-2 тізбе. 36-іс. 3, 9 п.
109. XVI съезд Коммунистической партии Казахстана. Стеногр. отчет. А., 1986. 59 стр.
110. ҚР ОМА. 1481-қор. 13-2 тізбе. 30-іс. 33 п.
111. Абжанов Х. Көрсетілген еңбек. 93-б.
112. Сонда. 77-б.
113. Сонда.
114. ҚР ОМА. 698-қор. 8-тізбе. 831-іс. 219, 222, 223 п. 1137-қор. 13-тізбе. 555-іс. 3а п. Мечтова И.И. Социально-экономические проблемы перестройки высшего образования. А. 1990. 169 стр.
115. ҚР ОМА. 1481-қор. 13-тізбе. 19-б. 11-п.
116. ҚР ПА. 708-қор. 10-тізбе. 1418-іс. 3-п. 1423-іс. 8, 17-п. 1479-іс. 2-п. 11-тізбе. 1684-іс. 103-п. 1880-іс. 29-п. ҚР ОМА. 698-қор. 8-тізбе. 831-іс. 71-п. 1137 қор. 13-тізбе. 555-іс. 3а п.

117. ҚР ПА. 708 қор. 31-тізбе. 126-іс. 9-п. ҚР ПА. 708-қор. 30-тізбе. 1510-іс. 3-п. Культура Советского Казахстана. Сб. статей. А., 1957. 39-б.
118. ҚР ОМА. 1692-қор. 1-тізбе. 2321-іс. 7-п. 2915-іс. 62-п. ҚР ПА. 708-қор. 10-тізбе. 1418-іс. 19-п. 1427-іс. 51, 71п. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты. 1222-қор. 2-тізбе. 2-іс. 262-п.
119. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. А., 2003. 251-253-б.
120. Казахстан за 40 лет. Стат. сборник. 304 стр.
121. Сонда. 305-б.
122. О некоторых показателях демографического и социального развития казахского населения республики по областям и г.Алма-Ате по данным Всесоюзных переписей населения 1970 и 1979гг. А., 1987. 120 стр. Народное хозяйство Казахстана в 1977г. Стат. ежегодник. А., 1978. 141 стр.
123. Есептелді: О некоторых показателях. . .123 стр. Итого Всесоюзной переписи населения 1979г. Т. IX. Ч. 1. М. 1990. 67 стр. Народное образование и наука в Казахской ССР. А., 1990. 21, 22 стр.

Тест тапсырмалары

1. Республикадағы кәсіптік білім беру және ұлттық зиялыларды қалыптастыру үшін қандай алғышарттар қажет еді ?

- A) Орта білім беруді дамыту
- B) Қазақ қыздарын білімге тарту
- C) Сауатсыздықты жоюды аяқтау
- D) Бастауыш білім беруді енгізу
- E) Барлығы дұрыс

2. 1924-1925 жж. Қазақ АКСР-де ағарту ісіне бөлінген қаржы ?

- A) 10 сом
- B) 30 сом
- C) 68,9 тиын
- D) 53,2 тиын
- E) 45,4 тиын

3. «Қазақ АКСР-де бірыңғай еңбек мектептерінің заңы» қашан қабылданды ?

- A) 1923 ж. тамыз
- B) 1924 ж. сәуір
- C) 1925 ж. қыркүйек
- D) 1926 ж. тамыз
- E) 1928 ж. маусым

4. Қос тілділік және ана тілін оқыту әдістемесінің авторы кім ?

- A) Ж.Аймауытов
- B) А.Байтұрсынов
- C) Ә.Бөкейханов
- D) Қ.Сәтбаев
- E) С.Сейфуллин

5. 30-шы жылдарда сталиндік репрессияның құрбаны кімдер болды?

- A) Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, А.Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Қ.Жұбанов, Н.Самойлович
- B) Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, Е. Бекмаханов, Қ. Рысқұлбеков
- C) Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, Е. Бекмаханов, Б.Момышұлы
- D) Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, Е. Бекмаханов, Ғ.Ахметов
- E) С.Асфендияров, Е. Бекмаханов, Қ. Рысқұлбеков, Т.Тоқтаров

6.1925 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының белсенді араласуымен шығарылған А.В.Затаевичтың қандай кітабы халықаралық деңгейде марапатталды ?

- A) «Қазақ халқының 1000 әні» кітабы
- B) «Көшпенділер» тарихи трилогия
- C) «Алтын Орда» кітабы
- D) «Қазақтың қилы тарихы» кітабы
- E) «Аламан» кітабы

7. Қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар қай қалада басып шығарылды?

- A) Ленинград

- В) Семей
- С) Қазан
- Д) Мәскеу
- Е) Ташкент

8. 1940 жылы Қазақстанда қанша ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істеді ?

- А) 15 ғылыми-зерттеу институты
- В) 12 ғылыми-зерттеу институты
- С) 17 ғылыми-зерттеу институты
- Д) 6 ғылыми-зерттеу институты
- Е) 2 ғылыми-зерттеу институты

9. Латын жазуынан кирилицаға көшу қашан жүзеге асырылды.

- А) 1928
- В) 1924
- С) 1930
- Д) 1939
- Е) 1940

10. 1935-1936 оқу жылында қанша қазақ баласы толық орта мектепті аяқтады.

- А) 11
- В) 13
- С) 12
- Д) 15
- Е) 17

11. Қашан қазақ жазуы араб графикасынан латын әліппесіне ауысты?

- А) 1929 ж.;
- В) 1931 ж.;
- С) 1933 ж.;
- Д) 1939 ж.;
- Е) 1940 ж.

12. 1935 жылы жарық көрген «Қазақтың көне заманнан бергі тарихы» еңбегінің авторы кім?

- А) Е.Бекмаханов;
- В) М.Әуезов;
- С) М.Тынышпаев;
- Д) С.Аспендияров;
- Е) Т.Рысқұлов.

13. Ауылдық жерлердегі білім беру саласының төмендегенін неден көруге болады.

- А) Мектептің техникалық базасы төмендеді
- В) асханалар мен дәмханалар жетіспеді
- С) Туудың кемуіне байланысты оқушылар саны азайды
- Д) Кәсіптік бағдар беретін оқу орындары және есептеу техникалары кабинеттерін жабдықтау деңгейі нашар болды.
- Е) Берілген жауаптардың барлығы дұрыс

14. «Тіл туралы заң» қашан қабылданды?

- A) 1985 ж. 22 қыркүйек;
- B) 1987 ж. 22 қыркүйек;
- C) 1989 ж. 22 қыркүйек;
- D) 1990 ж. 22 қыркүйек;
- E) 1991 ж. 22 қыркүйек.

15 Қазақ халқының ұлы ұлдары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев қай жылы ақталды?

- A) 1988 ж.;
- B) 1989 ж.;
- C) 1990 ж.;
- D) 1991 ж.;
- E) 1993 ж.

16. Президенттің Жарлығы бойынша 2000 жыл қандай жыл деп жарияланды?

- «Ұлтаралық келісім және саяси репрессия құрбандарын еске алу» жылы;
- «Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих» жылы;
- «Мәдениет, бейбітшілік, қайырымдылық» жылы;
- «Бірлік пен ұрпақтар сабақтастығының» жылы;
- «Экономикалық реформалар» жылы.

17. Қазақстан республикасында білім беру жүйесінде реформалау қашан басталды?

- A) 1991 ж.;
- B) 1992 ж.;
- C) 1995 ж.;
- D) 1998 ж.;
- E) 2005 ж.;

18. Қазақстанда кириллица қашан енгізілді?

- A) 1929 ж.;
- B) 1935 ж.;
- C) 1940 ж.;
- D) 1946 ж.;
- E) 1949 ж.

19. Қазақ ССР Ғылым Академиясының алғашқы Президенті кім болды?

- A) Қ.Қазыбаев;
- B) О.Сүлейменов;
- C) С.Сәдуақасов;
- D) Қ.Сәтпаев;
- E) Е.Бекмаханов.

20. Қаз.ССР Ғылым Академиясы қай жылы ашылды?

- A) 1939 ж.;
- B) 1940 ж.;
- C) 1946 ж.;
- D) 1949 ж.;
- E) 1950 ж.

21. «Аз и Я» кітабын кім жазды?

- A) І.Есенберлин;
- B) О.Сүлейменов;
- C) Е.Бекмаханов;
- D) Н.Кухаменов;
- E) К.Қадырбеков.

22. «Тіл туралы заң» қашан қабылданды?

- A) 1985 ж. 22 қыркүйек;
- B) 1987 ж. 22 қыркүйек;
- C) 1989 ж. 22 қыркүйек;
- D) 1990 ж. 22 қыркүйек;
- E) 1991 ж. 22 қыркүйек.

23. Қазақстанда Бірыңғай Ұлттық Тестілеу жүйесі қашан енгізілді?

- A) 1997 ж;
- B) 1999 ж;
- C) 2000 ж;
- D) 2002 ж;
- E) 2004 ж;

24. Білімнің беделін айқындаушы

- A) материалдық сыйдың деңгейі;
- B) қоғамның білім маңыздылығын мойындауы;
- C) моральдық қанағаттандыру деңгейі;
- D) білімнің материалдық жағынан қамтамасыз етілуі;
- E) білімнің жалпылығы, тегіндігі;

25. Алғашқы университеттер қашан пайда болды?

- A) орта ғасырларда
- B) алғашқы қауымдық құрылыста
- C) қайта өркендеу кезеңінде
- D) жаңа заманда
- E) қазіргі заманда

Мазмұны

Кіріспе.....	3
I тарау. Кеңестік Қазақстан мәдениетінің қалыптасуы (1917-1945 жж.)	
1.1. Халық ағарту мәселелерін шешу.....	5
1.2. Мәдени-көпшілік жұмыстары.....	13
1.3. Ғылым.....	19
1.4. Көркем мәдениет.....	25
II тарау. Социалистік Қазақстан мәдениеті: ілгерілеу мен іркіліс (1946-1991 жж.)	
2.1. Мектеп ісі және мәдениет-ағарту жүйесі.....	32
2.2. Ғылым. Әдебиет пен өнер.....	39
2.3. Маман дайындау және ұлттық интеллигенцияның өсуі.....	47
2.4. Мәдени мұра және тәуелсіздік.....	54
Қорытынды	64
Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі.....	67
Тест тапсырмалары.....	72

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 79 бет 6,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.